

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 373.3.015.3

Қолжазба құқығында

ИСКАКОВА ЛЯЙЛА МАРАТОВНА

**Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің
зияткерлігін дамыту**

6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
пед.ғыл.док., проф.
Амирова А.С.

Шет елдік кеңесші
PhD докт., доц.
Мустафа Кале
(Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 СЫНИ ОЙЛАУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	15
1.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселесінің психологиялық – педагогикалық еңбектерде қарастырылуы	15
1.2 «Зияткерлік», «сыни ойлау» ұғымдарының құрылымы мен мазмұны	28
1.3 Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың қазіргі жайы	50
2 СЫНИ ОЙЛАУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ ӘДІСНАМАСЫ	61
2.1 Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ерекшеліктері	61
2.2 Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың әдіснамалық негіздері	79
2.3 Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі	94
3 СЫНИ ОЙЛАУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР	107
3.1 Зерттеу мәселесі бойынша анықтаушы эксперимент диагностикасы	107
3.2 Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың әдістемесі	118
3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперимент нәтижелері	150
ҚОРЫТЫНДЫ	163
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	166
ҚОСЫМШАЛАР	174

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Жарлығы

ҚР МЖМБС 5.04.019-2011 «Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер», - Астана, 2011. -176.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

ҚР МЖМБС 31-10-2018 «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2018

Қазақстан Республикасы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» [Мәтін]//Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар. – 1-3 б.

Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы. 10 қаңтар, 2018 ж.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауы. 05 қазан, 2018 ж.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасының «Атамекен» Басқарма төрағасының «Кәсіби стандартты бекіту туралы» 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығы.

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Ақыл – адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін аса маңызды қасиет.

Зият, парасат (зияткерлік; лат. Intellectus – ақыл, парасат, ес) – индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің біршама орнықты құрылымы

Зият – тұлғаның жеке даму үдерісінде қалыптасатын және өнімді ойлаудан құралатын ақыл-ой іс-әрекетінің нәтижесі, интегралды өнім; ойлау операцияларын қолдана алу қабілеттілігі; ақпаратты адекватты түрде қабылдау, түсіну, қайта жаңғырту және қолдана алу;

Зият – гуманистік бағдарланған рухани-өнегелілік білімдер жүйесі, ойлау, танымдық және шығармашылық қабілеттер түрінде көрінеді, адамды жетілдіретін мораль нормалар, шындық пен жалпы және кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі жағдайында қалыптасады; бұл адамның ойлауы мен танымдық қабілеттерінің жаңа сапасы.

Зияткерлік – адам миының қызметі, ақылының қолданылуы кезінде, танымдық-логикалық үдерісте, қоршаған ортада тіршілік ету барысында жиналған білім-тәжірибені пайдалануда, іске асыруда көрініс табатын ұғым-белгі.

Зияткерлік – бұл адамның барлық танымдық әрекеттері, тар мағынада – араласу, ой алмасу және адамдардың өзара түсініктігі құралы ретінде тілмен тығыз байланысқан ойлау үдерісі.

Мағынаны тану – жаңа сабақты бекіту үдерісі.

Мотив – адамның түрлі дәрежедегі саналы және астарсанадағы қажеттіліктер жүйесінен туындайтын, белгілі әрекет-қылық актісін орындауға бағытталған итермелеуші күш

Ой толғаныс – жаңа мәліметтерді өздерінің бұрынғы білімдерімен салыстыра отырып өзгертуі.

Ойлау үдерісі – белгілі міндетті шешуге бағытталған ой әрекеттері мен амалдарының жүйесі.

Сын – адамның іс-әрекетін бағалау.

Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үдеріс.

Сыни ойлау – айналада болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға, ақпараттарға талдау жасай білуде, өзінше болжамдар құра алуда, шешімнің жаңа жолдарын жобалай білу.

Сын тұрғысынан ойлау – ақпаратты қабылдаудан басталып шешім қабылдаумен аяқталатын ойлаудың күрделі үдерісі

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ҚР - Қазақстан Республикасы
ҚР МЖМБС - Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті
білім беру стандарты
ЖОО - жоғары оқу орны
БОПӘ - бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
ЭТ - эксперименттік топ
БТ - бақылау тобы
М - модельдеу
Ж - жоспарлау
ОӘК - оқу-әдістемелік кешен
СӨЖ - студенттің өзіндік жұмысы
ЖК - жалпы көрсеткіш
БИТ - білім алушылардың интеллектуалды тұлғасы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Еліміздің қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық жүйесі мен адами капиталының басты факторы білім болып табылады. Білімді дамытудың басым бағыттары жоғары білім беру саласында білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру сынды заманауи мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Еліміздің дамыған мемлекет ретінде қалыптасуында жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің маңызы аса зор.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту», - деп көрсетілген [1,б. 4]. Аталған мақсаттарды жүзеге асырудың көзі жоғары оқу орнында сыни ойлау негізінде болашақ мамандардың зияткерлігін дамыту болып табылады.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында; құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті. Сонымен қатар, білім алушыларға қойылатын талаптарда зияткерлікті айқындайтын зерттеудің нәтижелерін жинақтай білу қажеттігі, - көрсетілген [2,б. 4]. Біздің зерттеу тақырыбымыз бойынша жоғары оқу орнындағы студенттер барлық кәсіби қызмет түрлерін меңгерумен қатар, сыни ойлау арқылы ізденістер жасауына және сол арқылы зияткерлігін дамыту мәселесіне басымдық берілу қажет.

Қазақстанның Ел бірлігі Доктринасында: бізге ұлт әлеуетін оятатын интеллектуалдық серпіліс қажет. Білімге, ғылымға және инновацияларға көзқарасты өзгертудің өмірлік маңызы зор. XXI ғасырда тек интеллектуалды ұлт қана жеңіс тұғырынан көріну мүмкіндігіне ие бола алады. Тек осындай жолмен ғана, дәстүрлерге сүйеніп үнемі жетілу арқылы, биік мақсаттар қоя отырып ұлттың бірігуіне, Ұлт Рухының нығаюына қол жеткізе аламыз. Бұған жету үшін мемлекет, әрқайсымыз, бүтін қоғам жауапкершілікті бөлісуі тиіс және қажетті әрі ұтымды мынадай шараларды қамтамасыз ету қажеттілерінің ішінен тақырыбымызға қатыстысын:

- әрбір адам өзінің білімін, қабілетін, кәсібилігін және бәсекеге қабілеттілігін үнемі жетілдіріп отыру;

- Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің кепілі ретінде интеллектуалды ұлт қалыптастыру, - келтіріп отырмыз [3]. Аталған шараларды қазіргі қоғам сұранысынан туындап отырған мәселе ретінде қарастырып, зерттеу жұмысымызда басшылыққа ала отырып, іске асыру тетіктерін зерделейміз.

Зияткерлікті дамыту мәселесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін өзекті болып табылады. Өйткені, тұлғаның зияткерлігінің негізі, оның барлық рухани саласының дамуы негізінен бастауыш сыныптан қалыптасады.

Бастауыш сынып мұғалімі зияткерліктің жоғары деңгейіне ие бола отырып, оқыту үдерісінде оқушыларының ақыл-ойының дамуына оң әсер етеді. Әрине ол жеке оқу пәндері негізделген ғылымдарға бағдарланып, білім беруде пәнаралық

байланыстарды орнатып, әрбір оқу пәнінің құралдары мен материалдарын еркін, дербес және толық меңгеруі, оқытудың жаңа идеяларын, технологияларын жетік меңгеруі тиіс.

Бүгінгі таңда педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесіне қойылатын талап өзгеріс үдерістеріне, оқытудың заңдылығына, студенттермен оқытушылардың шынайы қызығушылықтарымен тілектеріне сәйкес анықталады. Шынайы болмысқа сәйкес жеделдетілген прогресс, ақпараттың алмасуы, адамзат капиталы құндылығының маңызының арта түсуі, мамандардың үздіксіз білімін жетілдіруге бағытталуы барлық саланың бәсекелестігімен сипатталады.

Қазіргі жоғары оқу орындарындағы үдерістен кейін күтілетін нәтижелер болашақ мұғалімдердің іргелі, арнайы білім және іскерлік жүйесімен қамтамасыз етуден гөрі, олардың кәсіби даралық іскерлігін, зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамытуды көздейді.

Зияткерлікті дамыту ұзақ уақытты талап ететін, әрі күрделі үдеріс, себебі онда кәсіби білім беру негізінде жүйелі, шығармашылық іс-әрекет маңызды орын алады.

Зияткерлікті дамыту ұлы ойшылдарымыз бен ағартушылардың ғылыми еңбектерінде тікелей зерттеу пәні болмаса да, тұлғаның даму мәселесіне қатысты жанама түрде зерделенген, белгілі философтар, психологтар мен педагогтар зерттеулерінде әр қырынан қарастырылып, қоғам сұраныстарына орай талданғанын көруге болады. Атап айтсақ, Гераклит [4], Сократ [5], Платон [6], Аристотель [7], Аверроэс [8], Гольбах [9], И.Кант [10], Анаксагор [11], Гегель [12], Самнер [13], Поппер [14], Бине [15], Айзенк [16], Пиаже [17], Гильфорд [18], Стернберг [19], Гарднер [20], шығыс ғұламалары әл-Фараби [21], Ж.Баласағұн [22] және қазақ ойшылдары Ш.Уәлиханов [23], А.Құнанбаев [24], Ә.Нысанбаев [25] еңбектерінен бастау алған.

Шетелдік ғалымдардың еңбектерінде тұлғаның танымдық іс-әрекеттері мен зияткерлік мәселелерін қарастырған ғалымдар: Л.Готтфредсон [26], Р.Моххамад [27], Н.Карим [28], П.Я.Гальперин [29], С.Л.Рубинштейн [30], Б.Г.Ананьев [31], Д.Б.Богоявленская [32], М.А.Холодная [33]; отандық ғалымдар Ж.Ы.Намазбаева [34], С.М.Жақыпов [35], Х.Т.Шеръязданова [36], О.С.Сангилбаев [37] және т.б.

Отандық ғалымдар педагогика ғылымы саласында білім алушылардың зияткерлігін дамыту, зияткер ұлтты тәрбиелеу, зияткерлік әлеует, зияткерлік қабілет, әлеуметтік зияттылық, тұлға капиталы, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту, шығармашылық қабілетін, шығармашылық іс-әрекетін дамыту, болашақ маманның креативтілігін қалыптастыру, кәсіби даярлығын жетілдіру, кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселелерін зерттеген ғалымдар: С.Ж.Пірәлиев [38], Б.А.Тұрғынбаева [39], Ш.Т.Таубаева [40], А.С.Амирова [41], Қ.М.Нағымжанова [42], С.А.Нұржанова [43], М.З.Джанбубекова [44], Т.Б.Кенжебаева [45], Н.Н.Аширбаева [46], К.Кенжебаева [47], А.Т.Туралбаева [48], А.Н.Умирбекова [49], А.Қ.Мошқалов [50], Т.Қ.Жанқұл [51], М.Е.Нургалиева [52], Ұ.Б.Ахатаева [53] т.б.

Сыни ойлауды өз еңбектерінде жан-жақты әр салада қарастырған ғалымдар: С.Заир-Бек [54], Ч.Темпл, Дж.Стил, К.Мередит [55], Д.Клустер [56], Д.Халперн

[57], Р.Ф.Джонсон [58], М.Липман [59], А.В.Федоров [60], М.И.Махмутов [61], А.А.Ташетов [62] т.б. өтуге болады.

Білім беру жүйесінде болашақ мұғалімнің зияткерлігін дамыту жолдары көптеген зерттеулерде ерекше нысанға алынған. Зерттеушілер біріншіден, психологиялық-педагогикалық білім беру мәселесіне жан-жақты көңіл бөлсе, екіншіден, болашақ мұғалімдердің зияткерлік дамуын жетілдіруге әрекеттенеді. Дегенмен, ұлттың зияткерлігін арттыру мәселесі әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің көшіне ілесуде де маңызды сипатқа ие болып, зияткерлігі дамыған маман қалыптастыру, зияткерлік әлеуетті арттыру мәселелері еліміздің стратегиялық міндеттерінде айқындалып өзекті мәселелердің қатарында болуы зерттеу жұмысын жүргізуге ықпал етті.

Жоғарыда ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасау бізге жұмысымыздың тақырыбы аясында қазіргі таңдағы өзекті мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар өзінің сындарлы шешімін талап ететін төмендегідей қарама-қайшылықтарды айқындадық:

- қазіргі қоғам сұранысынан туындап отырған сыни ойлайтын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік тұлғасының қажеттігі мен білім парадигмасының өзгеруіне сәйкес жоғары оқу орнында бұл сапаларды дамытудың дидактикалық тетіктерінің жасалмауы арасында;

- зияткерлігі дамыған сыни ойлайтын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау қажеттігі мен оны іске асыруды теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемелік жағынан қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтардың бар екендігі анықталды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және аталған қарама-қайшылықтар сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту жағдайын анықтап, жаңа моделін жасап, тетіктерін негіздеу, әдістемелік кешенін дайындап, тәжірибеден өткізу мәселесін туындатып, зерттеу тақырыбын «Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту» деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін жасау, оның тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнындағы бастауыш білім беру үдерісі.

Зерттеу пәні: кәсіби білім алу барысында сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі дайындалып, ЖОО білім беру үдерісіне енгізілсе, онда студенттердің сыни ойлауы оқу әрекетінің табыстылығын қамтамасыз етіп, зияткерлігін дамытудың тиімділігі артады, өйткені оқыту үдерісінде жоғары нәтижелерге жетуге кәсіби білімдері зияткерлік тұрғыда кеңейе түседі.

Зерттеудің міндеттері

1. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің

зияткерлігін дамытудың психологиялық – педагогикалық негіздерін анықтау;

2. «Зияткерлік» және «сыни ойлау» ұғымдарының құрылымы мен мазмұнының өзара байланысын нақтылау;

3. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ерекшеліктерін айқындау;

4. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

5. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін тиімді дамытудың әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибеде сынақтан өткізу.

Зерттеудің жетекші идеясы: сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ғылыми негізделген әдістемесі оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға ықпал етіп, маманның тұлғалық сапасы мен олардың кәсіби даярлығының негізі ғана емес, бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші болып табылады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. тұлғаның зияткерлігін дамыту туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық ілімдер, тұжырымдамалар, ақыл-ой іс-әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы; рефлексия; өзін-өзі дамыту туралы тұжырымдамалар; тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, сыни ойлау технологиясы туралы педагогика мен психологиядағы теориялық қағидалар, ғылыми тұжырымдамалар, оқытудың дидактикалық заңдары мен принциптері.

Зерттеу көздері: ҚР «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж. №319-Ш ҚРЗ. Астана. Ақорда (04.07.2018 жылы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен); «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары, «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және көпсатылы оқу орындарының оқу үдерісіне байланысты ұсынған құжаттары (тұжырымдамалары, кешенді бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқу құралдары), педагогиканың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми еңбектер, зерттеулер; мерзімдік оқу-әдістемелік, ғылыми-әдіснамалық, әдістемелік материалдар, жұмыс оқу бағдарламалары, автордың педагогикалық іс-тәжірибесі алынды.

Зерттеу әдістері

- теориялық әдістер: ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдау, жинақтау, контент-талдау, құрылымдау, иерархиялау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау, нәтижелерді жобалау;

- эмпирикалық әдістер: эксперимент, сауалнама жүргізу, бақылау, диагностика, педагогикалық эксперимент, статистикалық алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеу, сараптау.

Зерттеу базасы: тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар Абай атындағы

Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «5В010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттерімен жүргізілді. Эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарға барлығы 116 студент қатысты, оның 57 студенті эксперимент тобы және 59 студенті бақылау тобы ретінде алынды.

Зерттеудің негізгі кезеңдері

Бірінші кезеңде (2016-2017 жж.) зерттеу мәселесіне байланысты сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту мәселесінің өзектілігі айқындалып, осы мәселеге қатысты шетелдік және отандық ғылыми-теориялық, әдістемелік еңбектер таңдалып, мәселенің зерттелуі мен жоғары білім жүйесіндегі тәжірибенің жай-күйіне талдау жасалуы барысында зерттеудің теориялық негіздері (философиялық, психологиялық, педагогикалық); зерттеу тақырыбы және ғылыми аппараты анықталды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігі түрлері, негізгі ұғымдардың құрылымы мен мазмұны және зияткерлікті дамытудың маңызы зерделенді.

Екінші кезеңде (2017-2018 жж.) зерттеу болжамына сәйкес жоғары оқу орнында білім беру үдерісінде сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың қазіргі жайы мен мүмкіндіктері қарастырылып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» атты арнайы курс бағдарламасы даярланды.

Үшінші кезеңде (2018-2019 жж.) зерттеу барысында болашақ мамандарды бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға бағытталған арнайы курс бағдарламасы бойынша әзірленген тапсырмаларының практикаға ендірілуі белгіленген зерттеу базаларында тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда сынақтан өткізілді. Тәжірибелік-эксперимент барысында алынған нәтижелер сарапталып, статистикалық тұрғыда өңделіп, диссертация түрінде рәсімделді. Ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірленді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі

- Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың психологиялық – педагогикалық негіздері анықталды;
- «Зияткерлік» және «сыни ойлау» ұғымдары құрылымы мен мазмұны нақтыланды;
- Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ерекшеліктері айқындалды;
- Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдік көрсеткіштері, деңгейлері анықталды;
- Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін тиімді дамытудың әдістемесі әзірленді және оның тиімділігі тәжірибеде сынақтан өткізілді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы

Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға арналған «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» тақырыбында арнайы курс және «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту»

әдістемелік құралы әзірленді. Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, жалпы орта білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сыни ойлау қызметі олардың зияткерлігін дамытуда, оқу-танымдық үдерісте күрделі мәселелерді қоя білуімен, проблеманы шешуде тұжырымын дәлелдей білуімен ерекшеленіп, олардың ақыл-ой белсенділігін, сыни тұрғыда шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту бағытында мамандар даярлау мәселесі психологиялық-педагогикалық еңбектерде зерттелуі тұрғысында негізделеді.

2. Сыни ойлау ақпаратты логика тұрғысынан талдай білу және ондағы карама қайшылықтарды табу, негізделген пайымдаулар, шешімдер қабылдау және алынған нәтижелерді стандартты және стандартты емес жағдайларға, мәселелер мен проблемаларға қолдану мүмкіндігін қарастырып, «зияткерлік» және «сыни ойлау» ұғымдарының нақтыланған құрылымы мен мазмұны зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі болып табылады.

3. Сыни тұрғыдан ойлау – бұл білім субъектісінің шығармашылық белсенділігінің нысаны ретінде оқу-танымдық мотивтермен ынталандырылады, олар оны іске асырудың жолдары ғана емес, тұлғаның зияткерлігін дамытып, сонымен бірге олардың білім алудағы нәтижесіне әсер ететін факторлардың логикалық байланысын қамтамасыз ете отырып, оқыту әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік туғызып, болашақ маманның кәсіби дайындығының сапасы ретінде теориялық білімге негізделген ерекшеліктері айқындалады.

4. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жүргізілген контенттік талдау, болашақ маманның зияткерлігін дамытуда басшылыққа алатын тұғырларын, принциптерін, әдістерін, компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындауда басшылыққа алынып, оның құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыруға негіз болды. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың өлшемдері мен компоненттері өзара бір-бірімен тығыз байланыста аталған даярлықтың негізгі құрылымын көрсетеді.

5. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісіне болашақ мамандарға арналған «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасынан тұратын әдістемелік кешенді тәжірибеге енгізуімен іске асырылады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» әдістемесінің қолданылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, анықталған мазмұндық фактілер мен оқу-

танымдық әрекеттерін тексеруде нәтижеге жетуге бағытталған оқу-әдістемелік құрал жоғары оқу орнының тәжірибесіне енгізумен қамтамасыз етілді.

Зерттеу нәтижелерінің сенімдігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі: зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 18 еңбек жарық көрді. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 5 мақала ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 11 мақала халықаралық ғылыми басылымдар, алыс шетелдерде өткізілген және ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық, халықаралық ғылыми – әдістемелік конференция материалдарында, 1 әдістемелік құрал жарық көрді.

1. Developing the Future Primary School Teachers Intellectual Skills in Kazakhstan // International Journal of Instruction (Switzerland), – 2021. - Vol.14, №3. – P. 755 – 770.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда сыни ойлаудың маңызы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. – «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018. – №1(57). – Б. 40-45.

3. Болашақ мамандардың зияткерлігін дамытуда сыни ойлау технологиясын пайдаланудың тиімділігі // Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Хабаршысы. – «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ, 2018. – №2 (70). – Б. 3-9.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту үдерісінде сыни ойлау дағдыларының рөлі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018. – №4(60). – Б. 196-204.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың әдіснамалық аспектілері // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2019. – №1(61). – Б. 42-47.

6. Педагогикалық ЖОО-ның білім беру үдерісінде студенттердің зияткерлігін дамыту // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2019. - №4(64). Б. 198 – 203.

7. Theoretical aspects of future teachers intellectuality development // AD ALTA: journal of interdisciplinary research. – 2019. - Vol. 9 (1). - P. 46-51.

8. Сыни ойлаудың негізгі принциптері мен әдістерінің зияткерлікті дамытуда алатын рөлі. II. Uluslararası. Abay Kunanbayoğlu Kazak Kültürü, tarihi ve edebiyatı Sempozyumu. – Ankara, 11-14 Kasım 2018. – Б. 19-25.

9. Развитие критического мышления будущего педагога в процессе профессиональной подготовке в вузе. UMTEB IV. Uluslararası. Mesleki ve Teknik Bilimler Kongresi. Erzurum. 7-9 Aralık 2018 – Б. 783-791.

10. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту. Қазақстанның ғылымы мен өмірі, 2021. - №1(156). - Б. 143-

151.

11. Сыни ойлау технологиясының педагогикалық аспектісі. Materials of the XIII International scientific and practical conference. «Cutting – edge science – 2017». – England, 2017. – Б. 69-74.

12. Зияткерлік ұғымының Отандық және шетелдік ғылым салаларында зерделенуі // Материали за XIII международна научна практична конференция. Бъдещи въпроси от света на науката. – София: «Бял ГРАД-БГ», 2017. – Б. 49-52.

13. Развитие интеллекта как основа личностного и профессионального развития // XIII международная научно-практическая конференция «Шамовские педагогические чтения научной школы управления образовательными системами». – М., 2021. – С. 49-54.

14. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы сын тұрғысынан ойлау мәселесінің көрінісі // «Қазіргі мектепке дейінгі және бастауыш білім беру: теориясы, әдістемесі және тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. - Алматы, 2017. – Б. 353 – 356.

15. Сын тұрғысынан ойлау әдістемесінің тиімділігі. «Көшбасшылық және менеджмент: теория мен практиканың қазіргі даму тенденциялары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Ұлағат» баспасы, 2019. – Б. 316 – 320.

16. Оқушылардың зияткерлігін дамыту мәселесінің зерттелу жайы // «Қазіргі жағдайда білім алушы жастарға ұлттық тәрбие берудің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ; «Ұлағат» баспасы, 2020. – Б. 211-215.

17. Critical thinking as a factor of future primary education teachers' intellectual development. «Білім және ғылымдағы инновациялар». II Халықаралық ғылыми – әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: 2018. – Б. 40-43.

18. Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту: әдістемелік құрал. – Алматы, 2019. – 71 б.

Диссертацияның құрылымы мен мазмұны: зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Жұмыс жалпы 193 бетке компьютермен теріліп басылған, ол 43 кесте, 40 суретпен безендірілген. Әдебиеттер тізімі 148 аталымнан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің өзектілігі негізделеді және мәселенің педагогика ғылымы мен тәжірибесіндегі зерттелу деңгейіне сипаттама беріліп, тақырыбы айқындалады. Зерттеу жұмысының ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, жетекші идеясы, зерттеу көздері, зерттеу әдістері мен негізгі кезеңдері, ғылыми жаңалығы, теориялық мәні, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеудің ғылыми болжамы, әдіснамалық және теориялық негіздері, зерттеу базасы, зерттеудің маңыздылығы, зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі, оның мақұлданыуы, тәжірибеге енгізілуі

ашып көрсетіледі.

«Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектерде зерттелуіне жасалған теориялық талдау, ғалымдардың еңбектеріне контент-талдау жасау арқылы оны дамытудың көкейтесті бағыттары айқындалады. «Зияткерлік», «сыни ойлау» ұғымдарының құрылымы мен мазмұны нақтыланады. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың қазіргі жайы тәжірибеге сүйеніп жасалады.

«Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту үдерісінің әдіснамасы» атты екінші тарауда атты сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ерекшеліктері педагогикалық, психологиялық ғылыми еңбектерге сүйеніп талданады. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың әдіснамалық негізі ретінде жүйелілік, тұлғалық іс-әрекеттік, пәндік, синергетикалық, акмеологиялық тұғырлар және зерттеудің негізгі қағидалары қарастырылады. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттерінен түзілген құрылымдық-мазмұндық моделі, оның компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері айқындалады.

«Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға арналған тәжірибелік эксперименттік жұмыс» атты үшінші тарауда сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың бастапқы кезеңінің диагностикасы, оқу-әдістемелік кешені даярланып: болашақ мамандарға арналған «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасы, студенттерге арналған «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» атты әдістемелік құралдың мазмұны келтіріледі. Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мен олардың қорытындылары ұсынылады.

Қорытындыда зерттеу нәтижелері бойынша алынған тұжырымдар сипатталады. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Қосымшада ғылыми және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда қолданылған зерттеудің нәтижелерін диагностикалау әдістемелері, оқу-әдістемелік құралдың мазмұны, сынақтан өткізілгендігі туралы акті, басқа да диссертацияға енген материалдар беріледі.

1 СЫНИ ОЙЛАУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-НЕГІЗДЕРІ

1.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселесінің психологиялық – педагогикалық еңбектерде қарастырылуы

Елбасының «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамды дамытуды көздеген. Зияткер тұлғаны, ұлтты қалыптастыру – қоғамдағы ең көкейтесті мәселелердің бірі. Зияткерлік іс-әрекеттің барлық түрлерін, оның субъектілерін, ғылымды, білімді, жаңашылдықты біріктіретін интегративті ұғым, ең алдымен, қоғамның зияткерлік ресурсы болып табылатын үздіксіз білім беру жүйесінде (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім, арнайы білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім) қалыптасады делінген [63]. Жолдауды іске асыру барысында жоғары білім беретін оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда бәсекеге қабілетті, қоғам дауына өзіндік үлесін қосатын, сыни ойлайтын, білім мен ғылымның соны жаңалықтарын меңгерген, жаңашыл, зияткерлік тұрғыда дамыған тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын болашақ мамандардың сыни ойлау қабілетін және өздігінен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау арқылы зияткерлікке басымдық берілуі қоғамдық сұраныстан туындап отырған қажеттілік деп түсінеміз.

Зияткерлік мәселесін зерттеуге қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық мәліметтер және ғылыми еңбектер жылдан жылға көбеюде. Бүгінгі таңда мемлекет пен қоғамның алдында тұрған басты мақсат – ұлттың зияткерлігін сақтау және қазақстандық азаматтан зиялы қауымды дайындау. Зияткерлігі жоғары тұлғаны қалыптастыру бастауыш сынып мұғалімдерінен бастау алады. Елдің болашағы ертеңгі жастар бүгінгі бастауыш сынып оқушылары, олардың өздігінен білім алуда проблемаларды шешуге, өз ойын дәлелдей білуге, көзқарасын білдіруге, кез келген жағдаяттан шығуға, сыни пікір айтуға, алған білімін тәжірибеде қолдана білу бастауыштан басталатындықтан, мұғалімнің өзі осыған дайын болуы тиіс,- деп санаймыз.

А.М. Лузина болашақ мұғалімді кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғаны педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі ретінде дайындау маңызды, - деген пікір білдірген [64,с. 115]. Қазіргі жоғары оқу орнында оқыту үдерісінің субъектілік қатынасқа құрылуы автордың идеясының өміршеңдігін көрсетеді.

А.В. Морозов, Д.В. Чернилевский педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі ретінде тұлғаның пісіп жетілуі тек нақты шарттардың негізінде болатынын атайды. Олар, *сыртқы шарттар*: дамудың әлеуметтік жағдайы, ғылымның заманауи даму деңгейі, көпшілік білім беру тәжірибесінің жағдайы, оқу бағдарламалары мен оқулықтарда көрсетілген әдіснамалық нұсқалар, мұғалімнің, педагогикалық ұжымның көзқарасы мен зияткерлік әлеуеті және

шығармашылығы; *ішкі субъективті шарттар*: жоғары оқу орнында бастауын алатын кәсіби еңбекке, зияткерлік шығармашылыққа деген дайындық [65, с. 74]. Авторлардың ұсынған шарттары бір бірімен тығыз байланысты орындалатын шарттар. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің маман ретінде қалыптасуына тікелей ықпал ететін сыртқы шарттарға тоқталсақ, университет қабырғасында меңгеретін кәсіби қызметіне қажетті білім мен ғылым жаңалықтары, жаппай білім беру үдерісінің барысынан хабардар болуы, жек пәндерді оқыту әдістемесінде бастауышта оқытылатын пәндердің оқу бағдарламалары мен оқулықтарын талдау, оған өзінің көзқарасын білдірудегі зияткерлік әлеуетін дамыту қажет, - деп есептейміз. Ал, ішкі субъективті шарттарға келсек, болашақ бастауыш сыныптың мұғалімдерінің өз мамандығына деген қызығушылығының зияткерлік шығармашылыққа ұласуы, оның ішкі қажеттігін қанағаттандыруымен сипатталады. Біздің зерттеу тақырыбыз сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту болғандықтан, аталған шарттар бірін бірі толықтыратынын ескере отырып, орындалуы қажет шарттар, - деп тұжырым жасаймыз.

А.К.Маркова кәсіби іс-әрекеттегі тәжірибені қалыптастыру мәселелерін зерттей отырып, келесі педагогикалық шарттарды ұсынады [66, с. 150]:

- оқу пәндерінің кәсіби бағыттылығы;
 - оқу материалының мазмұны;
 - студенттердің қажетті теориялық білімнің болуы;
 - олардың өз бетінше жұмыс жасауға қабілеттілігі;
 - танымдық қызметке деген қызығушылық;
 - студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін біртіндеп күрделендіру;
 - оқу-танымдық іс-әрекетіне ағымдық бақылау жасау;
 - студенттердің зияткерлік-шығармашылық іс-әрекетінде қалыптасқан тәжірибесіне деңгейлік баға беру;
 - оқу ісі барысында өзекті мәселелердің болуы;
 - оқу ісі барысында кәсіби іс-әрекеттің шынайы жағдайларына ұқсату;
 - студенттердің зияткерлік әлеуетінің іс-әрекеттегі тәжірибесін қалыптастыруға индивидуалды-дифференциалды талдау жасау.
- Автордың педагогикалық шарттарын тақырыбыздың мақсатын іске асыруда орындалуы тиіс деп санай отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби маман ретінде қалыптасуда меңгеретін теориялық білімдері мен оның мазмұнының деңгейі, жаңа білімді өздігінен игеруді іске асырудағы оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырылуы жатқызылады. Осы оқу-танымдық әрекетті зияткерлік-шығармашылық тұрғысынан орындау деңгейіне өзіндік көзқарасын білдіру, дәлелдеуі, әрине зерттеу жұмыстарының өзекті тақырыпқа арналуы маңызды болмақ. Болашақ мамандарды даярлауда олардың кәсіби қызметтегідей, яғни педагогикалық практика барысында сыни ойлауға басымдық беріп зияткерлік тұрғысынан келуін қадағалау, - қажет деп санаймыз.

Л.Ф. Спирин педагогикалық білік туралы заманға сай психологиялық-педагогикалық түсініктерді көрсетіп, дамытады, кәсіби біліктер жүйесін кәсіби міндеттер жүйесімен салыстырады, бұл міндеттерді шешу барысында

қасиеттердің күрделірек және интеграцияланған құрылымдық-қызметтік жиынтығы түрінде психологиялық жаңадан қалыптасқан түрлері пайда болады. Болашақ мұғалімдердің өз бетінше оқуы мен кәсіби өзін өзі тәрбиелеуін жүзеге асыру барысында педагогикалық біліктердің қалыптасуын автор көрсеткен деңгейлері пайдаланылады: кәсібиге дейінгі деңгей, кәсіби бейімділік деңгейі, кәсіби қалыптасуының деңгейі, бекіту деңгейі, кәсіби өзін өзі көрсету деңгейі [67,с. 118]. Біздің зерттеу тақырыбымыз бойынша, қарастырсақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне де қатысты. Алғаш осы мамандықта таңдап келген студенттер бірінші курста кәсіби деңгейге дейінгі кезең. Екінші және үшінші курстарда кәсіби бейімділік деңгей кезеңі. Үшінші және төртінші курстың бірінші жарты жылдығында кәсіби қалыптасу деңгейі, ал төрінші курстың екінші жартысында бекіту деңгейі, кәсіби өзін өзі көрсету деңгейі яғни педагогикалық практика мен диплом жобасын қорғауы соңғы кезеңге жатады, - деп санаймыз.

Е.П. Белозерцев педагогиканың кеңестік дәуірінде педагогикалық жоғары оқу орындарын бітірушілердің мектептегі тәрбие жұмысына дайындығының сапасының төмендігі туралы, олардың мұғалім ретінде жұмысқа адамгершілік дайындығының жоқтығы туралы көп айтылған еді. Сол уақытта елдің әртүрлі аймақтарындағы мектептерде жүргізілген сауалнама бойынша әрбір үшінші жас маман тәрбиелік деңгейді анықтауда, тәрбие міндеттерін қою мен шешуде үлкен қиындықтарға кез болады екен [68,с. 97]. Автордың пікірінің қазірде маңызды екенін ескере келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері тек оқыту мәселесімен ғана емес, тәрбие мәселесін де шешумен айналысады. Сондықтан бітіруші түлектердің мектептегі тәрбие жұмысына дайындығының сапасын арттыруға басымдық беру мақсатында мамандығымызда бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастыру атты пәннің енгізілуін айта аламыз. Елімізде қабылданған «Үздіксіз білім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасы» бастауыш сыныптарда ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстарының бағыттарын нақты айқындап берді. Мамандығымыз бойынша әр курс пен топтағы эдвайзерлердің тәрбие жұмыстарының шеңберінде көрсетілген бағыттар бойынша, тәрбиелік іс-шаралар мен тәрбие сағаттарын студенттердің өздерінің ұйымдастыруына, жүргізуіне басымдық берілетінін айта кеткіміз келеді.

Н.Е. Щуркова кез-келген педагогтың кәсіби іс-әрекетін он үш тәртіп критерийімен анықтайды, яғни төменде аталған қасиеттер мен қабілеттер білім беру ұйымдарында қызмет істейтін әрбір маман иесіне үлкен немесе кіші деңгейде тән болуы мүмкін:

- тапқырлық, іскерлік, пысықтық;
- стратегиялық жоспарлауға қабілетті болу;
- тез бейімделу қабілеті;
- дұрыс баға беру іскерлігі;
- шешім қабылдау қабілеті;
- проблемаларына әр қилы кездейсоқ жағдайларды шешу қабілеті;
- жеке принцип бойынша басқару;
- үлкен және кіші топтарды басқара білу қабілеті;

- ақиқатты дұрыс қабылдау қабілеті және әзіл-ысқақты түсіне білу ерекшелігі [69,с. 114].

Бізге автордың ұсынған педагогтың кәсіби іс-әрекетінің критерийлері әсіресе бастауыш сынып мұғалімдері үшін маңызды болып табылады. Тұлғаның сапалық қасиеті мен сыни ойлау қабілетінің барлығы әрбір маман үшін педагогикалық үдерісті ұйымдастыру үшін сынып оқушыларының мінез-кұлқының әртүрлілігін ескерсек, мұғалім ретінде оның тапқырлығы, іскерлігі, пысықтығы, стратегиялық жоспарлау қабілеттілігі, жаңа жағдайға тез бейімделуі, зияткерлік тұрғысынан оқушы жетістігін бағалаудағы әділдігі, кез келген жағдайда оң шешім қабылдауы, оқыту жағдайындағы проблеманы шешуі, оқыту формасының өзгеруіне байланысты топтық, жұптық, ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыра білуімен сипатталады.

Н. Кузмина «кәсіби біліктілік – іс-әрекеттің сапалылығының сипаттамасы және еңбектің ең жоғарғы бағасы, ал іс-әрекеттегі кәсіби біліктілік – бұл маманның кәсіби міндеттерді шешуде бүгінгі заманға сай мазмұн мен жаңа әдіс-кұралдарды, оларды жүзеге асырудың тиімді тәсілдерін меңгеру дәрежесімен сараланатын, іс-әрекеттің субъектісіне, нақты мамандық өкіліне сапалы мінездеме мен баға беру» деп атап көрсетті. Кәсіби біліктілік – бұл кәсіби іс-әрекеттегі субъектінің жеке интегративті қасиеттерінің мінездемесі ретінде қарастырудың өзектілігі туындайды [70,с. 215]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім беру саласындағы өзгерістерді, жаңалықтарды меңгеруіне ерекше мән беріп, мұғалімдік қызметтегі міндеттерді шешуде оқытудың заманауи технологиялары мен интербеленді әдістерді сабақтың мақсатына сай саралап тиімді қолдану, топта оң психологиялық ахуал туғызу, әріптестері арасында өзіндік пікірі мен сыни баға беруді зияткерлік тұрғысынан кәсіби біліктілікпен субъектілік көзқарасын білдіруге дайындау көзделеді.

Е.А. Климов кәсіби құзыреттілікті коммуникативтік, ақпараттық, регулятивтік және интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырады отырып, бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік құзыреттілігі – кәсіби интегративтік қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық (икемділікпен байланысты); экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен эффективті жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті; марапаттай білуі; сыпайылық; жалпы қабілеті және т.б. зерттейді. Осы аталған зерттеуінде сондай-ақ, коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, «бағдар ету», сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге зияткерлік тұрғыда шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

Ақпараттық құзыреттілік өзі туралы оқушылар мен олардың ата-аналарының, басқа ұстаздардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшерін қамтиды.

Регулятивтік құзыреттілік оқытушының өз іс-әрекетін басқара білу мүмкіншілігін білдіреді. Оған мақсаттылық, жоспарлау, тұрақты белсенділік пен өзін көрсете білуі, рефлексия, іс-әрекетінің бағасы енеді. Іс-әрекеттің негізгі факторы – ізгілік, құндылық болып табылады.

Интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілікті талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау сияқты қарастыра білудің кешені, аналогия, қиял, ойлау қабілетінің икемділігі мен сындылығы ретіндегі зерденің қасиеті түрінде қарастыруға болады деген анықтамалар да қарастырылады [71,с. 210].

Г.К. Нұрғалиева қазіргі мамандарды дайындаудың сапасын арттыруды маңызды мәселелердің бірі ретінде көтере отырып, «дайындау сапасы» ұғымының мағынасы «білім беру сапасы» ұғымымен салыстырғанда тар болып келетіндігіне тоқталып, мамандарды сапалы дайындау төмендегілерді көздейді, - деген тұжырым жасаған:

- білім алушыларды берілетін білімнің пәндік саласына терең бойлату, оларға танымның зерттеп жатқан саласына «ену» тәсілдерін меңгерту;

- олардың беймәлімді тануға ішкі қажеттіліктерін және үдемелі қызығушылықтарын қалыптастыру;

- таңдалған мамандықтың шығармашылық сипатына деген білім алушылардың мотивациясын зерттеу;

- білім алушылардың өзіндік жұмысын қалыптастырушы біліктер мен дағдыларды, стимулдарды анықтау;

- мамандарды кәсіби даярлау сапасына ықпал етуші факторларды бөліп көрсету [72,с. 12].

Бұл пікірде жоғары оқу орнында маман даярлауда басшылыққа алынатын мәселелердің алдына алдымен берілетін білім мазмұнының ғылыми тұрғыдағы меңгеруде оқу-танымдық қызығушылықты қанағаттандыру мақсатында оқып үйрену. Мамандықты таңдаудағы мотивациясын анықтап, оның қыры мен сырын шығармашылықпен меңгеруді қамтамасыз ету. Студенттердің мамандық бойынша алған білімдерін тәжірибеде пайдаланудағы біліктіліктері мен дағдыларын, практикалық сабақтар мен практика барысында қалыптастыру. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың факторларын анықтау, - қажет деп есептейміз.

Т.С. Сабыров болашақ мамандарды даярлау жағдайында зерттеулерінде: «...студенттерде таным әрекетінің психологиялық сипаттары: білімге деген жағымды мотивтер, өзінің жасаған жұмысының барысын өзі бақылай білуге, осы бағытта алған білімін болашаққа жоспарлай білуге дағдылануы болмақ. Ол үшін студенттің алдына ғылыми проблеманың шығу тарихы жайлы қызықты материалдарды бере отырып, зияттылығын дамыту жолында әлі шешілмеген сұрақтар бойынша бір-бірімен айтысу пікірлеріне мүмкіндік жасау қажетпіз», – деген тұжырымын жасаған [73,с. 85]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту туралы пікіріне толықтай

қосыламыз. Себебі, білім алуға оң ахуал туғызу, өздігінен білім алудағы бесенділігі, алдағы істерін жоспарлауы, ғылыми жұмыстарды орындауда сыни ойлау негізінде зияткерлігін дамытуға болады.

Б.А. Тұрғынбаеваның пікірінше, мұғалімдердің білімін көтеру ісі ең алдымен оның өзіне қарай бағытталғанда ғана ұстаздардың өз санасын дамытып, атқарып отырған қызметінің мәнін терең ұғынуы соған сәйкес өзін-өзі жетілдіру қабілеттерін қалыптастыруды, кәсіби шығармашылықтың биіктеріне жетуді қамтамасыз ететін болады. Бұл мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмысын олардың «дамуының жақын аймағында» қалыптастыру жағдайына көшіруді және сол арқылы әр педагогты жаңа белеске көтеріп, педагогикалық еңбекті шығармашылық деңгейге шығаруды нәтижелі етеді, - деп көрсетеді [74,б. 4]. Бұдан біліктілікті арттыруда әрбір мұғалім өзін өзін жетілдіруде мәселелерді өзгеше тапқырлықпен шеше алатын, шығармашылық әлеуетін дамытатын, жаңа заманның талаптарына сай кәсіби тұрғыда өзін дамытуы қажет, - деген қорытынды жасағанын көруге болады.

Б. Барсай жоғары білімнің жаңа үлгісінің адамның шығармашылық қуатын сақтау және дамыту; құрылғыны жобалаудан іс-әрекетті жобалауға өту; оқушылардың бойында шешімдердің көп өлшемділігіне, басқаша ойлауға төзімділікке және өзінің іс-әрекеттері үшін адамгершілік жауаптылыққа негізделген көзқарасты қалыптастыру; пәнаралық байланыстарды дамыту, оқушылардың бойында жинақталған ұғым жүйелерін, дүние дамуының біртұтас көрінісін қалыптастыру; оқыту барысында оқытылатын контингенттің интеллектуалдық іс-әрекетінің үйлесімділігін, жүйелілігін қамтамасыз ету сияқты басты мақсаттарын орындаудың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда олардың кәсіби – дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруда үлкен мәні бар [75,с. 20]. Автордың ұсынып отырған үлгісіне толығымен қосыла отырып, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда ойша жобалаудан, іс-әрекетті жобалауға көшіру, топтық жұмыстарды жобалаудағы мәдени қарым-қатынас, пәнаралық байланысты тақырып бойынша орната білу, дүниенің біртұтас қалпын қалыптастыру, интеллектуалдық іс-әрекеттің нәтижесіне жетудің жолдарын, бағыттарын айқындау мен оған жетудің әдістемесінің меңгертілуі, - тиіс.

А.С. Амирова жоғары оқу орнындағы ұжымдық ізденіс білім алушылардың күш-жігерін сақтайды, оған әріптестерінің көмегін сезінуге көмектеседі, әрқайсысының шығармашылық мүмкіндіктерін табысты түрде жүзеге асыруға жағдайлар жасайды, оқытушы мен білім алушылар ұжымының мүдделерінің бірігуіне ықпал етеді. Ұжымдық қарым-қатынас жүйесінде болған білім алушы бүкіл қоғам тәжірибесін және өзі тікелей болашақтағы кәсіби қызметіне байланысты ортаның тәжірибесін меңгереді. Осы тәжірибедегі әлеуметтік және кәсіби құндылықтар, стандарттар, қабылдау мен ойлау, мінез-құлық пен әрекеттердің стереотиптер педагогикалық моральді құрайды.

Оқытушының басты міндеті – білім алушыны ынталы шығармашылық, ізденгіш ойға, зияткерлікке тәрбиелеу. Қазіргі заманның қарқынды дамуына сай оқытушы өзінің ғылыми, рухани және идеялық дамуын тоқтатпау керек.

Оқытушы өз қабілеті мен күш-жігерінің толық шамасында еңбек етуі, өзінің мәдени және кәсіби ой-өрісін кеңейту мен педагогикалық міндеттерді шығармашылық түрде шешуі үшін оның уақыты мен өмірлік күш-жігерін сақтап, ал оның өзінде оларды күнделікті қызметінде тиімді қолдана білуі тиіс. Шығармашылық мәселесін жоғары мектептегі білім беруге сай қарастыру білім беру жүйесінде біртұтас тұлғаны қалыптастыру үшін бастауыш білім берудің құрылымы мен жетілдірілген мазмұнын, іске асырудың әдістемесін меңгертуі тиіс [41,б. 128]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, жоғары оқу орнында шығармашылыққа құрылған оқыту және оқу үдерісі студенттердің зияткерлігін дамытуға ықпал ететін меңзегенін көрсеміз. Оқытушы студенттерді сыни ойлауға жетелей отырып, оларға берілетін шығармашылық тапсырмаларды зерттеу жұмысына ұластыратындай, пәннің міндеттеріне сәйкестігін ескеру қажет. Қандай да бір тапсырмадан күтілетін нәтиженің студенттер үшін жаңа болып табылатын, интеллектуалды өнім болуына, яғни практикалық құндылығы бар әдістемені жетілдіруге үлесін қосатын тұрғыдан ойластыру қажет,- деп түйіндеме жасаймыз.


К.Ө. Қунақованың пікірінше, субъектінің іс-әрекетін интеллектуализациялау өмірлік мәселелермен оқу тапсырмаларын шешуде жоспарланған нәтижеге жетудің аз шығындармен оңтайлы әрекет ету. Басқа сөзбен айтқанда, университет қабырғасынан бастап, студентті тиімді іс-әрекет мәдениетіне үйрету керек. Бұл нәтиженің сандық өлшемін ұлғайтуға табыстылық сапасын көбейтуге қозғалыс мүмкіндігін анықтайды. Бұл жеке тұлғаның, яғни бүкіл қоғам капиталына айналады [76,с. 95].

Тұлға зияткерлігінің дамуы өмірлік міндеттердің жаңа шеңберін меңгеруде таным процесін жүзеге асыруға және мәселелерді тиімді шешуге қабілеттіліктің дамуы деп қарастырады. Тұлға зияткерлігінің негізінде болашақ маманның ойлау сапасына әсер ететін табиғи нышандар жатыр. «Зияткерлік» ұғымының психологиялық мазмұны кең және анықталмаған сипатқа ие, оған зияткерлік, ақыл-ой қабілеттері, ақыл-ой дамуы, ойлау т.б. жатады. Педагогикалық талдаулар бойынша адам зияткерлігін белгілі бір қоғамдық мәдени ортада қалыптастырып, дамытуға болады.

Автордың пікірін тұжырым жасайтын болсақ, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту субъектінің іс-әрекетін интеллектуализациялау сапаларына толық сәйкес келетінін байқауға болады. Себебі: кәсіби педагогикалық ойлаудың кең диапазоны болудың негізі сыни тұрғыда ойлау деп түсінеміз. Кәсіби маман ретінде білім беру үдерісіне қатысты категориалды-ұғымдық, тұжырымдамалық аппараттың зияткерлігі дамыған тұлғада болуы заңдылық. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытатын пән саласына бейімделгіштік қасиеті дегенде бастауышта оқытылатын барлық пәндердің мазмұнын меңгерудің әдістемесін жоғары дәрежеде жетік меңгерген маман болуы керек. Пәндік мазмұнды әрекеттік-коммуникативтік формаға көшіре алуы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияны жетік меңгеруімен, заманауи технологияны басқара алуымен сипатталады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері жобалау,

сараптама жасау, ғылыми зерттеу әлеуеті дегенде сыни ойлау арқылы зияткерлігі дамыған тұлға жобалау әрекетін ұйымдастыруға, ондай ғылыми жобаларға сараптама жасауда оның ғылыми зерттеу әлеуетінің жоғары болуы міндетті. Автордың педагогтің кәсіби қызметіне берген сипаттамасын басшылыққа аламыз, себебі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметіне толықтай сәйкес келетіндіктен зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан талдау жасадық.

Н.Б.Крылова болашақ маманның зияткерлік әлеуетін жүзеге асыру барысында мұғалімнің мәдениетін қалыптастырудың ең қажетті талаптары мен шарттарын анықтайды [77,с. 69]. Оларды үш блокқа жіктеп көрсетуге болады:



Сурет 1 – Болашақ маманның зияткерлік әлеуетін жүзеге асыру барысы

Бұдан шығатын қорытынды үш блокқа жіктеп көрсетілгендіктен әрқайсысына өз көзқарасымызды білдіреміз. «Әлеуметтік жетілу» блогына тоқталсақ, мемлекеттің идеологиясын іске асыратындар негізінен мұғалімдер болғандықтан, ұлттық құндылықтың негізі болып табылатын ғылыми дүнетаным, отансүйгіштік, өзгермелі, демократиялық қоғамның қойып отырған талаптарына жауап беретін, тәрбие бағыттарын ұйымдастырып, іске асыра алатын, сыни көзқарасты қабылдап, одан нәтиже шығаратын бастауыш сынып мамандарының әлеуметтік мәселелерді шешуде де іскерлігі қажет, - деп санаймыз.

«Жоғары кәсібилік, іскери және зияткерлік қасиеттер» блогы бойынша, автордың ұсынған критерийлері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту мәселесіне тікелей қатысты. Бүгінгі студенттің өзінің келешектегі мамандығы үшін жоғары кәсібилігі үшін сұранысының болуы, кәсіби даярлықтағы біліктілікке жеткізеді. Ал кәсіби біліктілік, өз ісінің шебері болуға, атқартын қызметінің сапасына ықпал етеді. Келешекте бастауыш сынып мұғалімдерінің өз ісіне жауапкершілігі, тұлғалық ерекшелігі, кәсіби пәндерден алған білімінің тереңдігімен, әдістемесін жетік меңгеруі, озат тәжірибелерді зерделеуі, оқытудың заманауи технологияларын саралап пайдалана алуы, білім мен ғылым саласындағы соны жаңалықтарды игеруі, оны кәсіби әрекетте

қолдана білуге даярлаумен анықталады. Болашақ мамандардың ең алдымен тәртіптілік, төзімділікпен қатар, ізденушілік қабілеттерін сыни ойлау тұрғысынан дамыту қажет, - деген пікірді ұстанамыз.

Қ.М. Нағымжанова интеллект туралы мәселелер оқытумен, когнитивті стильмен, бейімделуге қабілетпен, белсенділікпен, өзіндік реттелумен байланысты түсіндіріледі. Интеллект ақыл-ой әрекеті жүйелерімен, мәселені шешу стратегиясымен, танымдық белсенділікті талап ететін жағдайға индивидуалды ықпал тұрғысынан қараумен байланысты айтылады. Интеллект ол – ақыл-ой қабілеті, ал ойлау – ақыл-ой белсенділігі, олардың арасындағы айырмашылықтарды ескеріп зерттеу мәселесі әлі толық негізделмеген. Интеллект нақты ойлау үдерісін анықтайтын терең құрылым болып саналады, - деп тұжырымдайды [42,б. 89]. Біз зерттеу жұмысымызда автордың пікірін басшылыққа аламыз. Өйткені, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда ақыл-ой белсенділігінің нәтижесінде ақыл-ой қабілетін дамытуға болады, - деген пікірді ұстанамыз.

С.А. Нұржанова болашақ мамандарды кәсіптік даярлау үдерісінде креативті ойлауын қалыптастыру және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту проблемалары зерттей отырып, креативтілікті қамтамасыз ету үшін төмендегідей:

Біріншіден, көптеген психологтар креативтілік – бұл қалыптан тыс идеялар туғызуға, қалыптасқан дәстүрлі ойлаудан бас тартуға, проблемалық жағдайларды тез шешуге қабілеттілік; креативтілік шығармашылық қабілетті қалыптастыру үшін қажетті, ойлылық және тұлғалық қасиеттер жиынтығын қамтамасыз етеді деген пікірмен келіседі.

Екіншіден, креативтілікті қалыптастыру үшін коммуникацияның қарапайым ілімін игеруді білдіретін әлеуметтендірудің оңтайлы деңгейі қажет. Креативтілікті тұлғалық сипат ретінде онтогенезде қалыптастыру алдымен дәлелді тұлғалық, содан кейін өнімділік деңгейінде пайда болады.

Үшіншіден, креативтілікті дамыту процесі кемінде екі фазадан өтеді:

1) креативтіліктің «алғашқы» дамуы адамзат тіршілігінің белгілі бір саласы бойынша «мамандандырылмаған» жалпы шығармашылық қабілеттілік.

2) «мамандандырылған» креативтілікті дамыту және қалыптастыру: адамзат қызметінің белгілі бір саласына байланысты қосымша және балама шығармашылық қабілеттілік.

Төртіншіден, креативтіліктің ортаның факторларымен айқындалуы, интеллектке қарағанда да жоғарылығы. Бұл дүниеде интеллектуалды болып ешкім тумады. Бәрі біздің әрқайсымызда кездесетін әр алуан әлеуетті жүзеге асыру үшін орта берген мүмкіндікке байланысты, - деген қорытынды жасаған [43,б. 98]. Автор креативтілік пен интеллектіге салыстырмалы талдау жасай отырып, интеллектуалды болу үшін креативті ортаның әсерінің маңызын көрсеткен. Әрбір тұлғаның өзінде бар әлеуетін жетілдіру мен дамыту маңызды. Олай болса, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға креативті орта құру қажет,- деп санаймыз.

М. Кале болашақ мамандарды даярлау үдерісінде сыни ойлаудың маңызы –

өздерінде туындаған мәселелерді ерте диагностикалаудан бастау алатынын атап көрсетеді. Оқыту – бұл мәселелерді сыни ойлау үдерісі мен әрі қарай әрекет ету арқылы түсіну және шешу, осылайша қызмет пен ұйымдастырушылық іс-шараларды қайта құруға не жататынын түсіну. Білім беру ұйымдары үшін сын тұрғысынан ойлау өте маңызды – деп көрсетеді [78, s. 85]. Бұдан шығатын қорытынды мұғалім ұйымдастырушылық іс-шараларды қайта құра отырып, өзін мәселелерді сын тұрғысынан шеше алатын маман ретінде дамытуы қажет, - деген қорытынды жасаймыз.

А.Т. Туралбаева зерттеу барысында «дарынды бала», «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу» ұғымдарын жаңаша сипаттап, «дарынды бала – қалыптан тыс табысты нәтижеге жетуге бағытталған іс-әрекеттің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін біртұтас құрылым», ал «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы – сенім мен сыйластық, өзара қолдау мен көмек беру, бір-біріне деген төзімділік пен толеранттылық негізінде бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік қабілеттерінің ерте анықталуын қамтамасыз ететін, білімге құштар, шығармашыл белсенді балаларды тәрбиелеуге мүмкіндік беретін өзара әрекеттесудің табысты, мақсатқа бағытталған үрдісі», - деп тұжырым жасаған [48, б. 76]. Зерттеу тақырыбымыз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту болғандықтан, келешекте мұғалімдік қызметте оқыту және оқу үдерісінде білім алушылардың зияткерлік қабілетін дамытуға бағытталған шығармашылық тапсырмалар мен проблемалық жағдаяттарды құрастыру және оның шешу жолдарын жетік меңгеруі және оған басымдық беру қажет, - деп санаймыз.

А.Н. Умирбекова болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту – қарым-қатынастық деңгейі мен импровизация негізінде әлеуметтік-қоғамдық тәжірибенің, бастауыш білім мазмұнындағы дербес әдістемелік пәндер бойынша шеберлігін және академиялық ұтқырлығын, өзін-өзі субъективтендіру үшін ішкі ресурстарына әсер ету қабілеттілігін шарттайтын, педагогикалық жаңа тәсілдемелер арқылы білімді қамтамасыз ететін, болашақ педагогтің өз кәсібінің субъектісі ретінде адам-адам мамандығына икемді болуын, тактикалық және стратегиялық бағыттарда табысты өзара әрекеттесудің ағымды міндеттерін шешуге бағытталған үдеріс, - деген анықтама берген [49, б. 85]. Автордың берген анықтамасынан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту үшін субъектілік білім алу үдерісінде кәсіби пәндердің ішкі мазмұнын оны оқытудың әдістемесін жетік меңгеруі, басқа оқу орындарымен тәжірибе алмасуда өзін субъектіге айналдыру, ішкі қажеттіліктерін өтеуде өзінің ойлау қабілетінің жоғарылығын көрсетуі, адамдармен мәдени қарым-қатынас орната білу, мамандығына байланысты кәсіби дағдыларды меңгертуге баса назар аудару қажет.

М. Оспанбекова өз зерттеу жұмысында рефлексия және оны қалыптастыру туралы еңбектерге сүйене отырып, рефлексияның: жеке тұлғалық-мазмұндық, коммуникативтік, интеллектуалдық сияқты типтерін анықтаған. Жеке тұлғалық-мазмұндық рефлексияда тұлғаның даралық қасиеттері зерттеледі, оның жеке

сапалары, мінез-құлқы, оның басқалармен қарым-қатынасы анықталады. Коммуникативті рефлексия – адамның ішкі құбылысы, оның іс-әрекетінің себептерін анықтайды. Мұнда рефлексия басқа адамды тану тетігі қызметін атқарады. Интеллектуалдық рефлексия – жеке тұлғаның интеллектуалды қабілеттерін зерттеуге бағытталады, жеке тұлғаның талдау қабілеттерін айқындауға мүмкіндік береді. Жоғары оқу орнында мамандар даярлауда интеллектуалдық рефлексия болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалдық қабілеттерін зерттеу арқылы оларды кез келген педагогикалық үдерісті талдауға қатыстыра отырып, олардың сыни ойлауын, өзіндік пікірін білдіріп, дәлелдеуге дағдыландыру көзделеді, - деген [79,б. 42]. Бұдан шығатын қорытынды бүгінде оқыту формасының өзгеруіне байланысты студенттермен кері байланыс орнату рефлексия арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту үшін жоғарыда аталған рефлексия түрлері толық қолданылуы тиіс. Дегенмен осылардың ішінде интеллектуалдық рефлексия жеке тұлғаның қабілетін анықтауға бағытталғандықтан, берілетін тапсырма түрлері де сыни ойлауға жетелейтін, зияткерлігін дамытуға ықпал ететін тұрғыда құрастырылуы қажет.

А.Қ. Мошқалов өзін-өзі білімдендіру оқу орындарының оқу бағдарламасы мен оқу жоспарынан тыс қоғамдық және өзіндік қажеттіліктер негізінде жүйелі және белгілі бір мақсатқа құрылған жеке тұлғаның танымдық іс-әрекеті деп қабылданады. Өзін-өзі білімдендіру – жалпы және кәсіби білімнің үздіксіз жалғасы, өйткені білімнің жан-жақты болып кеңеюіне және адамның рухани баюының жетілуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар, интеллектуалдық арсеналының үнемі жаңалануына, кәсіби шеберлігінің шыңдалуына әсер етеді, - деген тұжырым жасаған [50,б. 101]. Жоғары оқу орнында мамандар даярлауда берілетін жалпы және кәсіби білімін жалғастыра отырып, өзін өзі дамытатыны, өзін өзі тәрбиелейтіні болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне де қатысты. Сондықтан студенттердің білімін кеңейту арқылы рухани баюына ықпал үшін сыни ойлау негізінде өзін өзі зияткерлік дамыту тұрғысынан қарастырамыз.

Т.Б. Кенжебаева болашақ мұғалімнің зияткерлік әлеуетін дамыту мәселесі қатарына әлеуметтік жетілуі, жоғары кәсібилігі, іскерлігі және зияткерлік қасиеттері, сондай-ақ маманның адамгершілік мінез-құлқын, болмысын қалыптастыру әрекеттері жатады. Осы мәселелерді дәстүрлі деп атау себебіміз, ондағы мәселелерді шешуде тұлғаны әлеуметтендіруге бағыттайтын, маманды белгілі бір адамзаттық қызметтік өмірде жұмысын нәтижелі орындай алуына бағыттайтын идеялар негізгі ұстаным болып табылады. Болашақ мұғалімнің зияткерлік әлеуетін дамыту бір жағынан, компьютерлік технологияларға сүйенеді, себебі білім беру үрдісін белсенді етеді. Бұл жағдайда студент кейде компьютерлік оқыту құралдарына байланысты виртуалды білім беру кеңістігінде оқытушының рөлін де атқарады. Екінші жағынан, бұл инновациялық технологиялар мәдениеттің жаңа парадигмасымен сипатталады. Осындай жаңалықтар тұлғаның зияткерлік мазмұнын да өзгертті, яғни адам іс-әрекеті табиғат күшін де бағындыра алатын көзқарас қалыптасты. Демек, ХХІ ғасырдың зияткерлік әлеуеті дамыған мұғалімнің іс-әрекет мәдениетін, ой мәдениетін,

еңбек мәдениетін қалыптастыру мәселесі айнала қоршаған барлық ықпалдасушы факторлармен сәйкесінше ескеріле анықталуы қажет [45,б. 65]. Автордың пікіріне қосыла отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда әлеуметтік ортадағы мәдени қарым-қатынас, білімді сыни тұрғыда ойланып меңгеруге, жоғары кәсібилікке, іскерлікке және зияткерлік қасиеттерге ие болып адамгершілік мінез-құлқын тұлғалық сапасын қалыптастыру әрекеттеріне басымдық берілуі қажет, - деп санаймыз.

Н.Н. Аширбаева оқу-танымдық әрекеттердің негізгі мағынасы, оның нәтижесі – оқушылардың интеллектуалды, адамгершілік, тұлғалық дамуын өзгерту, жаңадан түрлендіру. Басқа көптеген өзгерістерге (жекеше және ситуациялық) қарағанда зияткерлік тұрақты сипатта болады және адамның бүкіл өмірі бойында немесе оның арнайы сатысында ғана сақталады. Оқушының өзінің когнитивтік стилін қалыптастыруы, әлеуметтік тәжірибе элементтерін эвристикалық иелену жолымен қалыптасатын зияткерлік аясындағы өзгерістер – үдеріс, нәтиже (аралық және қорытынды) оқу-танымдық әрекеттердің пәні болып табылады. Оқушылардың оқу-танымдық әрекеттері – табысты, шығармашылық, қайта өңдеу әрекеттері, осы әрекеттердің барысында оқушылардың кәсіби білімдерді және оларды жасау тәсілдерін меңгеруі, өзінің зияткерлік мүмкіндіктерін өзі жетілдіре отырып, жаңа білімдерді, жаңа әлеуметтік тәжірибелерді жасауы – осы зерттеу шеңберінде өте маңызды [46,б. 96]. Автордың пікіріне қосыла отырып, білім алушылардың интеллектуалды, адамгершілік, тұлғалық дамуын өзгерту, жаңадан түрлендіру дегенде білім алудағы оқу-танымдық әрекеттерді шығармашылық пен табыстылыққа жеткізудегі сыни ойлау негізінде жаңа нәтижеге қол жеткізудегі зерттеу жұмыстарына қатысып, тәжірибені жасау барысындағы зияткерлік мүмкіндіктерін дамытуға басымдық берілуі керек.

К.С. Кенжебаева зерттеуде болашақ педагогтердің әлеуметтік интеллектісін дамытуды біртұтас жүйеде – жоғары оқу орнындағы кәсіби дайындау аясында қарастыру қажет. Интеллект студенттің осы шақтағы барлық өмір сүру ортасында және тіршілік әрекет түрлеріндегі қол жеткен нәтижелерін, нақты табыстылығын айқындайтын ықпалдасқан, күрделі құрылым ретінде болады. Интеллектілік қуатқа қатысты ой-концепциялар ертеден бастау алады. Ал, интеллектілік қуат студенттің өткен шақтағы барлық өмір сүру ортасында және тіршілік әрекет түрлеріндегі жетістіктерін бағалауға және келер шақтағы белсенділігінің қаншалықты табысты болатынын болжауға мүмкіндік беретін күрделі ішкі құрылым, - деп қорытынды жасаған [47,б. 56]. Біз автордың пікірін зерттеу жұмысымызда табыстылыққа жетудегі оқу әрекетінің құрылымы ретінде қарастырамыз.

М.Е. Нургалиева студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттырудың жоғарғы сатысында ойлау іс-әрекеті, ғылыми-зерттеушілік жұмыс айқын танылады. Сондықтан студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру мақсатындағы оқудың өзге формаларының мүмкіндіктерін пайдаланған дұрыс. Алайда осы объективті түрдегі мүмкіндіктер сабақтарда студенттердің оқу және ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын дұрыс ұйымдастырған жағдайда ғана жүзеге

асырыла алады. Студенттердің логикалық ойлау іс-әрекетінің жоғары сатысы бола отырып, оқу және ғылыми-зерттеушілік жұмыстар олардың бойында логикалық ойлау іс-әрекетінің қалыптасуына әрі дамуына әсер етеді, болашақ маманның жоғары оқу орындарында оқыған кезеңінде өзін толық таныту саласы болып табылады, - деп тұжырым жасаған [52,б. 72]. Біздің тақырыбымыз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту болғандықтан, олардың интеллектуалдық әлеуетін арттыруда сыни ойлау қажеттігін айта кеткіміз келеді.

Ұ.Б. Ахатаева зерттеушілік іс-әрекет болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің материалдарды талдауы, қорытынды жасауы, болжам құра білуі, зерттеу нәтижелерін теориялық интерпретация жасап, рәсімдеуі және оны қоғамда жария етуімен сипатталады. Өзіндік зерттеу жұмысын жүргізу теориялық және әдіснамалық білім негізінде қалыптасады, олар мақсатты қою, жоспарлау, зерттеу жұмысын орындау, рефлексия осыларды іске асыруда зерттеушілік іскерлікті қолдануы, ғылыми диалогқа түсе білуі, дискуссия және т.б., көрініс табады. Өзіндік танымға қабілеттілік тек қана зерттеушілік іс-әрекетте дамиды, өйткені басты нәтиже «интеллектуалдық өнім» зерттеу барысында ақиқатты анықтау тәртібі іске асырылады. Зерттеушілік іс-әрекет интеллектуалды-шығармашылық әрекеттің ерекше түрі ретінде зерттеушілік мінез-құлықтың үйлесімділігі негізге алынады, ол білім алушының маңызды қоршаған әлем туралы түсінігін меңгерудің көзі болып табылады. Мінез-құлықтың мұндай түрі белсенді ізденушіліктің базасына негізделеді. Ол зерттеу нысанына немесе проблемалық жағдаяттарды шешуге бағытталады. Зерттеушілік іс-әрекеттің негізгі нәтижесі интеллектуалдық өнім болып табылады [53,б. 49]. Бұдан шығатын қорытынды зерттеушілік іс-әрекет арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу тақырыбына байланысты мақсатты қою, жоспарлау, зерттеу жұмысын орындау, рефлексия осыларды іске асыруда ақпараттарды жинап, талдауы мен өңдеуінен бастап, оның қорытындысын жасап, жаңа өнім алуға дейінгі аралықтағы іс-әрекетін айтады. Интеллектуалдық өнім зерттеу жұмысының нәтижесінде алынатындықтан, ұсынылатын әрбір тақырыптың өзектілігіне мән беру керек.

Студенттердің белсенділігін арттыратын, қызығушылығын тудыратын тың тақырыптар интеллектуалдық өнім алуға әкеледі. «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығында интеллектуалдық өнім деп студенттердің топтық ғылыми жобаларды орындауда ортақ мақсатқа бағытталуы, ортақ қызығушылықтарын қанағаттандыруға арналған дипломдық жобалар нәтижесін айтуымызға болады.

Қорыта келе, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту мәселесінің маңызы талданды. Цифрлы қоғамда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің түрлі педагогикалық қызметтерді атқара алуы – зияткерлік дамытушылық тұрғысынан қарастырылуы уақыт талабынан туындап отырған сұраныс деп түсінеміз. Сыни ойлау негізіндегі оқу-танымдық іс-әрекет психикалық процестердің үйлесімді даму деңгейі мен тұлғалық маңызды қасиеттері ғана әсер етіп қоймай, нышан мен

қабілет те ықпалын тигізеді. Тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту оның қызығушылығы мен ынтасының артуына, сыртқы заттық әрекеттің біртіндеп ішкі ой әрекетіне айналуы шығармашылық бағыттағы нәтижелі іс-әрекетке жетуінің, яғни зияткерлікті дамытудың көзі болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері келешекте кәсіби іс-әрекетте сыни ойлауға негіздеп зияткерлік тұрғыда педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен оған талдау жасау іс-әрекетін атқару, яғни іске асыру әдістемесін жетік меңгеруі тиіс, - деген тұжырым жасаймыз.

1.2 «Зияткерлік», «сыни ойлау» ұғымдарының құрылымы мен мазмұны

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты – Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, - болып табылады [1,б. 28]. Еліміздің білім мен ғылым саласының әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуы, барлық білім беру деңгейіндегі ұйымдардың педагогикалық үдерісті сапалы ұйымдастырылуымен, педагогикалық шеберліктері жетілдірілген педагогтермен қамтамасыз етілген жағдайда білім алушылар табысты нәтиже көрсеткен жағдайда мүмкін болады.

Адам зияткерлігін біртектес еместігін көрген алғашқы философтардың бірі Гераклит болды (б.з.д. ~ 544- 483). Ол барлық адамдар үшін ойлау қабілетін және таным мүмкіндігін мойындады. «Адамдардың көпшілігі немен кездесетініне еш күмән жоқ...» [4,б. 28]. Таным үдерісінің күрделілігін меңзеген философ қоршаған ортаны танып білуді адамның қабілетімен байланыстырғанын көруге болады.

Сократ (б.з.д. ~ 469-399) «ақылға қонымды» ұғымына жақсы ойлай білуді («Протагор» диалогы) кіріктіреді, ал Сократ бойынша ақыл – ой – ойдың жалпы орташа амалы, - деп тұжырымдайды. Адамгершілік білімдерінде Сократ тек дайын күйінде емес, оны ұйымдастыру тәсілі диалог болып табылатын оқушымен бірге ақыл-ой жұмысы арқылы ұмтылу керек болатын мақсаттарды көрді. Оқытудың мұндай түрі адамның ішкі дүниесін ой-санасына, танымына, оның адамгершілік және зияткерлік еркіндігін ашуға ынталандырады. Оның көзқарастары «моральды зияткерлік» атауына ие болды [5,с. 28]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, берілетін білімнің мақсатының нақты болуын, оны ұйымдастырудың тәсілдемесін жетік меңгере отырып, білімді дайын күйінде бермеу өздігінен алуға жағдай туғызудан, білім алушының ішкі қажеттігін, қызығушылығын қанағаттандыру барысында ой-санасы мен танымы артып, адами сапасы мен зияткерлігі дамитынын жинақтай келе «моральді зияткерлік», - деп жасаған тұжырым жасаған. Ғұламаның идеясының өміршеңдігін ХХІ ғасырда еліміздегі білім беру саласындағы өзгерістер мен жаңартуларда осы мәселені қойып отырғаныоған дәлел бола алады.

Платон (~ 427-34? (б.з. б. Д.) зияткерлікті адам ақыл-ойының дамыған бөлігі ретінде; парасатты өзінің іс-әрекетін табиғат заңдарына, қоғамның этикалық

нормаларына сәйкес өз қызметін ұйымдастыра білуі ретінде түсіндіреді. Ол бірнеше интуитивті болса да, ақыл-ой ұғымын «жанның көзі» деп тұжырымдайды. Оның жаны ақыл-ой, сезім мен ерік-жігерінің бірігуі болды [6, с. 29]. Бұдан автордың зияткерлікті тікелей психикалық процестермен байланыста қарастырғанын көреміз.

«Пайымдау», «зерде», «ақыл», «ұғыну» сияқты синонимдік ұғымдардың жиі қолданылуымен қатар зияткерлік ұғымы да философияның ортақ категориясы қатарына жатады. Аристотельдің ілімдерінде бұл ұғым – зерделі индивидуалды бастама не білдірсе, сол болып танылған. Философиялық ойдың әртүрлі кезеңдерінде зияткерлік төменгі танымдық қабілет ретінде де түсінілген. Аристотель бойынша 2-суретте зияткерлік ұғымының жіктелуінің графикалық бейнесі берілді.



Сурет 2 – Зияткерлік ұғымының жіктелуі (Аристотель бойынша)

Әлеуетті зияткерлік – жан қабілеттерінің бірі немесе материядан дүниеде бар заттардың парқы мен формасын абстракциялай алатын немесе соған дайын әлде бірдеңе деп есептейді. Зияткерлік аясында бар нәрселер арқылы формалардың жүзеге асқандығын түсіндіреді: дүниеде бар нәрселер формасына әлі ие болмай тұрған кезде, ол зияткерлік болып табылады, ал формалар жүзеге асты дегенше ол өзекті зияткерлікке айналады.

Өзекті зияткерлік – өзекті пайымдалатын болғандықтан зияткерліктің формалары болып табылатын зияткерлігін пайымдау объектісіне бағдарланып, бұған дейін өзекті деп саналып келген зияткерлік жүре келе дарыған зияткерлікке айналады.

Жүре келе дамыған зияткерлік – ешуақытта да материяда болмаған және онымен мүлдем байланысы жоқ абстракцияланған форма.

Әрекетшіл зияткерлік дегеніміз – ешуақытта материяда болмаған және онымен мүлдем байланысы жоқ абстракцияланған форма. Бұл зияткерлік қайсыбір жағынан қарағанда, өзекті зияткерлік болып табылады және жүре келе дарыған зияткерлікке өте жақын болып келеді [7, с. 223].

Бұдан шығатын қорытынды аталған зияткерліктің бөлген түрлері бірінен біріне өтіп отыратын процесс болғандықтан зерттеу мәселемізде аталған түрлердің болашақ мамандарың зияткерлігін дамытуда басшылыққа ала отырып оқыту үдерісінде сыни ойлау технологиясын пайдалану арқылы іске асырылуы

тиіс,- деп санаймыз.

Аверроэс (Ион Рошд) ақыл-ойды түсінудің жаңа жолын ашты, әр жеке адам үшін ақыл-ой адамның туа біткен қасиеті болып табылмайтындығынан тұратын біртұтас зияткерлік туралы ілімнің дамуына бастау алды. Ал адамның тұлғасы таным процесінде объективті ақылдың барлық жаңа түрлерін алады [8,р. 135]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, адамның ақыл-ойы оның өзінің дамуымен алған білімі, тәрбиесі, қоршаған ортаны тануымен байланысты. Жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда оқу-танымдық үдерісте сыни тұрғыда ойлауға басымдық берілсе, оның зияткерлігі дамиды.

И. Кант философиялық тұрғыда зияткерлікті тірі ағзаның диалектикасы, - деп санайды. Ол адамның белсенділігіне тереңірек көңіл бөліп, белсенділігі жоғары категорияны субъект, - деген пікір білдіреді. Сонымен қатар, «...адам түсінігінің екі негізгі дінгеі бар, мүмкін ол бір ортақ, бірақ белгісіз тамырдан, атап айтқанда, сезімталдық пен ақыл-ойдан таралуы мүмкін. ... Сезімталдық ойлауға мүмкіндік береді. Ал ойлар мен ұғымдар біздің танымның бастауының мәні...», «Ақырында, философияның келесі дамуына толық дәлел тапқан оның жаңа ойы:» ақылдың басты ұмтылысы – танымның жүйелілігін жүзеге асыру, білімді бір принциппен байланыстыру; біздің ақыл – ойымыз – жүйе ... ол тек зерттеу жүйесі ...» [10,с. 617]. Философтың пікірін тұжырымдайтын болсақ, әрбір тұлғаның белсенді әрекеті оны субъект ететіні, сол әрекет барысындағы сезімталдық пен ақыл-ойдың танымға жетелейтінін, оны жүйелі іске асыруда білім берудегі дидактикалық принциптерді басшылыққа алынуы зияткерлікті дамытатыны сөзсіз.

Философ Анаксагор: ақыл ғана шектелген, тәуелсіз және басқа ешқандай затпен араласпай, жеке дара болып қалады. Барлық заттар өмір сүретін болғандықтан тар және кең мағынасында оларды ақыл билей отырып, зияткерлікті құрайды. Айналым күші болатын жоғары сана да әмбебап айналуға қатысады, - деп тұжырым жасаған [11,с. 101]. Яғни бұдан мынадай ой түюге болады: адамның ақылы неғұрлым жоғарылаған сайын зияткерліктің де ауқымы кеңейіп ұлғая түседі.

Гегель бойынша, негізгі қызмет – белгілі бір жүйе беру үшін көріністерді өңдеу болып табылады. Ақыл парасатқа қарағанда, шексіз, сананың өзіндігі және шынайылығы бар, - деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, автор ақыл-ой таным үдерісінде қажет деп санады, оның ақылға қонымды ойлаудың сәті ретінде рөлін мойындады. Гегель «зияткерлік» ұғымын да қолданды, бірақ оған нақты анықтама бермеді. Мәселен, ақыл-ойдан басқа, ол парасаттың ерекше қасиеті ретінде танымды түсінді. Оның ерекшелігі – көптеген жағдайларда ол ақылға сыймайды, танымға кіреді деп ой түйді. Гегель саналы ақыл тұрғысынан: «...зияткерлік... – әлемді дәл сол қалпында көрсетуге тырысу», - деп жазады [12,с. 418]. Философтың пікірін қорытатын болсақ, ақыл мен парасаттың ара жігін ажыратып көрсеткенін және зияткерлікті парасаттылықтың басты қасиеті деп тұжырымдағанын көреміз. Зияткерлікті саналы ақылмен байланыстыра жасаған пікірін басшылыққа аламыз.

У. Самнер: әлеуметтік бәсекеде жеке адамның эгоизмі жеңіп, зияткерлік

шешуші күшке айналады, соның негізінде адамның неғұрлым күрделі қажеттіліктері қалыптасады. Осыған байланысты зияткерлік әлеуметтің ажырамас факторы болып табылады. Мақсат қоюдағы зияткерлік тұлғаның өмір сүруін қамтамасыз ете отырып, қоршаған ортамен қарым-қатынасын қалыптастырады [13,р. 124]. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастырсақ, сыни ойлау нәтижесінде зияткерлікті дамытуда тұлғаның алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне жетудегі табысты іс-әрекет барысындағы тұлғааралық қарым-қатынас қана емес, қоршаған ортамен де қатынасы болып табылады.

Карл Поппер: Жасанды интеллект ішінара ақпаратты талдау және бақылау үшін негізгі реттеушілердің бірі ретінде оның негізін құрушы қажетті атрибутқа айналды. Дүниежүзінің ашық тұжырымдамасы толықтыруға, өндеуге болатын ақпараттардан қалыптаса бастады. Дүниенің ашық тұжырымдамасы, адамдар осындай идеялардан бас тарқан жағдай болса да ешқашан өзектілігін жоғалтпайды, өйткені, ақпараттың бақылаусыз өсу үрдісі қоғам мен техниканың дамуын тереңірек және кеңірек қамтитын болады. Ақпарат ағынының өсуімен деректер тек ұлғаяды, демек, қоғамды ашық қоғамға айналдырады [14,с. 59]. Бұдан шығатын қорытынды қазіргі ақпараттану мен цифрландырудағы ашық қоғамда өмір сүру жағдайында адамдар әрқашан өзекті болып қалатыны, қоғам оған әрқашан тәуелді екенін баса айтқанын, қаншалықты ақпарат ағымы жылдам болса, оны игеру мен басқаруда жасанды интеллектіні атрибут ретінде пайдаланатын тұлға, - деген тұжырым жасаймыз.

Әл-Фарабидің пікірінше, адамның тұлғалық іс-әрекетінің көрінісі қашан да «жанның тілегі», зияткерлікке тәуелді. Бұл пайымдау адам болмысының тұлғалық сипатын екі тұрғыда зерделеуге жол ашып отыр. Яғни, біріншіден, парасаттылық, сезімталдық, түсінік, зерделілік – бұл адам бойындағы туа біткен қасиеттер. Екіншіден, бұл қасиеттер адам бойына жүре бара да дариды. Тәрбие, оқу, іздеу – бұның барлығы адам бойына жүре бара даритын зияткерлігін көрінісі, – болып табылады [21,б. 23]. Ұлы ұстаздың пікірін болашақ мамандардың зияткерлігін дамытуда олардың туа біткен қасиеттерін, оқыту үдерісін ұйымдастыру барысында сыни технологияны пайдалану арқылы жүзеге асыруға болады, яғни осы мамандықты меңгертетін оқу бағдарламаларын іске асыратын іздену, зерттеу іс-әрекетінің тапсырмаларын орындатуда адамның зияткерлігі, қабілеттілігі парасаттылық арқылы қалыптасады, -түйіндейміз.

Ж.Баласағұн «Құтты білік» дастанында адамның зияткерлігі оның жақсы, көркем мінез-құлығымен пара-пар деп санайды. Барлық нәрсенің мәні-мағынасын түсінуге оның бойындағы ақыл-парасаты қабілетті, - деп түсіндіреді [22,б. 235]. Бұл жерде ақыл-парасат деп отырғаны шыдамдылық, төзімділік, сыйластық, яғни зияткерліктің қалыптасып, дамуына ұстамды мінездің қажеттілігі маңызды. Автордың пікірін қорытатын болсақ, болашақ маманның зияткерлігін дамытудың негізінде білім жатқанын түсіндіре отырып, білім алушылардың оқуға, белгілі бір мамандыққа яғни біздің жағдайда бастауыш сынып мұғалімі мамандығына деген қызығушылығын таныта отырып, шешімді парасаттылықпен қабылдауына ықпал ету, - керек деп тұжырымдаймыз.

Ш.Уәлихановтың пікірінше, адамның ақыл-ой қабілеттері мен мәдениет

деңгейі тәрбие арқылы жүзеге асады деп, қазақ халқының ақыл-ой қабілетін жоғары бағалап: «Қырғыз-қазақтар табиғатынан ақылды және әсершіл», - деген тұжырым жасайды [23,с. 45]. Ғалымның пікірінен, тұлғаның зияткерлігін дамытуда тәрбиенің маңыздылығын адам қабілеттері дамуының алғышарты деп санағанын көруге болады деген қорытынды жасадық.

Абай афоризмдеріндегі жан қуаты – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген бірліктен тұрады. Адамның зияткерлігі ғылымның рухани кілтіне айналу үшін өмір бойы іздену, білім алу, үйрену қағидатының іске асырылып отыруымен байланысты екенін байқаймыз. Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу екенін айтады [24,б. 232]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ маманның ақыл-ойын ұштауға бағытталған оқыту үдерісін ұйымдастыруда олардың зияткерлігін дамытуды басты мақсат етіп қою қажет,- деп санаймыз.

Ә.Нысанбаев адамның зияткерлік, парасаттылық мүмкіндігін оятудың маңызының зор екенін көрсете келіп, негізгі үш түріне тоқталған. Біріншіден, еңбек өндірістегі жекелеген қызмет түрлерін ғана емес, өндірістің барлық салаларын түгел қамтиды. Міндет әрбір жұмыс орнындағы адам зияткерлік, парасаттылықпен еңбек етуге мүдделі болып, оған жауапкершілікпен қарауы керек. Екіншіден, жұмысқа барлық уақытта да еңбекке қанағаттану сезіміне байланысты қарау. Өзінің мамандығына көңілі толған адамның еңбегі де сапалы болады. Үшіншіден, зияткерлік, парасаттылықпен еңбек етудің басты көрсеткіштері өнертапқыштық болып саналады. Шын мәнінде, өзіне сеніп тапсырылған техниканың еңбек операцияларын, өндіріс технологиясын ұдайы жетілдіріп отыру ісіне барынша ат салыспау мүмкін емес [25,б. 123]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің субъект ретінде қалыптасуына оның жауапкершілігі, өзінің орындаған тапсырмасына қанағаттанбау, яғни ізденуге білімге деген қызығушылықтың артуы, оқыту үдерісіндегі жаңашылдық, жетілдіруге арналған ақпараттарды алып тұруы болып табылады. Сонда ғана бұл жаңа ақпараттар оның маман ретінде өзінің зияткерлік қуатын оятуға, сөйтіп, маман ретінде қалыптасуына, сонымен бірге өзінің сыни тұрғыда шығармашылықпен ізденуге қажеттілігін арттыруға бағыттайды. Өйткені, осы аталғандар адамның өзін-өзі тануға, шешім шығаруда сенімділігі мен проблеманы шешуге деген қабілетін арттырады.

Философиялық ойларды тұжырымдай келе, зияткерлік – тәжірибесінің жаңа ашылымдары мен жаңалықтарының мазмұндарымен ассимиляциялау арқылы: мәдениетті мінез-құлық, таным, ойлау әрекеті, ақыл-парасаттылық, қарым-қатынас, өмір бойы білім алу, белсенділік, тәжірибеге ден қою т.б. сынды ассоциациялармен байланыс табатынын байқауға болады.

Үлкен кеңес энциклопедиясында: сезім, ерік, интуиция, қиял сияқты рухани қабілеттерге қарағанда зияткерлік ойлау қабілеті ретінде анықталады. Зияткерлік, кең мағынада – бұл адамның барлық танымдық іс-әрекеті, ал тар мағынада, қарым-қатынас құралы ретінде ой алмасу және адамдардың өзара түсіну үдерісі [80,б. 311].

Қысқаша философиялық сөздікте: зияткерлік (лат. Intc]lectus-таным, түсіну, ақыл-ой) басқа рухани қабілеттерге қарағанда (сезім, ерік, қиял және т.б.) «ойлау

қабілеті, рационалды таным деп түсіндіріледі. Адамның зияткерлік қабілетін бағалау үшін психологияда зияткерлік тестілері қолданылады» [81,с. 318].

Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінде зияткерлік терминінің әр стильде кездесу жиілігіне талдау жасалынғанын байқауымызға болады [82,б. 318].

Кесте 1 – Зияткерлік терминінің әр стильде кездесу жиілігіне талдау

Рет саны	Сөз/сөз табы	Ғылыми стиль	Ресми іскери стиль	Көркем әдебиет стиль	Публицистикалық стиль	Сөйлеу стилі	Стильдер қосындысы	Ортақ база	Барлығы
1	Зият/зат есім	-	-					2	2
2	Зият/ сын есім	1					1	-	1
3	Зияткер/зат есім	1	5		1		7	5	12
4	Зияткерлік/ сын есім	29	31		20		80	45	125
5	Зиятты/сын есім							1	1

Н.И. Кондаковтың логикалық анықтамалық сөздігінде: зияткерлік табиғатты, қоғамды және өзін тануға және түрлендіруге бағытталған жоғары ұйымдастырылған материя – адам миының іс-әрекеті көріністерінің тұтас жиынтығы түрінде қарастырылады; бұл ретте тек ойлаумен ғана теңестіру «зияткерлік» ұғымын білдіреді [83,с. 625]. Аталған сөздіктердегі анықтамаларға тоқталатын болсақ, зияткерлік психикалық процестермен байланыста қарастырылады. Зияткерлік кең және тар мағынада оқу-танымдық әрекет ретінде қарастырылып, оның құралымен де байланыстырады. Сонмен қатар тұлғаның зияткерлігін айқындайтын тест түрлерінің қолдану қажеттігі айтылған.

Сонымен қатар ғылыми еңбектерге талдау нәтижесінде төменде берілген 2-кестеге сәйкес зияткерлік ұғымына контент талдау жасадық.

Кесте 2 – Зияткерлік ұғымына контент талдау

Негізгі идея	Анықтамасы	Дереккөздері
1	2	3
зияткерлік –	1) қабілет негізінде жататын, іс-әрекеттің табыстылығын анықтайтын танымға және мәселені шешуге деген жалпы қабілет; 2) индивидтің барлық танымдық (когнитивтік) қабілеттерінің жүйесі: түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял;	Большой психологический словарь. — М.: Прайм-ЕВРОЗНАК. Под ред. Б.Г. Мещерякова, акад. В.П. Зинченко. 2003. http://www.psyoffice.ru/5-psychology-814.htm [84].
зияткерлік	кең мағынада, – бұл адамның барлық танымдық әрекеттері, тар мағынада – араласу, ой алмасу және адамдардың өзара түсіністігі құралы ретінде тілмен тығыз байланысқан ойлау үдерісі	Советский энциклопедический словарь/Гл.ред. М.Прохоров. – М.: Советская энциклопедия, 1986. 4-е изд. С.178 [85,с. 178].
зияткерлік	философиялық сөздігінде «зияткерлік» термині жоқ, «интеллектуализм» – зияткерлікті сезімдік таным мен практикадан метафизикалық бөлетін, ол арқылы танымды алдыңғы қатарға қоятын философиялық ілім, деп жазылған	Гуревич П.С. Философский словарь / под ред. И.Т. Фролова. – 7-е изд., перераб. – М.: Республика, 2004. – 210 с. [86,с. 130].
зияткерлік	ақылмен іс-әрекет жасау, рационалды түрде ойлау және өмірлік мәселелерді дұрыс жеңе білу, яғни зияткерлік адамның қоршаған ортаға бейімделе алу қабілеті.	Wechsler D. The measurement and appraisal of adult intelligence. Baltimore: Williams and Wilkins, 1958 [87].
зияткерлік	зияткерліктің жалпы құрылымы тек жеке тәжірибені ғана емес, сондай-ақ адамның білімдерді меңгеріп, оларды шығару қабілеттерін анықтайтын жалпы заңдылықтарды да білдіреді.	В.Ю.Крамаренко Никитин В.Е., Андреев Г.Г. Интеллект человека. Воронеж, 1990. [88,с. 48].
зияткерлік	әртүрлі деңгейдегі танымдық функциялардың (атап айтқанда, психомоторика, ес, назар, ойлау) бірлігін білдіретін күрделі ойлау әрекеті.	Структура интеллекта взрослых: сб. Науч. Трудов. Под ред. Е.И. Степановой, Я.И. Петрова. Л.: АПН СССР, 1979. [89,с. 97].
зияткерлік	бұл кеңістік шеңберінде болып жатқанды менталды мәлімдеу және бейнелеудің менталдық кеңістігін тудыратын менталды құрылымдар түріндегі жеке менталды (ой) тәжірибесін ұйымдастырудың ерекше формасы.	М.А.Холодная Психология интеллекта. Парадоксы исследования - СПб.: Питер, 2002. - [33,б. 165].
зияткерлік	зияткерлік тәжірибе негізінде тез оқуға үйрену, күрделі идеяларды түсіну, абстарктілі ойлау, қорытынды жасау, жоспарлау, мәселені шешуге мүмкіндік беретін жанры ақыл-ой қабілеті.	Линда Готтфредсон Gottfredson L. S. Mainstream Science on Intelligence // Wall Street Journal. – 1994, December –13. [26,б. 25].

2 - кестенің жалғасы

1	2	3
зияткерлік	ақыл-ой қабілеті, адамның ақыл-ой бастамасы. Зияткерлік (парасат, зият), (лат. Intellectus – ақыл, парасат, ес) – индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің біршама орнықты құрылымы.	Қ.Б.Жарықбаев, О.Сангилбаев [90,б. 255].
зияткерлік	адамның ақыл-ой бастамасы мен эмоционалдық күйзелісі бірлестігіндегі ойлау мүмкіндігі	Т.Қ.Жанқұл [51,б. 28].

Біздің зерттеу тақырыбымызға сәйкес ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып, «зияткерлік» ұғымының анықтамасы мен сипаттамасын 3 – кестеге сәйкес төмендегідей жіктедік.

Кесте 3 – «Зияткерлік» ұғымының анықтамасы, оның сипаттамасы

Ғалымдар	Анықтама	Сипаттама
1	2	3
Платон	ойлау процесінің ерекше құндылығы, ойлау арқылы әлемді тану	заттарды дұрыс түсінуге келу
Аристотель	пікір, қабілет	білімді негіздеу және психологиялық индуктивті тәсілмен жұмыс жасау мүмкіндігі
Кант И.	Ақыл адамды анықтайды, парасатты болмыстың қадір-қасиеті бар, ал ақылға қонымсыз, ойланбайтын адам оған қабілетсіз	пайымдау принциптерін беретін жоғары таным қабілеті
Әл-Фараби	парасаттылық, сезімталдық, түсіну, зеректік, білімділік, оқу, іздену	оқу процесін ұйымдастырудағы туа біткен қасиеттерді іске асыру, іздену, зерттеу қызметін жүзеге асыру
Гурьевич П.С.	адамның барлық ақыл-ой қабілеттерінің, танымдық дағдыларының жиынтығы	мақсатқа байланысты ақыл-ой қабілеттерін, өмірлік тәжірибеде білім мен дағдыларды қолдана отырып, түпкілікті шешім қабылдау
Пиаже С.	Субъектінің өзгеретін ортаға бейімделуі	жаңа білім алу арқылы адамның өмір сүру жағдайына бейімделуі
Бине А.	өзінің ақыл-ойының, сондай-ақ бастамашылығының арқасында өмірге бейімделе алатын адам	адамның қоршаған ортаға бейімделу қабілеті
Бердибаева С.Қ.	қабілеттер, нақты танымдық іс-әрекет	адамның шығармашылық қызметінің шарттары
Жарықбаев Қ.Б., Сангилбаев О.С.	ақыл-ой қабілеттері, адам санасының бастауы	ақпаратты мақсатты бағытта өңдеу, түзету, оқу мүмкіндігі

2- кестенің жалғасы

1	2	3
Нурғалиева Г.Қ.	табиғи және генетикалық негізге негізделген жеке алғышарттар жиынтығы, әлеуметтік белсенділік, ақыл-ой әрекеті түсіну	шынайы, гностикалық, конструктивті және рефлексиялық
Кенжебаева Т.Б.	тапқырлық қорынан, қиылысу қабілетінен, дивергентті ойлаудан, ассоциация еркіндігінен, мотивациядан және зияткерлік бағдардан тұратын өзгермелі психологиялық құрылым	білім мен дағдыларды практикада қолдана білу
Умирбекова А.Н.	адамның кәсіби жетістігіне ықпал ететін жеке және кәсіби құрылым, ақпаратты түсіндіру	зияткерлік дағдыларды жүзеге асыруға қабілетті компоненттер жиынтығы [91,р. 757]

Қазіргі психологияда кең мағынада зияткерлік адамның барлық танымдық функцияларының жиынтығы ретінде анықталады (сезім, қабылдау және т.б.); тар мағынада – ойлау ретінде қарастырылады.

Психологиялық сөздікте: «зияткерлік» термині үш негізгі мағынада анықталады. Бірінші – адамның проблемаларды тану мен шешуге жалпы қабілеті, қызметтің табыстылығын төмендететін және басқа да қабілеттер негізі. Екінші – адамның барлық танымдық қабілеттері жүйесі (сезім, қабылдау, есте сақтау, елестету, ойлау, қиял). Үшінші – ақыл-ой тұрғысынан сынамалар мен мәселелерді қатесіз шешу қабілеті [92,с. 36].

Х.Гарднер (H.Gardner) адам зияткерлігінің кем дегенде сегіз орталығы (лингвистикалық, логикалық, көру–кеңістікті, музыкалық, кинестетикалық, натуралды (табиғи), тұлғааралық, ішкітұлғалық) болатындығын негіздеген және оның біреуі ғана іс-әрекетте үстемдік етіп, көзге көрінетін қабілетінде байқалатынын тұжырымдайды. Оның пікірінше, зияткерлік күнделікті әртүрлі іс-әрекеттің барысында (мектепте, кәсіби білім алу кезінде, жұмыс істеу, т.б.) дамитынын тұжырымдап, соған қатысты ойлаудың бірнеше типтерін ажыратады. Олар:

- ойлаудың пәндік типі – адам ойлау моделінің кем дегенде бір моделін (нақты оқу пәні немесе мамандыққа қажет қабылдау тәсілін) меңгеру деп түсіндіреді;

- ойлаудың синтездік типі – әртүрлі пәндер және білімдер салаларынан идеяларды, кейін соның негізінде жаңа идеяларды, тұжырымдамаларды, тұғырларды байланыстыра алу қабілеті;

- ойлаудың креативті типі – жаңа идеялар және тұжырымдамдар тудыру, өзекті мәселелердің дәстүрлі емес шешімдерін табу, жаңа сұрақтарға жауап беру және жаңа феномендерді түсіндіру;


- ойлаудың респектологиялық типі – әртүрлі елдердің мәдениетін қабылдай алу, ұлттық және кәсіби ерекшеліктеріне қарамастан адамдарды сыйлау, әр типті индивидуумдармен және әлеуметтік құрылымдармен өзара әрекеттесуге

дайындығы;

- ойлаудың этикалық (әдептік) типі – адами, адамзаттық және кәсіби парызын өтеу, оларды орындау қажеттілігін түсіну және кез келген салаларда өз әрекетіне жауап беруді білдіреді.

Ойлаудың типтері біртұтас, өзара тығыз байланысты және адамның дамуының нақты кезеңдерінде жүзеге асатындығы жайлы Х.Гарднер былай деп жазады: «Белгілі бір пәнді меңгермей, бір жаңа өнім шығару мүмкін емес, ал шығармашылықсыз пән – тек практикалық білімдердің өлі жүгі» [20,р. 255].

Яғни, зияткерлік іс-әрекетке белгілі дәрежеде жиналған білім, білік, дағдының қоры, адамның тәжірибесінің болуын қажет етеді. Сонымен, адамның жеке зияткерлік қыры әрқашан бірегей дүние екендігін айтуға болады. Дж.Гилфорд зияткерліктің бірнеше ойлау қабілетін құрайтын күрделі құрылымдық моделін ұсынады [18,р. 37].



Сурет 3 – Дж.Гилфорд бойынша зияткерліктің күрделі құрылымдық моделі

Зияткерлікті зерттеуде жеке аспекті, тұлғаның тұтас құрылымындағы зияткерлік рөлін анықтау маңызды болып табылады. Жеке басының ерекшеліктерін, мотивациясын, танымдық қажеттіліктерін, жеке тұлғаның бағыттылығын есепке алу қажеттілігі туралы еңбектерді айтуға болады.

Р.Стернбергтің пікірінше, ақыл-парасатты субъектінің өзін және өз қызметін басқару ұстанымы туралы мәселені белгілей отырып, кең мағынада қарастыруы керек деп ойлайды. Бұл ретте үш сұраққа жауап іздеген жөн: 1) зияткерліктің ішкі әлемге деген қатынасы; 2) оның сыртқы әлемге деген қатынасы; 3) зияткерліктің адам тәжірибесіне қатынасы. Стернберг ақпаратты өңдеуге жауап беретін зияткерлік компоненттерінің үш түрін бөледі:

- метакомпоненттер – ақпаратты өңдеудің нақты процестерін реттейтін басқару процестері. Олардың қатарына: 1) проблеманың болуын тану; 2) проблеманы түсіну және оны шешуге жарамды процестерді іріктеу; 3) стратегияны таңдау; 4) ментальды репрезентацияны таңдау; 5) «ақыл-ой ресурстарын» бөлу; 6) проблемаларды шешу барысын бақылау; 7) шешімнің тиімділігін бағалау жатады.

- орындаушы компоненттер – иерархияның төмен деңгейіндегі процестер. Атап айтқанда, «индуктивті» ойлау үдерісіне (оның табыстылығы «g»

факторымен анықталады) Стернбергтің пікірі бойынша кодтау, қатынастарды анықтау, сәйкестікке келтіру, салыстыруды қолдану, негіздеме, жауап кіреді.

- білім алу компоненттері – субъект метакомпоненттер мен атқарушы компоненттер не істеу керектігін үйренуі үшін қажет [19,с. 40]. Тапсырмаларды шешудегі негізгі қиындық қойылған міндеттің мәнін дұрыс түсінуден тұрады. Осылайша, зияткерлік – түсінік толық емес жағдайда оқу және тапсырмаларды шешу қабілеті деп тұжырымдауға болады. Біздің пікірімізше, аталған зияткерлік түрлері бір-бірін толықтырып, өзара байланыста дамитынын айта кету керек. Сондай-ақ, аталған зияткерлік түрлері бойынша белгілі бір жаста зияткерлік дамуының динамикасын көруге болады.

Ш.Т. Таубаева, С.Т. Иманбаева, А.Е. Берикханова зияткерлік ұғымын адамның қабілеті ретінде түсіндіреді. Ол басқа қабілеттер арқылы іске асырылады дей келе, сол қабілеттердің тізбегін ұсынады: таным, оқу, логикалық ойлау, талдау арқылы ақпараттарды жүйелеу, олардың қолдану аясын анықтау, заңдылықтары мен ерекшеліктерін табу, ұқсас ақпараттармен салыстыру т.с.с. Адамның зияткерлігінің маңызды сапаларына оның талаптылығы, ойының тереңдігі, жылдамдығы, логикалық ойлау, ойлаудың дәлдігі, сыни тұрғысынан ойлауы, ойының кеңдігі, интуицияның дамығандығы жатады. Зияткерлік феноменін толық түсіну үшін оны көпдеңгейлі құрылым ретінде қарастыру керек. Себебі оны генетикалық, әлеуметтік, іс-әрекеттік, феноменологиялық т.б. тұрғылардан қарастыруға болатыны белгілі.

Осы тұрғыларға сәйкес зияткерлік көпдеңгейлік құрылымының графикалық бейнесін 4 – суретке сәйкес төмендегідей бейнеледік.



Сурет 4 – Зияткерлік құрылымы (Ш.Т.Таубаева, С.Т.Иманбаева, А.Е.Берикхановалар бойынша)

Зияткерлік көпдеңгейлік құрылымының анықтамалары:

- әлеуметтік тұрғыдан қарастырғанда зияткерлік – әлеуметтенудің және тұтас мәдениеттің ықпалының нәтижесі;
- генетикалық тұрғыдан, зияткерлік – адамның қоршаған әлеммен табиғи жағдайда әрекеттесу талаптарына бейімделу салдары;
- дидактикалық тұрғыдан, зияткерлік – мақсатқа бағытталған оқыту үдерісі;
- процессуалды – іс-әрекеттік тұрғыдан, зияткерлік – адам іс-әрекетінің

ерекше формасы;


- ақпараттық тұрғыдан, зияткерлік – ақпаратты өндеудің элементарлық үдерістер жиынтығы;

- феноменологиялық тұрғыдан, зияткерлік – сана мазмұнының ерекше формасы;

- құрылымдық-деңгейлік тұрғыдан, зияткерлік – түрлі деңгейдегі танымдық үдерістер жүйесі;

- регуляторлық тұрғыдан, зияткерлік - өзін-өзі түзету факторы [93,б. 275].

Ғалымдардың пікірінше қазіргі таңда зияткерлігің төрт негізгі түрі білім беру саласында маңызды болып табылады делінген. Олардың графикалық бейнесі төмендегі 5 – суретте берілген.



Сурет 5 – Зияткерлік түрлері (Ш.Т.Таубаева, С.Т.Иманбаева, А.Е.Берикхановалар бойынша)

- элеуметтік зияткерлік – адамдардың білімі мен элеуметтік жағдайларын және оларды элеуметтік өзара әрекеттесуде шешу дағдысын анықтауға мүмкіндік беретін білім, білік немесе дағдыны меңгерген, тұлғалық белгілерінің жоғарылығымен ажыратылатын таным түрі

- жалпы зияткерлік – кез-келген өмірдегі мәселені танып білу мен шешуге қатысты қабілет. Индивидтің танымдық үдерістерінің жүйесі («ойлау, сезіну, қабылдау, жадына сақтау, қиялдау, елестету және т.б.) негізінде жатқан таным мен мәселелерді шешудің жалпы қабілеттілігі

- эмоционалдық (әсершіл) зияткерлік – эмоциямен берілген ақпараттарды қайтадан өндіру және адамдардың өзара қарым-қатынасы барысында ойлану және шешім қабылдау үшін эмоционалды ақпараттарды негіз ретінде пайдалану қабілеті.

- тәжірибелік – тұлғаның кәсіби қызмет барысында білімін тиімді пайдалануына мүмкіндік беретін кәсіптік қызметтің мазмұнды (білімділік) және процессуалды (тәжірибелік) интегративті сипаттамсы негізінде тәжірибе жинақтауы.

Зияткерлік қабілет ретінде әдетте басқа қабілеттер арқылы іске асырылып отырады, мұндай қабілеттерге танып білу, үйрену, ойлау, ақпаратты талдау мен синтездеу арқылы жүйеге келтіру, оның қолдануға жарамдылығын анықтау, одан байланыстарды, заңдылықтар мен айырмашылықтарды тауып отыру, оны

ұқсас ақпаратпен ұқсастыру және т.б. жатады.

О.С.Сангилбаевтың пікірінше, зейін – психологиялық феномен. Зейін мен таным үдерістерінің бағыттылығы және таңдамалығы тығыз байланысты. Зейін анық және дәл қабылдауды, естің беріктігін және таңдамалығын, ой әрекетінің бағытылығы мен нәтижелігін анықтайды. Барлық танымдық әрекеттер функцияларының сапалығы және нәтижелігі зейінге тәуелді. Зейін – психикалық әрекетті нақты объектіге бағыттап әрі шоғырландырып, айрықша анық бейнелеуді қамтамасыздандырады. Ойлау үшін мәселені дұрыс түсінуге және шешуге ықпал ететін фактор. Әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде, зейін адамдардың өзара түсінісуіне, бейімделулеріне, әдептілікті ұстануға, қандай да бір дау-дамай жағдайын ескеріп шешуді қамтитын фактор – деп зейіннің ойлаудағы атқаратын рөлін ескертеді [37,б. 49].

Бұл жүйенің функционалдық маңызы – субъектінің алдында тұрған түрлі проблемаларын шешу және жаңа проблемаларды қою. Зияткерлік жүйесінің тиімділігі төмендегідей анықталады:

1) жүйеден алынатын нәтижелерді жинақтау шарасы, оларды жаңа жағдайларға көшіру мүмкіндігі;

2) шешімнің қарапайымдылығының өлшемі – үнемділік, зияткерлік жүктемелерді азайту.

Л.С.Рубинштейн адамның ақыл-ой қабілеттерін, зияткерлігін соған алып келетін ойлау үдерісін анықтамай тұрып, оның тек бір әрекетінің нәтижесі арқылы ғана анықтауға болмайды – деп атап көрсетеді [30,с. 205]. Кез келген ақыл-ой қабілетінің басты компоненті осы адамға тән талдау, синтездеу және қорыту процестерінің сапалы нәтижесі болып табылады. Қабілеттердің туынды компоненті операциялардың (ақыл-ой іс-әрекеттерінің, олардың көмегімен тиісті қызмет жүзеге асырылуы мүмкін) неғұрлым немесе аз үйлескен және пысықталған жиынтығы болып табылады. «Ойлау – қабілет» ұғымын енгізе отырып, ол зияткерлік тетіктерін түсіндіруге ойдың операциялдық-процессуалды динамикасының ішкі заңдылықтарын зерттеу арқылы бару қажет екенін атап өтті.

О.К.Тихомировтың семантикалық ойлау теориясында «зияткерлік» деп аталатын эмоциялардың ерекше түрі бар. «Интеллектуалды эмоциялар алдынала болжайтын және эвристикалық болып табылады, яғни олар ақыл-ой іс-әрекетінде семантикалық неоплазмалардың пайда болуын білдіреді және интегративті функцияны орындайды және жоғары деңгейдегі тұтастыққа біріктіреді» [94,с. 395].

К.А. Абульханова-Славская іс-әрекет теориясы шеңберінде зияткерлік белсенділіктің механизмдерін түсіндірудің басқа тәсілдерін ұсынды. Ғалымдар тұлғалық факторларды: міндеттерді шешуге әсер ететін эмоциялық, мотивтік, мақсат қою үдерістері деп бөліп көрсетті [95,с. 238]. Зияткерлікке бұл адамның танымдық іс-әрекетінің қасиеттері мен сапасының тұрақты және дамып келе жатқан жүйесі, бұл өмірлік тапсырмаларды шешу қабілетін жатқызамыз.

З.И. Калмыкова зияткерлік табиғатын өнімді ойлау арқылы анықтауды ұсынады, оның мәні жаңа білім алу қабілеттілігінен тұрады және адамның жаңа

білімді өз бетінше ашу және оларды стандартты емес жағдайларда қолдану қабілеті жеке зияткерлігінің «ядросы» болып табылады,- деп тұжырымдайды [96,с. 135]. Білім алу көрсеткіші – білімнің жалпылау деңгейі, оларды қолдану кеңдігі, оларды меңгеру жылдамдығы, оқуда алға жылжу қарқыны болып табылады.

Б.Г. Ананьев зияткерлік теориясының терең бірлігін және тұлға теориясын атап өтті. Бір жағынан, қажеттіліктер, мүдделер, ұстанымдар және басқа да жеке қасиеттер зияткерлік белсенділігін анықтайды. Екінші жағынан, мінез-құлық қасиеттері және мотивтердің құрылымы шындыққа қаншалықты нанымдылығына, қоршаған ортаны және жалпы зияткерлігі тану тәжірибесіне байланысты болады [97,с. 125]. Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, тұлғаның қажеттілігі, алдына қойған мақсаты, оған жетудегі ұстанымдары мен белсенді іс-әрекеттерін жатқызамыз. Екінші жағынан адами сапалық көрсеткіштері, қызығушылықтары, қоршаған ортаны танып білудегі тәжірибесімен байланыстыра қарастырамыз.

Б.М. Величковский зияткерлікті танымдық көріністің алты деңгейін қамтитын танымдық процестердің иерархиясы ретінде ұсынады: А және В деңгейлері – пәндік ортадағы қатынастарды реттеу (қарапайым қозғалыс реакциялары, кеңістіктегі объектілерді оқшаулау); С және D деңгейлері – пәндік ортадағы қатынастарды реттеу (пәндік жағдайды құру жағдайындағы пәндік іс-әрекеттер); Е және F-білімді ұсыну және сақтау үшін жауап беретін «жоғары символдық үйлестіру» және «сызықты түрлендіру стратегиясы» [98,с. 159]. Біз автордың ұсынған деңгейлерін танымдық процестің иерархиясын зерттеу жұмысымызда басшылыққа аламыз.

В.Н. Дружинин сондай-ақ когнитивті қабілеттерін жүйелендіруге мүмкіндік береді. Зияткерлік — 1) кез келген іс-әрекеттің табыстылығын анықтайтын және басқа да қабілеттер негізінде жатқан проблемаларды тану мен шешудің жалпы қабілеті; 2) индивидтің барлық танымдық қабілеттерінің жүйесі: сезім, қабылдау, есте сақтау, елестету, ойлау, қиял; 3) «ақылда» сынамасыз және қатесіз мәселелерді шешу қабілеті.

В.Н. Дружинин зияткерлік табиғатын түсіндіруде негізгі бағыттарды жүйелей келе, олардың барлығы «бір-біріне қатысты сабақтастық және толықтырушылық тәртібінде қалыптасып, дамыды», - деген қорытындыға келеді. Бұл факт және зияткерлік ұғымы анықтамаларын талдау, зияткерлік тек регулятивтік қызметті ғана атқарып қоймай, іс-әрекеттік және әлеуметтік табиғаты бар, ал оның қалыптасуы адамның тұлғалық дамуынан бөлінбейді, - деген қорытынды жасайды [99,с. 349]. Бұдан шығатын қорытынды тұлғаның зияткерлігін дамытуда оның білім алуындағы іс-әрекет түрлерін қажетіне қарай практикада, өмір тәжірибесінде қолдануы, кез келген ортада яғни әлеуметтену үдерісінде іске асыруымен сипатталады. Сондықтан да зияткерлікті тұлғалық дамудан бөліп қарастыруға болмайды деген пікіріне қосыламыз. Жоғарыда ғалымдардың жасаған теориялық талдауларын негізге ала отырып, зияткерлік ұғымының тікелей тұлға дамуымен бірлікте қарастырып, оқыту үдерісінде меңгертілетін білім мен біліктің негізінде дамытуға болатындықтан, оны сыни

ойлау технологиясын пайдалану тиімді, - деп есептейміз. М.А. Холодная когнитивті тәсіл аясында тұжырымдамасында: зияткерлік– бұл жеке ментальдық (ақыл-ой) тәжірибені ұйымдастырудың ерекше түрі, олар көрсететін ментальдық кеңістіктен туындайтын және осы кеңістік шеңберінде салынып жатқан ментальдық репрезентациялар,- деген пікірін білдіреді [100,с. 265]. Менталдық тәжірибе – бұл адамның әлемге танымдық көзқарасы негізінде жатқан және оның зияткерлік қызметінің нақты қасиеттерін негіздейтін қолма-қол психикалық білім беру және олардың бастамашылық ететін психикалық жай-күй жүйесі. Менталдық тәжірибе үш негізгі нысанда ұсынылған. «Менталдық тәжірибе» санатындағы терминдерде зияткерлікті сипаттайтын негізгі ұғымдардың арақатынасының графикалық бейнесі 6-суретте берілген.



Сурет 6 – «Менталдық тәжірибе» санатындағы терминдерде зияткерлікті сипаттайтын негізгі ұғымдардың арақатынасы

Бұдан шығатын қорытынды менталдық тәжірибе құрамына когнитивті тәжірибе (қолма-қол және келіп түсетін ақпаратты сақтауды, ретке келтіруді және өзгертуді қамтамасыз ететін және саналы субъектінің қоршаған ортасының тұрақты, заңды аспектілерінің психикасында ойнатуға жауап беретін менталдық құрылымдар), метакогнитивті тәжірибе (өз зияткерлік қызметін ерікті және еріксіз басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін менталдық құрылымдар), интенционалды тәжірибе (жеке зияткерлік бейімділіктердің негізінде жатқан менталдық құрылымдар) кіргізеді.

Қ.Б. Жарықбаев пен О.Сангилбаевтардың пікірлері бойынша, зияткерлік – ақыл-ой қабілеті, адамның ақыл-ой бастамасы. Зияткерлік (парасат, зият), (лат. Intellectus – ақыл, парасат, ес) – индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің біршама орнықты құрылымы. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық процестер кіреді. Зияткерлік адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Зияткерлік ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі

жүйелерінің танымдық іс-әрекеті [90,б. 255]. Ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, біздің пайымдауымызша зияткерлік– бұл адамның білімі, мәселелерді түсіну және шешуге деген қабілеті деген тұжырымға келдік. Зияткерлік адамның барлық когнитивтік процестерін, мысалы, қиял мен қабылдау, сезім, есте сақтау, ойлау және ұсыну сияқты қасиеттерін біріктіреді.

С.Қ. Бердібаева зияткерлікті адамның шығармашылық іс-әрекетінің шарты ретінде қарастырды. Ол «Зияткерлік» ұғымын көпжоспарлы, зияткерліктің формалды сипаттамасы – қабілет, ал мазмұнды сипаттамасы – нақты танымдық іс-әрекет, – деп тұжырымдайды [101,б. 49]. Бұдан шығатын қорытынды зияткерлікті шығармашылықпен байланыстырғанын көреміз. Зияткерлік тікелей тұлғаға қатысты болғандықтан оның қабілетіне сәйкес оқу-танымдық әрекетін орындауы болып табылады.

Психологиялық зерттеулер мынадай қорытынды жасауға негіз болды: зияткерлік тұлғаның туа біткен қабілеттерімен негізделеді. Сондықтан батыс ғылымында зияткерлік ұғымын өлшемдік процедуралармен байланыстырады. Оның негізінде туа бітті ақыл-ой әлеуетінің деңгейін анықтайтын әрі тұлғаның генетикалық жағдайын бағалайтын тест әдістері қолданылады. Сондықтан зияткерлікті дамыту – бұл индивидтің биогенетикалық нышандары мен әлеуметтік ортаның өзара қарым-қатынасы, әрекеттесуі. Бұндай қарым-қатынастың нәтижесінде алдыңғы айтылған детерминанттармен өлшенбейтін жаңа сапа пайда болады, яғни индивидтің биологиялық ерекшеліктері алынған, әлеуметтік ақиқат болмыста жүзеге асырылған адамзаттық зияткерлікке тән сапа қалыптасады. Бірақ адам белгілі бір әлеуметтік қатынаста бола тұрса да, зияткерлік даралықты терістеуге, жоққа шығаруға болмайды. Психофизикалық және әлеуметтік басқарудың индивидуалды зияткерлік айырмашылықтары олардың айқындаушы тетіктеріне толыққанды сәйкес келе бермейді. Ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, зияткерліктің түрлеріне контенттік талдау жасаймыз.

Кесте 4 – Зияткерліктің түрлеріне контенттік талдау

Зияткерлік түрлері	Анықтамасы
1	2
Академиялық Г.Айзенк бойынша	Регламенттелген (қоғамда әлеуметтік мақұлданған, ұйымдасқан, заң түрінде бекітілген) оқыту жағдайында (мысалы, мектепте ЖОО және т.б) білімдерді, дағдыларды сапалы және тез қабылдауда, үйренуде көрінетін адамның қабілеті [16,с. 47].
Аналитикалық Стернберг бойынша	Зияткерлік тесттері көмегі арқылы бағаланатын зияткерлік типі, оның негізінде логикалық ойлауды дамытуды талап ететін міндеттер қойылған. Аналитикалық интеллект мәселені талдау немесе шешу қажет болған кезде пайдаланылады. Бұл интеллект түрі IQ сынақтарымен өлшенеді, бұл Стернбергтің пікірі бойынша, мидың аналитикалық қабілеттеріне ғана бағытталған, ақыл-ойдың жалпы деңгейін анықтау үшін мүлдем сәйкес келмейді [19,б. 247].

4 – кестенің жалғасы

1	2
Биологиялық Г.Айзенк	Адам ағзасының туа біткен қызмет ету ерекшелігіне негізделген, арнайы оқытусыз дамидын жалпы зияткерлік қабілеттері [16,с. 47].
Вербалды Д.Векслер	Адамның зияткерлі іс-әрекетінде өзінің тілін, сөйлеуін қолдана алу қабілеті [87,с. 147].
Математикалық Л. Терстоун	Жалпы алғанда – адамның математикалық білімдерді меңгеруде және қолдануда көрінетін зияткерлік қабілеттері [102,с. 156].
Вербалды емес Д. Векслер	Ойлау әдісі ретінде тілмен, сөйлеумен байланысты емес зияткерлік және адамның тапсырмаларды практикалық әрекеттер көмегімен шешу жағдайында көрінеді [87,б. 147].
Жалпы Ч. Спирмен	Адамның түрлі іс-әрекеттерді орындау табыстылығына әсер ететін жалпы ақыл-ой қабілеттері сипаттамасы [16,б. 82].
Психометриялық Г. Айзенк	Психологиялық тесттер арқылы бағаланатын адамның зияткерлігінің даму деңгейі [103,р. 45].
Әлеуметтік Э.Торндайк	Адамның басқа адамдарды, олардың мінез-құлқын, әлеуметтік оқиғаларды дұрыс қабылдауға, бағалауға мүмкіндік беретін ақыл-ой және табыстылықты қамтамасыз ету қабілеті [104,р. 114].

Қорыта келе, *зияткерлік дегеніміз – кез келген іс-әрекетте табыстылыққа жеткізетін өнімді ақыл-ойдың біршама тұрақты құрылымына негізделген (ақыл, парасат, ес) өздігінен алған білімінің оқу-танымдық әрекеттерде проблемаларды тану, түсінуі, проблеманы қою мен оны шешудің жолдарын іздестіре отырып, оң нәтижеге жетудегі қабілеті, - деген анықтамамызды ұсынамыз.*


Қазіргі таңда білім беру сапасын арттыруға әсер ететін факторлар – сыни тұрғыдан ойлауға үйрету; сыни тұрғыдан өздерін-өздері бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсінудің қажеттілігімен сипатталады. Сыни тұрғыдан ойлау екі мағынада қарастырылады: білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және педагогтердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Білім алушыларға қатысты алатын болсақ, сыни тұрғыдан ойлау ақпаратпен идеяларды синтездеу қабілеті, ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің оқуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі. Ал, мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалауды қамтиды [2,б. 44].

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау, көбінесе, қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Джон Дьюи «Сыни ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя

білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау, - деп түсіндіреді [105,р. 26]. Жоғары оқу орнында білім алушылар жалпы және кәсіптік пән аясында берілетін білімді меңгеруде жаңа ұғымдарды түсіну үшін зерттеу жүргізіп, өзінің көзқарасын, пікірін жинақтайды, дұрыс шешім қабылдайды. Көптеген шешімдерді сараптап, оларды ой елегінен өткізіп, мәселенің байыбына жетуге тырысу арқылы адам өзі таңдап алып, көңілі қалаған шешімді тура сол қалпында қабылдамай, оны жан-жақты қарастырады, оның оң мен солын ажыратады, кемшіліктерін келтірумен қатар оны қуаттау үшін дәлелдер іздейді. Үздіксіз іздену мен зерттеу арқылы өз шешіміне балама іздеп, жаңа болжамдар жасай алуы, толассыз ойлауы сыни ойлау деп аталып, осы кезеңде қолданылатын стратегиялары болады.

Джон Дьюидің сын тұрғысынан ойлау кезеңінде қолданылатын стратегияларының графикалық бейнесі 7-суретке сәйкес төменде берілген.



Сурет 7 – Сын тұрғысынан ойлау кезеңінде қолданылатын стратегиялар (Джон Дьюи бойынша)

Заман талабына сай қажетті жаңартылған өзгерістер мен ізденістер қарастырылып, білім берудің мақсаты, мазмұны өзгерді. Сыни ойлаудың мақсаты екі ұйғарым пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдау болып табылады. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Олай дейтініміз – философиялық тұрғыда талдайтын болсақ, адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Педагогика – психология ғылымдарында сыни ойлау мен шығармашылық ойлауды бір-бірімен ұштасып қолданған кезде ғана жоғары нәтижеге қол жеткізіледі, әрі ғылымның осы салаларында «логика», «логикалық ойлау» түсініктері, шын мәнінде қазіргі уақытта өзекті мәселеге айналған сын тұрғысынан ойлауды білдіреді. Сыни ойлау – айналада болып жатқан оқиғалар

мен құбылыстарға, ақпараттарға талдау жасай білуде, өзінше болжамдар құра алуда, шешімнің жаңа жолдарын жобалай білуде байқалады.

«Сыни ойлау» ұғымына берілген анықтамаларды негізінен шетелдік ғалымдар еңбектерінен көруге болады. Американдық ғалым Д.Кластер – сыни ойлауды әлеуметтік сипаттағы өзіндік ойлау деп қарастыра отырып, оның төрт жетекші компонентін атап көрсетеді. Оның пікірінше, сыни ойлау сұрақ қою мен анықтау, сенімді дәлелдер келтіруге ұмтылыстан тұрады.

Д. Кластер сыни ойлауды былайша сипаттайды:

- өздігінен ойлай алу, яғни ойлау үдерісінде жекелік сипаттың болуы маңызды. Біз үшін ешкім сын тұрғысынан ойлай алмайды. Біз тек өзіміз үшін ғана сыни тұрғыдан ойлай аламыз.

- кез-келген ақпарат сыни ойлаудың соңғысы емес бастапқы сатысы. Себебі ақпарат болмаса ойлауға да негіз жоқ.

- сыни ойлау сұрақтар қоюдан, проблемаларды анықтаудан басталады. Осындай мәселелерді шешу барысында білім алушы шынымен терең ойлана бастайды.

- сыни ойлау аргументтерді, дәлелдерді, фактілерді, статистикалық мәліметтерді, эксперимент нәтижелерін қатыстыруды қажет етеді.

- әлеуметтік сипатта болады. Кез-келген ой басқалармен бөліскенде шыңдала түседі. Сондықтан сыни ойлау арқылы пікір алмасуға мүмкіндік жасайды [56,с. 9]. Автордың берген сипаттамасын тақырыбымыз тұрғысынан талдап көрейік, сыни ойлаудың әрбір жеке тұлғаға ғана тән екені, өзін өзі дамыту, өзін өзі тәрбиелеу, өзін өзі ұйымдастыру, өзін өзі жүзеге асыру үшін сыни тұрғыдан ойлау қажет. Жоғары оқу орнында алған білімді, күнделікті тәжірибеде қажетіне қарай қолдануы үшін алатын ақпараттың маңызы зор. Сондықтан алатын ақпаратты саралауда сыни тұрғыдан келу керек. Әрбір оқу-танымдық ақпаратты меңгеру үшін бұл не үшін қажет, бұл маған не береді? Мәселені қалай шешу тиімді? Қандай жағдайда жаңа нәтижеге қол жеткізуге болады? – деген сияқты сұрақтар қою мен проблемаларды анықтауға бағыттау көзделуі тиіс. Осындай анықталған проблемалардың теориялық негіздемесіне сүйенілген, тәжірибелік жұмыстардың қорытындысы нақты фактілерге негізделген статистикалық мәліметтерге қол жеткізіп, жаңа нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік туғызады. Жұмыс нәтижесі топта немесе ұжымда талданып, сыни ойлау арқылы жаңа қорытынды, тұжырым жасауға әкеледі, - деп тұжырымдаймыз.

Д. Халперн: «Сыни ойлау – ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттап ойлану», - болып табылады [57,с. 498]. Бұл жерде автор қойылған проблеманы шешуде ойлаған нәтижеге жету үшін оқу-танымдық үдеріске қажетті инновациялық технологияларды саралап, тақырып мақсаты мен міндеттеріне сәйкес шығармашылықпен ойлауға ұштастыру қажет, - деген пікірді ұсынғанын көреміз.

Р.Ф. Джонсон сын тұрғысынан ойлауды «мінез-құлық моделі немесе оның ұсынған көзқарасы туралы адамға дұрыс шешім шығаруға мүмкіндік беретін,

ақыл-ой әрекетінің ерекше түрі», - деп санайды [58,р. 1]. Әрине ақыл-ой әрекеті тұлғаның мінез-құлқының айнасы болғандықтан, кез келген мәселеге өзіндік пікірін білдіруде тұжырымды ой айтатын, нақты шешім қабылдайтын іс-әрекеттерінен көрінуі тиіс.

Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: адам басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, қоғамдағы беделдердің пікірлерін ақиқат ретінде қабылдамай, оларға күмәнмен қарай бастайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай біледі. Осылайша сыни ойлаушы өзін-өзі шектей біледі, басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарасын олармен салғастырады, қоғамда кеңінен таралып, көпшіліктің қабылдаған көзқарастарды мойындамай, олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді. Алайда бұл күмәндану жоққа шығаруды білдірмейді: осындай әрекеттер арқылы сыни ойлау аталмыш көзқарасты қабылдауға әкелуі әбден ықтимал деген тұжырым жасаймыз [106,б. 42].

М. Липманның пікірінше, білім алушылар, ғалымдар сияқты өздігінен ойлауы қажет. Біз, деп атап өтеді ол, ғылыми жаңалықтардың түпкі нәтижесін ғана түсіндіреміз, оған қолжеткізуге асықтырамыз, үдерістің өзін тыс қалдырамыз, ол мәселеге деген қызығушылық болып, ол талқыланбаса, білім беру пародияға айналады [59,р. 38], - деп түсіндірді. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастырсақ, жоғары оқу орнында студенттер жаңа білімді меңгеруде өздігінен түпкі нәтижеге жету қажеттігін түсіндіріп, сол үдеріске енгізу қажет, - деп санаймыз.

М. Липманның еңбектеріне талдау жасау нәтижесінде төмендегі 5-кестеге сәйкес сыни ойлаудың кезеңі, қадамы және дағдыларын анықтадық.

Кесте 5 – Сыни ойлаудың кезеңі, қадамы және дағдылары (М. Липман бойынша)

Сыни ойлаудың кезеңі мен қадамы	Сыни ойлау дағдылары
Өз ұжымдастарының тәжірибесіне сын	Пікірді негіздеу
өзіне-өзі сын	Баламалы мүмкіндіктерді ашу
Өзгелердің тәжірибесін түзеу	Идеяны қабылдау мен қалыптастырудағы өндірушілік
өзіне-өзі сын	Идеяны қалыптастырудағы өндірушілік

М. Липман бұларды жинақтай келе, «зерттеу рухына деген адал берілгендік» деп атады, автор сонымен қатар, сын тұрғысынан ойлауды – парасатты ойлауды іздеу: өз көзқарасына және басқалардың пікіріне қатысты объективті және логикалық әрекеттер жасау, өзінің теріс ұғымдарынан бас тарта білу, - деп алған [59,р. 38].

Сын тұрғысынан ойлауды шығармашылықпен тығыз байланыста қарастыратын ғалымдардың бірі – А.В.Федоров. Ол мұны күрделі рефлексиялық ойлау үдерісі, - деп түсіндіреді [60,с. 86]. Автордың пікіріне қосыла отырып, сыни ойлау шығармашылықты талап ететін үдеріс. Ал, шығармашылық ойлау үдеріс ретінде әрбір шешімнің дұрыстығына көз жеткізу үшін рефлексиялық ойлауға әкеледі. Сыни ойлау рефлексия үдерісімен тікелей байланысты.

Рефлексия – ойлануды, өзін-өзі қадағалауды, өзіндік танымды білдіреді.

Біздің мақсатымыз сыни ойлау негізінде болашақ мамандардың зияткерлігін дамыту болғандықтан, автордың идеясын басшылыққа аламыз.

М.И. Махмутовтың зерттеулері бойынша сын тұрғысынан ойлау кезінде адамда келесідей қабілеттер көрініс табады:

- басқа адамның пікірінің (ойының) немесе мінез-құлқының жалпы қабылданған пікірге немесе мінез-құлық қалыптарына, олар туралы өзіндік ұғымдарға сәйкес келмейтінін көру;

- теорияның, ереженің шынайылығын немесе жалғандығын, пікірінің қайшылығын түсіну және оларға қатысты әрекет ету;

- жалған, өтірік ұғымдарды шынайы, дұрыс ұғымдардан ажырата білу;

- мәнді, тапсырманы талдау және т.б. үлгісін көрсету [61,с. 91]. Сыни ойлау негізінен психикалық процеске жататындықтан, қабілеттен көрінетіндіктен мәселеге байланысты топтағы немесе ұжымдағы адамдардың пікірлермен келісуі немесе келіспеуі алдағы іс-әрекетті таңдауына негіз болады. Ұсынылып отырған мәселенің теориялық негіздемесінің дұрыстығы немесе бұрыстығын көре білу, өзінің пікірінің кемшілігін түсіне отырып, оны түзету әрекеттерін жатқызамыз. Қойылған мәселеге қатысты ұғымдар мен ойлардың шындығы мен жалғандығын ажырата білуі маңызды болып табылады. Мәселенің мәні мен сипатын ашып, оны талдай нәтижесінде үлгісін жасай білу қабілеттілігі жатады.

А.А. Ташетов: «сыни ойлау – бұл өзгелердің пікірі мен мінез-құлық үлгілерін талдауға бағалауға мүмкіндік беретін, жаңа, толық мәндегі деректерді ұсынып, тәуелсіз түрде шешім қабылдауға жағдай жасайтын адамның ақыл-ой әрекетінің ерекше түрі». Сыни ойлау – адамның логикалық, аналитикалық, өз тәжірибесіне негізделген, тәуелсіз, түрлі фактілер арқылы дәлелденетін, рефлексивті, бағалап ойлау түрі. Сыни ойлау – бұл ортақ мағына іздеу: өз көзқарасыңды және басқаның пікірін есепке алып, қисынды және шынайы ой тастау, жеке наным-сенімдерінен бас тарта білу, бағалаушылық, рефлексивті ойлау, жаңа, толық мәндегі деректерді ұсыну және тәуелсіз түрде шешім қабылдау,- деп бірнеше анықтама берген [62,б. 24].

Сыни тұрғыдан ойлау – мағыналы сұрақтар қою, дәлелдер табу және осы негізде негізделген шешім қабылдау; проблемалау, талдау және рефлексия, мағыналы ойлау дағдыларын меңгеру: ойластырылған сұрақ қою, мұқият тыңдау, әртүрлі көзқарастарды объективті қабылдау, өз ұстанымын тұжырымдау және негізді дамыту (фактілерді, мәндерді және құндылықтарды түсіну және қатынасу); ауызша қарым-қатынастың (талқылаудың) басқа қатысушысын тыңдау және есту қабілеті.

Сұлтанбек М.Ж.: Сыни ойлау - айналада болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға, ақпараттарға талдау жасай білуде, өзінше болжамдар құра алуда, шешімнің жаңа жолдарын жобалай білуде байқалады – деген тұжырым жасайды [107,б. 135].

Юлия Осаченко: Сыни тұрғыдан ойлау – бұл ақпарат ағынында бағдарлау, фактілерді жалғаннан ажырату, ақпаратты жүйелеу және талдау, мағыналы сұрақтар қою, дәлелдер табу және осы негізде негізделген шешім қабылдау.

Сыни тұрғыдан ойлау мен жазу мұнда қолданбалы логика, риторика және дәлелдеу тәжірибесі ретінде қарастырылады [108,с. 24].

Сыни ойлау - оқыту үдерісінде білім алушыларда дағды мен іскерлік кешенін біртіндеп қалыптастыру. Яғни, білім алушылар сабақта белсенді, ақпаратты іздеуші, алған білімін өзінің тәжірибесінде қажет кезінде қолдана алатын, білімін осы саладағы басқалармен салыстыра алатын пәнішілік және пәнаралық байланысты өздігінен қоя алатын, шешім қабылдауда пікірін дәлелдей алатын маман даярлау, - деп тұжырым жасаймыз [109,б. 9].

Ғалымдардың пікірлерін саралай келе, сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы идеяларды жинақтап ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі үдеріс ретінде көптеген мәселелер мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы, тек қажетті ақпараттарды жинақтап, жаңа білімдерін бұрынғыдан ажырата алуға көмектесу қабілеті, - деген анықтамамызды ұсынамыз.

Зерттеу жұмысымыздың барысында психолог-ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, оның негізінде жалпы қабілет жатқандығына көз жеткізілді, ал қабілет жаңа тәжірибе, идея немесе өнім ретінде жаңа сыни ойлау формасында көрінетін бұрын белгісіз құбылыстар арасынан байланысты табуға әкеледі. Бұл зияткерлік әлеует әрбір тұлғаға тән және ол кез-келген жағдаятта кәсіби іс-әрекетте туындаған проблемаларды шешуде немесе күнделікті барысында қажеттілікті өтеуде көрінеді, - деп тұжырымдаймыз.

Қорыта келе, «зияткерлік», «сыни ойлау» ұғымдарының құрылымы мен мазмұны сипаттамасы философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектерді талдау барысында, алдымен зерттеуде негізгі тірек ұғымы «зияткерлік» ұғымын әр қырынан қарастырыла отырып берілді. Өзімізге белгілі болғандай, қазіргі кезде зият деп аталған зияткерлік ұғымы көп мағыналы және ақыл-ой, пайым, түсінік, жады, ес, зерде сияқты ұғымдар арқылы анықталады.

«Зияткерлік» философиялық мағына ретінде маңызды жалпы ғылыми категория ретінде қала береді. Арнайы әдебиеттерде тұлғаның зияткерлік әлеуеті, тұрғындардың, жеке топтардың зияткерлік қоры және қоғамның зияткерлік қажеттіліктері ретінде талқыланады. Зияткерлік туралы ғылыми көзқарастар ұзақ тарихи кезең бойы қалыптасты және дамыды. Өткеннің ойшылдарының назары ақыл-ой, парасат сияқты дәстүрлі философиялық ұғымдарды ұсынуға бағытталған. Одан әрі зияткерлік субъектінің аталған ақыл-ой мүмкіндіктерінің интегралдық тұтастығы ретінде қарастырылды.

Зерттеу барысында біз сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту тақырыбының жеткіліксіз зерттелуі, жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламасының негізгі идеялары оқушыларды сыни ойлауға үйрету мен зияткерлігін дамыту болғандықтан, осы сұранысқа сәйкес мамандарды даярлау мәселесін алдымызға мақсат етіп қойдық. Зерттеу мәселесінің теориялық негіздемесі аясындағы нақтыланған, «зияткерлік», «сыни ойлау» ұғымдарына берілген анықтамалар диссертациямыздың ішкі мазмұнын ашуда ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынатын болады.

1.3 Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың қазіргі жайы

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін сыни ойлау негізінде дамыту мәселесі бүгінгі қоғам сұранысының қажеттігінен туындап отырған мәселе. Ол үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімдері сыни ойлау арқылы зияткерлікті дамытудың дағдыларын жетік меңгеруі тиіс.

Еліміздің «Ел бірлігі Доктринасында»: бізге ұлт әлеуетін оятатын интеллектуалдық серпіліс қажет. Білімге, ғылымға және инновацияларға көзқарасты өзгертудің өмірлік маңызы зор. ХХІ ғасырда тек интеллектуалды ұлт қана жеңіс тұғырынан көріну мүмкіндігіне ие бола алады. Тек осындай жолмен ғана, дәстүрлерге сүйеніп үнемі жетілу арқылы, биік мақсаттар қоя отырып ұлттың бірігуіне, Ұлт Рухының нығаюына қол жеткізе аламыз. Бұған жету үшін мемлекет, әрқайсымыз, бүтін қоғам жауапкершілікті бөлісуі тиіс және қажетті әрі ұтымды мынадай шараларды қамтамасыз етуі керек:

- ұлт Рухын дамыту және нығайту, осыны еліміздегі әрбір азаматтың өмірлік бағдарына айналдыру;
- мемлекеттік тілді дамытуға және оның аясын кеңейтуге ұлт бірлігін нығайтатын фактор ретінде басымдық беру;
- Қазақстанда тұратын этнос өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, салтын, тілін дамытуға жағдай жасау;
- ұлттың, мемлекеттің, қоғам және отбасының мызғымастығына бағытталған рухани дәстүрлерді, адамгершілік құндылықтарды, дүниетанымдық ұстанымдарды сақтау және нығайту;
- ұлттық құндылықтар мен игіліктерге қамқорлық жасау;
- жас ұрпақты сыйластық, отаншылдық, Еліне және халқына адал қызмет ету құндылықтары рухында тәрбиелеу;
- әрбір адам өзінің білімін, қабілетін, кәсібилігін және бәсекеге қабілеттілігін үнемі жетілдіріп отыру;
- қоғамның өмірлік маңызды барлық саласын одан әрі модернизациялауға байланысты бірлескен дәйекті жұмыстар жүргізу;
- Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің кепілі ретінде интеллектуалды ұлт қалыптастыру [3,с. 50].

Аталған құжаттағы интеллектуалды ұлт қалыптастыруды іске асырудың бір бағыты ретінде жоғары оқу орнында дайындайтын мамандардың зияткерлігін дамыту мәселесі болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері сыни тұрғыдан ойлай алатын, кәсіби іс-әрекетте зияткерлігі дамытқан тұлға ретінде жоғарыда аталған шаралардың барлығын жүзеге асыруда өзіндік үлес қоса алатын маман болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту – қазіргі таңда жоғары оқу орындарындағы білім берудің басымдық бағыты болып табылады. Жаһандық мәселелерге жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті елдермен тең дәрежелі болуымыз үшін мүмкіндік беретін бағдарлама ол – білім беру мазмұнын жаңарту, жетілдіру, - деп түсінеміз.

Болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке дайындау үшін академиялық білім, функционалдық сауаттылық дағдылары, жеке тұлғалық қарым-қатынас пен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда ЖОО өзі даярлайтын маманның деңгейін, қабілетін, дарынын алдын-ала анықтау мен болашақта жүргізілетін жұмыстарын жоспарлауда бастауыш білім беру мазмұнын жаңартудың алғышарттары басшылыққа алынады.

Болашақ мамандарды сын тұрғысынан ойлау арқылы зияткерлігін дамыту мәселесі бүгінгі қоғам сұранысының қажеттігін өтеуден туындап отыр. Ол үшін болашақ мамандар: мәселені дұрыс қоя алу дағдысы, мақсат, міндеттерін анықтау, сын тұрғысынан ойлауда әдіс-тәсілдерді қарастыру, сол жүйелеп алынған әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру, нәтижеге қол жеткіз сияқты кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгеруі тиіс.

2019 жылғы Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңының «Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары» атты 7-бабында «Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге құқықтары бар» [110], - деп көрсетілген. Яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіптік шеберлігін, шығармашылық және зияткерлік деңгейін студенттік кезеңнен бастап үздіксіз жетілдірулерін қамтамасыз етуіміз қажет. Аталған заңға сәйкес сыни ойлау негізінде болашақ мамандардың зияткерлігін анықтау үшін жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, жоғары білім беру бағдарламасының мазмұнына талдаулар жасалынды.

Зерттеу тақырыбымыз жоғары оқу орнында маман даярлау мәселесі болғандықтан мамандықтың 3 курс студенттері жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен бастап оқып келгенін ескере отырып, алдымен 5B010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2018 жылғы Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын талдауды жөн көрдік.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндерден тұрады деп атап көрсетілген. Бұлар: ЖБП циклі міндетті компонент (МК), жоғары оқу орны компоненті (ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды [2,б. 51].

Кәсіби пәндер циклының таңдау компоненттеріне (ТК) «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» арнайы курсымыз 2 кредит 6 – семестрге енгізірілді.

Стандартта көрсетілген дескрипторлармен бірге студенттердің қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелеріне сүйенеміз: зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру, ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық

хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану т.б.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарауы 1-параграфында – оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптар:

6. Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

1) білімді функционалдықыпен және шығармашылықпен қолдана білу;

2) сын тұрғысынан ойлау;

3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;

4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;

5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;

6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары.

7. Бастауыш білім берудің мазмұны оқыту нәтижелеріне бағдарланады және мынадай аспектілерді ескере отырып айқындалады:

1) заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;

2) сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;

3) оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;

4) оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету деп көрсетілген [2,б. 52]. Стандартта көрсетілген білім алушының тұлға болып қалыптасуы мен дамуына, оқыту нәтижелеріне бағытталған дағдылар мен аспектілер біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып табылады.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша зерттеу тақырыбымызға қажетті пәндерді талдауды жөн көрдік.

6B01301 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасындағы «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» пәнінде ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін, дидактикалық материалдарды дайындаудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануды, сынып ұжымы мен оқушылардың жеке тұлғасын, әлеуметтік ортасын диагностикалау әдістерін, сынып жетекші іс-әрекетінің бағыттары мен жүйесін, атқарылған жұмыстарының нәтижесін талдай және бағалай білуді қамтиды.

Пәннің мақсаты: жаратылыстану цикілінен алған білімдерін пайдалана отырып жаратылыстану пәнінен болашақ мұғалімге қажетті білім мен білікті қалыптастыру. «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» пәнінің негізгі міндеттері түйінді құзыреттіліктермен қатар, төмендегідей арнайы құзыреттіліктерді:

- жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру кіші мектеп жасындағы білім алушылардың табиғи білімқұмарлығының дамуына, әлем жайлы ой-өрісінің кеңеюіне, ғылымды түсінудің және қоршаған ортаны тұтастай қабылдауының дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білу біліктерінің дамуына ықпал ету туралы білімі және түсініктері бар;

- болжам құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперимент арқылы алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасау;

- мәселені анықтау, сұрақтар құрастыру, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және сипаттау, пайымдау, қорытынды жасау;

- жанды және жансыз табиғаттағы үдерістердің сипатын, экожүйе компоненттерінің өзара байланысын, адам әрекетінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтауға көмектесетін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу туралы білімді және түсінігін қолдана біледі;

Бастауыш мектептегі «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін негізгі мектепте оқытудың негізін қалауға, алған білімдерін күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғат әлемінде) кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған пайымдауды қалыптастыру;

- зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану-ғылымдық ақпаратты қабылдау, күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру сияқты жеке қабілеттерін қалыптастыру көзделген.

Студенттердің өзіндік жұмыстарында зерттеу әдістердің ішіндегі ең тиімдісін атап бер және неге олай екендігін дәлелдеу мен «Жаратылыстану» пәнінің пәнаралық байланысын Венн диаграммасы арқылы көрсет және «Жаратылыстану» оқыту әдістемесі пәнінің пәнаралық байланысы арасындағы айырмашылықтарды ажырату тапсырмасы берілген. Жаратылыстану пәнін оқытудағы қазіргі кезеңдегі өзгерістер, талаптар, оларды іске асыру жолдары мен ғылымның осы саласындағы зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау ұсынылған.

Бастауыш сыныптарға арналған «Жаратылыстану» оқулықтарына (1-4 сыныптар) талдау жасатуды ұсына отырып, студенттердің сыни ойлауын дамытуға мүмкіндік туғызылған. «Жаратылыстану» пәніне арналған бағдарламада әр сыныпты бітірген оқушылардың меңгеретін білім, білік, дағдымен қаруланатынын тұжырымдап жазуға тапсырма берілген. Бұдан шығатын қорытынды болашақ бастауыш сынып мұғалімдері аталған пәннің бағдарламасын жай ғана талдап қоймай, жылдың аяғында оқушылардың меңгеретін білім, білік, дағдысын шығару әрине ойлануды, сыни ойлауды қажет ететіні белгілі. Коллаборация түріне жоспар құрастыру, кооперация түріне жоспар, жеке, топпен тірі табиғат мүйісінде жасалатын жұмыстарға жоспар, жиынтық бағалау мен қалыптастырушы бағалауға тапсырмалар құрастыруды сыни ойлауға жетелейтін тапсырмалар қатарына жатқызамыз.

Келесі талдайтын пәніміз «Математикадағы оқыту әдістемесі». Аталған пәнде математиканы жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, құралдарын, ұйымдастыру формаларын

негіздеу, практикада пайдалану, критериалды бағалау түрлерін қарастырады. Ортақ тақырыптарды интеграциялау, оқушының ерекшелігіне сай сын тұрғысынан шығармашыл, позитивті ойлауын дамыту әдістерін жаңа контексте ұсыну, контент жинақтау, АКТ-ны қолдану, инклюзивті білім беру мәселелерін сипаттайды.

Бастауыш математикалық білімнің базалық мазмұнына, математиканы оқытудың сыныптар, циклдер мен деңгейлер бойынша кіші жастағы оқушылардың құзыреттілігіне (пәндік, қатысымдық, ақпараттық, проблеманы шешу) қойылатын талаптарды талдау ұсынылған.

Математиканы оқытуға бейімдеу кезеңінде балалардың іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру технологиясы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби қызметке даярлау барысында математика пәнін оқытудың әдістемесін меңгертуді көздегенін көреміз.

Оқу пәнінің мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер бөлімшелерге бөлінген, олар күтілетін нәтижелер түрінде сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтиды: дағды немесе білік, білім немесе түсінік. Әрбір бөлімше ішінде жүйелі түрде ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмыстарын жоспарлауға және оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

Математиканы оқыту әдістемесінде бастауыш оқыту сыни ойлауды дамытуға, зерттеу мен қарым-қатынастың бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, математикалық білімді өмірде қолдануға мүмкіндік туғызылатыны айтылған.

Бастауыш деңгейдегі математикалық білім берудің негізгі мақсатына сәйкес оқу пәннің міндеттерінің ішінен тақырыбымызға келетін міндеттерді бөліп көрсетеміз. Олар:

- 1) логикалық ойлауды, кеңістіктік қиялды және математикалық терминдерді қолдана білуді дамыту;
- 2) сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- 3) тұлғалық қасиеттерді дамыту: білімқұмарлық, мақсаткерлік, жауапкершілік, сенімділік, Тәуелсіздік;
- 4) коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды, командада жұмыс істеу дағдыларын және өз көзқарасын білдіруді, басқа адамдардың пікірін құрметтеуді, көшбасшылық қасиеттерді көрсетуді, өз жұмысын жазбаша және ауызша нысанда ұсынуды дамыту;

Келесі талдайтынымыз «Әдебиеттік оқуды оқыту әдістемесі» пәні. «Әдебиеттік оқуды оқыту әдістемесі» пәнінің *мақсаты* – студенттерге теориялық жүйелі білім беру, сабақ жүргізу әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Осы мақсатқа жету мынадай *міндеттерді* көздейді:

- әдебиеттік оқуды оқытуға байланысты практикалық іскерлік пен дағды қалыптастыруға негіз болатын теориялық және практикалық мағлұматтар беру;
- оларды пәннің танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарын іске асыруға дайындау;
- әдебиеттік оқуды оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Аталған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру үшін қазақ тілін оқыту әдістерінің жүйесі, сабақ құрылымы туралы ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, талдаулар жасау, сабақ құрылымын коспектілеу тапсырмасы берілген.

Келесі тапсырма: оқу дағдыларына қойылатын талаптар және оқу түрлеріне үйрету әдіс-тәсілдерін, әр сынып бойынша оқу дағдыларына қойылатын талаптарды кестеге толтырып жүйелеу тапсырмасы берілген.

Бір шығарманы талдап, жоспар жасау, мәтінге байланысты шығармашылық жұмыс түрлерін көрсетуде болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзінің келешектегі атқаратын жұмысының әдістемелік тұрғыда меңгеруге жағдай жасалған.

Кейіпкерлендіруге болатын ертегілер мен мысалдарға талдау жасау, оларды сахналау, ертегі мазмұны бойынша көрнекілік дайындауда оған қойылатын талаптарды меңгеруге басымдық берілген. Қорытынды сабақтың жоспарын дайындауда жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды тиімді пайдалану жолдарын көрсететін әдістемелік білімді тәжірибеде көрсету деңгейін айқындайтын тапсырма деп түсінеміз.

Студенттерді сыни ойлауын дамытуға негізделген тақырыптың бірі сурет бойынша жүргізілетін шығарма жұмысына қойылатын талаптарды анықтау және әдістемесін көрсету болып табылады. Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінде оқу құралынан шығармашылық жұмыс түрлерін табу, әдебиеттік оқуға арналған дидактикалық материалдардан оқушыларды іздендіретін шығармашылық тапсырмаларды тауып, оны толықтыруға ұсынылуы студенттерді сыни ойлауға зияткерлікті дамытуға баулитын тапсырмалар ретінде қарастырамыз.

Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруға басымдық берілгенін атап өткеніміз жөн. Шығармашылық – ойлау қабілетінің ең жоғарғы қасиеті. «Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Мектепте білім беру ісіндегі басты бағдар оқушылардың тек шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп әзірлеу. Мектепте шығармашылық жұмыстарды өткізу оң нәтижеге бастайтынын тәжірибе дәлелдеді. Мұғалімнің кез келген сабағы шығармашылық сипатта өткізіліп отырса, оқушы дербестігінің қалыптасуы жоғары деңгейге көтерілері сөзсіз.

Ана тілі сабақтарында ұйымдастырылатын шығармашылық жұмыстар: өлең құрастыру, кейіпкерге мінездеме беру, мәтін құрастыру, мәтін бойынша сурет салу, шығарманы сахналау, реферат, баяндама, шығарма жазу. Көркем мәтін бойынша дамытыла жүргізілетін шығармашылық жұмыстардың түрлері:

- а) автор стиліне жақындап, еліктей отырып шығармашылық жұмыс жүргізу,
- ә) көркем мәтін ішіне авторлық идеяға, оқиғаға, кейіпкерлер табиғатына өзгеріс әкелмейтіндей «өз мәтінін» енгізу,
- б) кейіпкерлердің мәтінде жоқ монолог диалогын жазғызу,
- в) мәтіндегі кейіпкерлердің портретін өзі жасау, тура мінездеуді толықтыру,
- е) автордың шығармасындағыдан басқадай тың көркемдік шешім табу,

оқиға құру т.с.с.

Оқушыларға осындай тапсырма бергенде олар суреткер жасаған көркем әлемге өзінің «кішкене әлемін» қосады. Әдеби шығарма да жүректен шығып, жүрекке жетеді. Осылай жазылған шығармашылық жұмыстар жанды, шынайы болып, шәкірт бойындағы шығармашылық қиял, дарын, қабілет бастауы ашылатынына мән берілген. Бұл әрине, оқушыларды сыни ойлауға, зияткерлікті дамытуға бағыттайтын тапсырмалар, - деп тұжырым жасаймыз.

Зерттеу жұмысымызда келесі «Оқыту мен оқудағы инновациялық технологиялар» пәнінің де құрылымдық ерекшеліктермен таныстыру көзделді.

Аталған пәнде әлеуметтік-сындарлылық тұрғыдан оқытуды түсіну, «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» негізінде жатыр. Білім алушы өзінің түсінігін өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады. «Диалог негізінде оқыту және оқу» метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйрету» деген атаулармен танымал педагогикалық тәсілдер әлеуметтік-сындарлылық идеяларының қазіргі заманғы маңызды түсіндірмелері ретінде қолданылады. Жеті модульдің барлығында қарастырылатын идеяларды оқыту мен оқудың жаңа тәсілдері деп санауға болатынына қарамастан, біз жаңа әдістер ретінде «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйретуді» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік-сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. Диалог негізінде оқыту мен оқу білім алушылардың өзара сұхбаттасуы, мұғалім мен білім алушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді.

«Қалай оқу керектігін үйрету» немесе метасана білім алушыларға болашақта өз бетінше білім ала білетіндей етіп өзінің оқуы үшін жауапкершілікті өз мойнына алу қажеттігін түсінуге және оған дайын болуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді.

Сын тұрғысынан ойлауды бастауыш сынып мұғалімдерін қайта даярлауда үшінші деңгей бағдарламасының өн бойында екі мағынада қарастырылады: білім алушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту және мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауын дамыту. Үшінші деңгей бағдарламасы өзара байланысты бұл үдерістердің екеуін де дамытуды көздейді. Білім алушыларға қатысты сын тұрғысынан ойлау ақпарат пен идеяларды синтездеу қабілеті, ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің оқуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі. Мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сын тұрғысынан бағалауды қамтиды.

Оқудың тиімді бағасын және оқыту үшін тиімді бағаны түсіну оқыту мен оқудағы барлық жаңа тәсілдермен тығыз байланысты. Білім алушы өздерінің түсініктерін құра алатын белсенділік таныта алатын болса, онда мұғалімдер үшін де, білім алушылар үшін де осы түсініктің мәнін білу қажет, өйткені ол оқуда алға қадам басуға және оған қолдау көрсету үшін керек. Соңғы зерттеу жұмыстары біздің ұғымымызда қалыптастырушы бағалау үдерісінің едәуір

дамуына және оны оқыту мен оқуды қолдау үшін пайдалану мүмкіндігіне ықпал етті. Аталған үшінші деңгей бағдарламасы осы еңбектерде айтылған идеяларды, сондай-ақ осы идея негізінде құрылған оқыту мен оқудың стратегияларын қарастырады. Мұғалімдер мен білім алушылар үшін олардың қай мақсаттарға жеткісі келетінін білу маңызды, ал ол мақсатқа жету өлшемдерін түсінуді талап етеді. Сондықтан үшінші деңгей бағдарламасы сыни бағалау тәсілдерін де қарастырады [111]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін сыни ойлау негізінде зияткерлігін дамыту барысында аталған пәннің үшінші деңгейі біздің зерттеу жұмысымыздың алғышарты ретінде қарастырамыз. Өйткені, сыни ойлау бүгінгі бастауыш білім беруде негізгі идеялардың бірі ретінде алынып отырғаны белгілі. Осы идеяны жүзеге асыратын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін мектептегі қызметке даярлаудағы біздің мақсатымыз осы талапқа жауап беретін мамандарды даярлау болып табылады. Сыни ойлай білетін мұғалім ғана оқушыларды да ойланта алатыны белгілі. Сондықтан әрбір пәннің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік туғызатын тапсырмаларды құрастыру, проблемаларды шешуге бағыттау, тиімді деген әдістер мен оқытудың технологияларын саралап шығармашылықпен пайдалануды көздедік.

Зерттеу тақырыбымызға қатысты үшінші деңгейдегі бір сабақты мысал ретінде келтірейік. *Сабақтың тақырыбы: Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз не? Оқытуда сын тұрғысынан ойлауды пайдалану.*

Жалпы мақсаты: Бұл тақырып мұғалім мен оқушылар арасында диалогтік өзара әрекеттестік арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуға арналған. Мұғалімнің сын тұрғысынан ойлауы түрлі жастағы топтарда қадағаланатын балалардың жауаптары мен оқыту үдерісі туралы ойлануы арқылы дамиды. Балалардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту жолдары оларды мәселеге көңіл аударуға және саяхаттар мен көліктер туралы мәліметтерді талдауға шақыру нәтижесінде қарастырылатын және бағаланатын болады. Балалар өз құрбыларымен және мұғаліммен сұхбаттасуда өз көзқарасын айтады әрі қорғай алады. Оқытудың анағұрлым ауқымды мәселелері әлеуметтік ғылым мен оқытудың байланысында және оқу жоспарындағы тарих пен географияның рөлін зерделеуде қарастырылған. Сондай-ақ, осы сабақта біз математикадағы сын тұрғысынан ойлаудың кейбір аспектілерін қарастырамыз.

Оқу нәтижесі мұғалімдерге:

- қатарластары арасында бірлесіп жұмыс істеу мен талқылау үшін визуалды және ауызша дереккөздерді пайдалануға;
- жас ерекшелігін ескеріп, балалардың уақыт пен кеңістік туралы сын тұрғысынан ойлауын дамыту бойынша одан әрі қабылданатын іс-әрекеттерді жоспарлауға;
- сыныпта оқытуды жақсартуға қажетті диалогтің сипаты туралы сын тұрғысынан ойлауға;
- оқу жоспарындағы әлеуметтік ғылымның мақсаты мен құндылықтары туралы сын тұрғысынан ойлауға;
- салыстырмалылық ұғымын дамыту үшін есептеу стратегиясын оқытуға;

- есептеу стратегиясын оқыту туралы сын тұрғысынан ойлауға көмектеседі.

Түйінді идеялар:

- Визуалды және ауызша түрдегі негізгі ақпарат балалардың тәуелсіз ойлауына және олардың ой қорыту, өзіндік түсініктеме беру қабілетіне ықпалын тигізеді.

- Сындарлы және ашық диалогке қатысу балалардың өз идеясын сенімді түрде білдіруіне, түрлі көзқарастарға көңіл бөлуге және оларды бағалауға мүмкіндік береді.

- Балалардың жауабын бақылау, жазып алу мен талқылау сауатты оқытуға ықпал етеді.

- Есептеулер стратегиясы туралы сын тұрғысынан ойлау салыстырмалылықты түсінуді дамытуға көмектеседі.

- Математикадағы мәселені шешу сыни назар аударуды талап етеді.

Сонымен қатар, семинар сабақтарында қысқа мерзімді жоспарлар дайындау, қалыптастырушы, жиынтық бақылау тапсырмаларын қарастыру көзделген.

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын технология болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді. Бастапқы деңгейде сын тұрғысынан ойлау үдерісі: тиісті ақпарат жинауды; дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды; кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар; ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды. Оқыту мен оқудағы сын тұрғысынан ойлау сияқты күрделі міндеттермен қатар, бұл үдеріс анықталмаған болжамдар мен құндылықтарды, проблемаларды мойындау және оларды шешудің тиімді құралдарын табуды, түрлі міндеттерді шешуде басымдықтарды белгілеудің маңызын түсінуді қамтиды. Сын тұрғысынан ойлау қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі.

Зерттеліп отырған мәселеге терең теориялық талдау, педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді түсіндіру, олардың арасындағы байланыс пен қатынастарды тағайындаудың, мәліметтерді теориялық және эксперименттік түрде негіздеудің, ғылыми таным әдістері арқылы заңдылықты анықтаудың нәтижесінде студент тек субъективті сипатта ғана емес, белгілі бір теориялық объективті маңызды болатын «жаңа білімді» ашады.

Біздің мақсатымыз сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту үшін жекелеген пәндер бойынша

студенттердің қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып ғылыми жобаларға қатысуға мүмкіндік жасауға дейін жеткізу болып табылады.

Зияткерлікті дамыту белгілі міндеттерді өздігінен сыни ойлау арқылы шеше білу біліктерін қамтамасыз ететін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әрекетін көздейді. Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту үшін қабілет пен дағдының мәні ерекше деп білеміз.

Сонымен қатар, оқу-әдістемелік кешенде СООЖ мен СӨЖ тапсырмалары және оларды орындауға қойылатын талаптардың «универ» жүйесіне енгізілгені айтылған. Зерттеу мәселесіне байланысты нормативті құжаттар мен сәйкес пәннің оқу-әдістемелік кешенін талдау барысында сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту үдерісінде бірқатар кемшіліктердің бары анықталды:

- «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы тек бітіруші курс студенттерінің ғана зияткерлігін дамытуға мүмкіндік береді;

- ЖОО-да төменгі курс студенттерімен өтілетін пәндерде сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту үстірт қарастырылғаны; - нормативтік құжаттарда оқу материалын және сыни ойлау негізінде зияткерлігін дамытудың нақты міндеттерде толық ашылмауы; - сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға тек жоғары курс студенттерін тарту олардың сыни ойлау әрекетіне толық мүмкіндік бермейді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға негізделген оқытудың технологиялары: сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ақпараттық-коммуникациялық, проблемалық оқыту, жобалау т.б. жетік меңгерту жатады.

Сыни тұрғыдан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын технология болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді. Бастапқы деңгейде сын тұрғысынан ойлау үдерісі:

– тиісті ақпарат жинауды; – дәлелдерді сыни тұрғыдан талдау мен бағалауды; – кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар; – ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды. Оқыту мен оқудағы сыни тұрғыдан ойлау сияқты күрделі міндеттермен қатар, бұл үдеріс анықталмаған болжамдар мен құндылықтарды, проблемаларды мойындау және оларды шешудің тиімді құралдарын табуды, түрлі міндеттерді шешуде басымдықтарды белгілеудің маңызын түсінуді қамтиды. Сыни тұрғыдан ойлау қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі.

Қорыта келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сыни ойлау негізінде зияткерлігін дамытудың қазіргі жайы бакалавриатта оқытылатын пәндерді талдау арқылы айқындалды. «Жаратылыстану» пәнін оқытудың әдістемесі, «Математиканы оқытудың әдістемесі» және «Әдебиеттік оқу әдістемесі» пәндері бакалавриат бойынша және зерттеу тақырыбымыз болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қатысты болғандықтан «Оқыту мен оқудағы инновациялық тәсілдемелер» пәні Назарбаев зияткерлік мектебінің тәжірибесі негізінде талданды. Ондағы мақсатымыз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін мектеп тәжірибесіндегі қазіргі жағдаятты меңгеруге бағыттып, қоғам сұранысын қанағаттандыратын маман ретінде қалыптастыруда сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамытуға бағыттаудың әрқырынан нені үйрену керектігін саралай білуді игертуге басымдық берілді.

2 СЫНИ ОЙЛАУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМУҒА ҮДЕРІСІНІҢ ӘДІСНАМАСЫ

2.1 Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ерекшеліктері

Елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне кірігудің стратегиялық мәселелерінің бірі сын тұрғысынан ойлай алатын зияткер маман дайындап шығару міндеті қойылып отыр. Сыни ойлауға қойылатын талаптардың негізінде білімге құштар, алған білімдерін талдап, жинақтап, практикада қолдана алатын зияткерлігі дамыған нағыз көшбасшы тәрбиелейтіндігіміз сөзсіз.

Сыни ойлауды шетелдік білім беру үдерісінде көп жылдардан бері қолданып келеді. Оның ішінде Блум таксономиясы тиімді нәтиже көрсетуде. Осы теория негізінде таным үдерісі ең қарапайымнан бастап 6 деңгейге бөлініп қарастырылады.

Төменде берілген 6-кестеге сәйкес Д.Клустер бойынша Блум таксономиясының деңгейлерін айқындадық.

Кесте 6 – Блум таксономиясының деңгейлері (Д.Клустер бойынша)

Таным деңгейі	Іс-әрекет мазмұны	Деңгейлер
Білу	Есте сақтау, жаттап алу, ажырату, қайта жаңғыртып айтып беру	Төменгі
Түсіну	Өз сөзімен айтып беру, түйіндеу, ережелер мен анықтамаларды мысалдармен дәлелдей алу	Орташа
Қолдану	Алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алу, мәселелерді шешуде екі оптималды тиімді жолдарын таңдай алу, таныс емес жағдайда білімдерді пайдалана алу	Орташа
Талдау	Зерттеу нысанасын түрлі бөліктерге бөлу, әр бөліктің мән-мағынасын саналы түрде түсінуі, терминдерді, сөздерді топтастыру	Жоғары
Біріктіру	Нәтижелерді шығармашылық тұрғыдан біріктіру. Тақырып құрылымы бойынша модель құрастыра білу, барлық білімдерді біріктіріп барлығын қамтитын бір тұжырым жасау.	Жоғары
Бағалау	Шешім қабылдай алу, түрлі пікірлердегі қарама-қайшылықтарды жою, өз пікірін қорғай алу, жүйелі тұжырым жасай алу.	Жоғары

Бұл кестеден байқағанымыздай, таным деңгейлерін салыстыра отырып, жалпы білім беруде дәстүрлі қалыптасып қалған оқыту жүйесінің қаншалықты жетілдіруді қажет ететінін айқын байқауға болады. Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұны осы теориялардың тұжырымдамаларына негізделіп жасалып, оқу тапсырмалары Блум таксономиясының оқу мақсаттарына қарай ойластырылған.

Сыни ойлау – ақпаратты қисынды талдау қабілеті; нақ қалыпсыз жағдайларда, мәселелерде алынған нәтижелерді орынды қолдана білу. Сыни ойлауды қалыптастыру қазіргі оқытудағы көкейтесті мәселенің бірі [56,с. 208].

Оқыту үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне жаңа білімді меңгертуде ақпаратты дұрыс саралап, сыни ойлауға жетелейтін тапсырмалар арқылы мақсатқа жеткізу көзделеді. Күтілетін оң нәтижеге жетуде өзіндік сыни көзқарасының болуы, нақты шешім қабылдауы, дәлелді ой айтуынан көрінеді.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль студенттердің де, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сыни ойлау дегеніміз – өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау, ой қозғай отырып, білім алушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естігенін, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау болып табылады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының ең басты өлшемі – оның тиімділігі, нәтижелігі, жаңашылдығы. «Тұжырымдаманы» жаттап алғанынан гөрі түсініктермен жұмыс жасай білулерін негізге алу маңызды [112,б. 74].

Сыни ойлайтын тұлғаның ерекшеліктеріне мыналарды жатқызуға болады:



Сурет 8 – Сыни ойлайтын тұлғаның ерекшеліктері

Жасалған талдауларға сүйене отырып, студенттерді сыни ойлауға баулудың иерархиясы үшін 9-суретте берілген құрылымның графикалық бейнесін ұсынамыз.



Сурет 9 – Студенттерді сыни ойлауға баулудың иерархиясы

Қорыта келе, сыни ойлау – американдық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған жоба. Ол өте күрделі ойлау үдерісі. Мәліметтерді қабылдаудан шешім қабылдаумен аяқталатын үдерісті қамтиды.

Сыни ойлау арқылы зияткерлікті дамыту – білім беру сапасын арттыруға, қандай да болмасын мәселе бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып, оған тәуелсіз тұрғыдан баға беру, дербес шешім қабылдау, болашақ маманның дамуына бақылау жасауға негіздеу болып табылады.


Зияткерлік мектептердің білім беру бағдарламасы ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін кіріктіруді көздейді. Зиялы азаматты – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеуге ұмтылатын білім беру бағдарламасында тәрбиемен оқыту ажырамас байланыста болады.

Сыни тұрғыдан оқытудың негізгі мақсаты педагогтердің педагогикалық тәжірибелерін жетілдіріп, оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістерімен жаңалықтарын ескере отырып, әлеуметтік сындарлы тұрғыдан оқытуды түсіндіру болып табылады.

Оның маңызы мен мақсатын жай ғана түсініп қоймай, осы бағыттағы жүргізіліп отырған жұмыстардың негізгі мазмұны жеті модульдің мұғалім үшін де және оның оқытып отырған білім алушы үшін де оқыту мен оқудағы жетістікке жетудің тиімді стратегиясы болып табылатындығы. Осы тұрғыдан алғанда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда сыни тұрғыдан ойлайтын, өзінің жұмыс тәжірибесінде жаңа тәсілдерді қолдана отырып және бағалау әрекеттеріне де сыни көзқараспен қарауына басымдық берілу керек, - деген тұжырым жасаймыз.

Д. Клустер жоғары оқу орнында маман даярлауда басшылыққа алатын сыни ойлаудың негізі болып табылатын анықтамаларын ұсынған. Біз автордың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда басшылыққа

алатын теориялық тұжырымдарын келтіреміз [56,с. 64]. Олар:



Сурет 10 - Д. Кластер ұсынған сыни ойлаудың негізі болып табылатын анықтамалары

Бірінші жағдайда әр білім алушы өз басымен ойланып, тіпті қиын тапсырманың өзін өздігінен шешуі тиіс. Білім алушы тұлғасы идеясының жаңалығы, өзіндік пікірі, дәлелдеуі, басқаларға жеткізуде оны көндіруі сыни ойлау технологиясының маңызды сипаты болып табылады.

Екінші тұжырым бойынша білім мотив тудырады, онсыз адам сыни ойлай алмайды. Ол үшін білім алушы тұжырымдаманы, теорияны, мәтінді, идеяны, нақты фактілерді ой елегінен өткізуі тиіс. Адам кез келген жаста сыни тұрғыдан ойлай алады, дегенмен оқыту мен оқу барысында толығымен өздігінен сыни ойлауды жетілдіре алады.

Д. Кластердің үшінші тұжырымдамасы бойынша адам өзінің табиғаты жағынан әр нәрсені қызығып, оны көруге мән береді. Егер, жаңа нәрсені көрсек ол не екен деп білуге талпынамыз, - деп ойлаймыз.

Төртінші тұжырым – сыни ойлайтын тұлға өзінің пікірін проблеманы шешуде пайымды негізделген ойлармен жеткізеді, әрі өзіне сенімді болады. Ол проблеманың басқа да шешімі барын түсінеді, дегенмен өзінің пікірін яғни таңдаған шешімі логикалық тұрғыдан дұрыс және табысты, - деп санаймыз.

Бесінші тұжырымына тоқталсақ, ол қандай ой болса да, біреумен бөліскен соң тексеріледі, шындалады, - деген пікірге келеміз.

Біз зерттеу жұмысымызда автордың тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, сыни тұрғыдан ойлайтын педагогтер өз сабақтарында жұптық, топтық шығармашылық тапсырмаларды дебат пен пікір-сайыс, жоба деңгейіне дейін жеткізіп, білім алушылардың әртүрлі үлкен міндеттерді шешіп, өзінің тұлғалық сапасын дамытуға ықпал етуі тиіс, - деп санаймыз.

А.А. Деркач шығармашылық еңбекке психологиялық даярлықты қалыптастырудың мынадай жағдайларын бөліп көрсетеді:

1) өзбеттілік пен мәдениетті сыни тұрғыдан меңгеру;

2) қоғамдық-мәнді мәселелерді шешуде белсенділік таныту;

3) шығармашылық әлеуеті бар тұлғаның психикалық процестерін арнайы дамыту [113,с. 170]. Бұл көзқарас психологиялық даярлық мәселесін кең түрде қарауға мүмкіндік береді. Алайда, осы және мәселеге қатысты бірде-бір зерттеу жұмысында психологиялық даярлық тұлғаның өз іс-әрекетін, басқа адамдармен қарым-қатынасын оңтайлы етуге, жетілдіруге, дамытуға бағытталған өзіндік әрекеттері арқылы анықталмаған: тек білім беру арқылы кәсіби іс-әрекетке дағдылану, бейімделу, одан тұлғаның шеберлік деңгейіне көтерілу шарттары ғана қойылады.

А. Де Гроот теория жасау үшін негіз ретіндегі ойлау процесінің құрылымы мен динамикасына жалпыланған бейнелеу беру мақсатын қойды. Бұл жалпыланған бейнелеуге шахмат ойыншысының ойлау іс-әрекеті процесінің бірін-бірі біртіндеп алмастырып отыратын төмендегідей төрт кезең енеді.

А.Де Гроот теория жасау үшін негіз ретіндегі ойлау процесінің құрылымы мен динамикасына жалпыланған бейнелеу беру мақсатын қойды. Бұл жалпыланған бейнелеуге шахмат ойыншысының ойлау іс-әрекеті процесінің бірін-бірі біртіндеп алмастырып отыратын төмендегідей төрт кезең енеді.

бағдарлау кезеңі

тексеру кезеңі

зерттеу кезеңі

дәлелдеу кезеңі

Сурет 11 – А.Де Гроот бойынша ойлау процесінің құрылымы мен динамикасы

- бағдарлау кезеңі – мүмкіндіктердің бағдары. Бұл кезеңде үдерістердің реті және белгілі бір бағыттағы жалпы мүмкіндіктер қарастырылады.

- тексеру кезеңі. Оның пікірі бойынша басты жалғасу болуы тиісті аздаған тереңдікке арқа сүйейді. Егер қанағаттанбайтын нәтижеге қол жеткізілсе, онда бұл жүріс уақытша тоқтатыла тұрады.

- зерттеу кезеңі. Зерттеу біршама бағытталған және біршама мұқият болып табылады: варианттардың көп саны мен үлкен тереңдікке арқа сүйейді.

- дәлелдеу кезеңі. Зерттелуші тексереді және оны түйіндейді, ол дәлелдеуге талпынады. Алынған нәтиже субъективті аяқталады [114,р. 147].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сыни ойлау негізінде зияткерлігін дамытуда автор ұсынған төрт кезеңді де басшылыққа аламыз. Кез келген

тақырыпты бағдарлау кезеңінде тақырыпты айқындайды. Зерттеу жұмысын тексеру кезеңі нәтиженің оң және теріс болуын айқындау мақсатында жүргізіледі. Зерттеу кезеңінде жүргізген жұмысының сапасына басымдық берілуімен сипатталады.

Дәлелдеу кезеңінде жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі көрінеді. Ол кезеңде тұлғаның субъектілік көзқарасы көрініс берді сол себепті біз студенттің зияткерлік деңгейі мен сыни ойлауының шыңы, - деген тұжырым жасаймыз.

А.В. Петровский студенттерді психологиялық дайындаудың мақсаттары мен мазмұнын негіздеуде психология курсының теориялық мазмұнын тұлға, іс-әрекет, қарым-қатынас, ұжым, даму категориялары құрау керек,- деп санайды. Сондай-ақ, ғалым психология курсының мақсатын іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға қажетті психологиялық мәдениетпен байланыстыра анықтайды [115,б. 5]. Бұдан автордың жоғары оқу орнында болашақ мамандарды психологиялық тұрғыдан даярлаудың негізі болып табылатын тұлғаны дамытудағы ұжымдық қарым-қатынас пен іс-әрекеттерді өзара байланыста қарастырғанын көреміз.

Сонымен қатар психологиялық оң ахуал туғыза отырып, психологиялық мәдениетті алға шығарғанын байқауға болады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің психологиялық дайындығында сыни ойлау негізінде зияткерлігін дамытуда тұлғаның субъект болуы, ұжымдық, топтық іс-әрекетте мәдени қарым-қатынас орната білуі маңызды болмақ.

И.Н. Семенов және С.Ю. Степанов психологиялық тұрғыда ақыл-ойдың дамуын рефлексиямен байланысты қарастырған. Рефлексияны екі түрлі бағытта түсіндіреді. Бірінші, ақыл-оймен парасатты іс-әрекет; екінші – зейінділік ретінде [116,с. 31]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, жоғары оқу орнында білім беруді ұйымдастырдың формасының өзгеруі рефлексияға яғни психологиялық ақыл-ойды дамытуға басымдық беруімен сипатталады. Олай болса, әрбір өтілетін пәнді ұйымдастыруда тақырыпқа сәйкес рефлексиялық тапсырмалардың дайындалуы, яғни кері байланыс арқылы жаңа тақырыпты қаншалықты меңгеруін айқындауға мүмкіндік туғызылады. Осы бағытта рефлексиялық тапсырмаларды студенттердің сыни тұрғыдан ойланып жасайтын іс-әрекетке түсіру үшін оған алдымен зейін қойып ішкі мазмұнын ашуға мән беруіне бағыттау қажет, - деп санаймыз.

И. Андреевтің пікірінше, өзін-өзі дамыту үдерісі жеке тұлғаның барлық өріс-түрткілерін (қажеттіліктерін) де, зияткерлікті де, көңіл-күйлік те, еріктікті де қамтиды, ал, ең бастысы, ол (өзін-өзі дамыту үдерісі) «өзіндік» үрдістерге: өзін-өзі тану, шығармашылықпен өзін-өзі айқындау, өзін-өзі басқару, шығармашылықпен өзін-өзі көрсету, өзін-өзі жетілдіру т.б. негізделіп, әрқашан оларды қызмет етудің жаңа деңгейіне көтереді, яғни оларды күшейте түседі [117,с. 34]. Бұдан жоғары оқу орнына түскен әрбір тұлға таңдаған мамандығына сәйкес өзін өзі дамытатыны сөзсіз. Алдымен өзінің қажеттілігін өтеу үшін жаңа білімді меңгеруде психикалық процестердің қабылдаудан бастап, зейін, ерік, қабілет және т.б. дамуына ықпал етіп, сол арқылы тұлға ретінде өзін-өзі танып біледі, өзінің шығармашылық деңгейін айқындап, осы бағытта өзін-өзі көрсетеді. Әрине, бұл қандай да бір күрделі тапсырмаларды орындауда өзін-өзі жетілгенін

көрсетіп, жаңа нәтижеге жеткізеді, яғни зияткерлігі дамиды. Біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сыни ойлау негізінде зияткерлігін дамытуда психологиялық тұрғыдағы даярлығына басымдық беру керек, - деген тұжырымы жасаймыз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда сыни ойлаудың алатын орнын А.Н. Леонтьев зерттеулерінен көруге болады. Автордың көрсетуінше, танымдық қажеттіліктер өз табиғаты бойынша, әртекті және болашақта жіктеуді қажет етеді. Интеллектілі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажетті білімді игеру процесіне қатысты қажеттілік 2 түрге: жасалған дайын білімдерді іздеу қажеттілігіне және жаңа білімдерді өндіру қажеттілігіне бөлінеді. Субъектілік жаңа білімдерді жасап шығаруға бағыттылығы шығармашылық ойлауды зерттелу кезінде ерекше мәнге ие болады. Интеллектілі іс-әрекеттің бастапқы фазасына сәйкес танымдық қажеттіліктер генезисінің түрлі формалары болуы мүмкін. Қандай да бір танымдық қажеттіліктің пайда болуы үшін субъектінің өзіндік мақсатының қалыптасуы, сондай-ақ басқа адам қалыптастырған «дайын мақсат» ізашар болады. Бірінші жағдайда субъектінің өзінде бар танымдық қажеттілік мақсатымен «заттанады». Екінші жағдайда субъектінің тапсырманы қабылдау және мұны «өз мақсатына» айналдыру барысында сырттай алынған тапсырманы субъектіде бар танымдық қажеттіліктерге «жіктеу» процесі жүзеге асады. Арнайы ескеруді қажет ететін жайт: кейде танымдық қажеттілік субъект дайын тапсырмаларды алғаннан кейін пайда болады. Бұл жағдайдағы тапсырманы қабылдау мен орындау субъект қажеттіліктерінің басқа түрлерінің әсерімен ұзақ уақыт бойы өтуі мүмкін [118,с. 128]. Сыни ойлау іс-әрекетін орындай отырып, субъект: аталмыш тапсырманы шешу процесімен тікелей байланысты бірқатар жаңа білімдерді меңгереді. Осы тапсырманы шешу материалдарына сай қандай да бір теориялық жалпылауды қалыптастырады. Жаңа түпнұсқалық емес жаңа шешімді іздеуге ұмтылады. Бұл алдымен тұлғаның өзінің қажеттілігін өтеуге деген ішкі сұранысы, екінші берілген тапсырманы орындаудағы пайда болған қажеттілік. Осыдан келіп, тұлға өзі үшін қажеттіні саралап алады, сыни ойлау тұрғысынан келіп, жаңа шешім қабылдай отырып, ақыл-ойы жаңа деңгейге көтеріледі, яғни зияткерлігі дамиды.

Дж. Рензуллидің дарындылық тұжырымдамасында оның үш «құрамдас бөлігін» атап көрсеткен. Олардың ішінде:

Орташа деңгейден жоғары интеллектілі қабілеттер, соның ішінде жалпы қабілеттер (вербалдық, кеңістіктің, сандық, абстарктілік-қисынды т.с.с.) және арнайы қабілеттер (нақты пәндік салалардағы – химия, математика, балет т.б. – білімдер мен машықтарды ұғыну мүмкіндігі); креативтілік (ойлаудың икемділігі мен оригиналдығы, барлық жаңалыққа сезімталдық, тәуекелге дайын болу т.б.);

Мәселеге жоғары ырғақты қосылу (қызығушылықтың, энтузиазмнің, белгілі бір мәселені шешудегі табандылық пен шыдамдылықтың, жұмыстағы төзімділіктің т.б. едәуір деңгейі) Интеллектілі дарындылықтың, шартты түрде айтатын болсақ, бұл тілі аталған 3 факторлардың «қиылысу орны» [119]. Болашақ мамандарды даярлауда тұжырымдаманың басты идеясын басшылыққа алуға болады. Жалпы қабілет пен арнайы қабілетті дамыту студенттердің пәндік

мазмұнды игеруіне ықпалы зор. Кәсіби пәндерді меңгеру олардың сыни ойлауына, мамандықтың қыры мен сырын игеру икемділігін, шынайылығын, педагогтік қызметке даярлығы, тұлғалық сапаларының шыдамдылық, төзімділік, табандылық, жауапкершілік және т.б. болуына басымдық беріледі.


Студенттердің зияткерлік қабілеттерін дамытудың қазіргі заманғы үлгісін Стернбергтің теориясы негізінде студенттердің когнитивті даму үлгісін ұсынамыз. Бұл үлгі зияткерлік қабілеттерге деген түрлі бағыттардың жинағына негізделеді: зияткерлік құрылымында жалпы және айырықша қабілеттерді бөліге болады, зияткерліктің әлеуметтік-мәдени негізін ескеру, зияткерлікті ақпаратты меңгеру мен өңдеудің белсенді, шығармашылық үдерісі ретінде қарастыру. Стернберг теориясы бойынша зияткерлік қабілетті дамытудың графикалық бейнесі 12-суретте берілді.



Сурет 12 – Зияткерлік қабілетті дамыту (Стернберг теориясы бойынша)

Зияткерлікті үйлесімді дамыту үшін оқытудың мәселелік оқыту мен рефлексивті бағыттары табысты болып табылады [19,с. 46].

Р.Стернберг интеллектілі дарындылықтың белгілері туралы мәселені (компромисті) шешуді «дарындылықтың пентагональды имплициттік теориясы» деп көрсетті. Оның пікірінше, тұлғаны дарынды ретінде қарастыру, оның интеллектілік іс-әрекеті келесі белгілерге сай болғанда ғана мүмкін [19,с. 228]:



Сурет 13 – Р.Стернбергтің интеллектілі дарындылық белгілеріне берген сипаттамасы

Зерттеу жұмысымыз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту болғандықтан автордың интеллектілік іс-әрекетінің белгілерін есепке алу қажет, - деп есептейміз.

Грабердің пікірінше, жаңа операциялардың пайда болуын талап етпейді, өйткені ақыл-ойдың жаңа мазмұндарының бірлесуі интеллектілі өсудің нақты шарты болып табылады. Сонымен бірге, бұл мазмұндар, талантты адамның болып жатқанды түсінуінің сапалы жаңа деңгейін қамтамасыз ететін интеллектіліктің құралдары бола бастайды [120,р. 256]. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, ақыл-ойдың жаңа мазмұндары деп отырғаны, студенттердің кәсіби бағыттағы алатын білімдерінің жиынтығын зияткерлік өсуімен байланыстыра қарау болып табылады. Университетте алған білімдерінің өзінің қажеттілігін өтеуде мамандықты игерудегі сыни тұрғыда ойланған іс-әрекеттері, олардың жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етіп, нәтижесінде зияткерлігін дамытады.

А.В. Морозов педагогикалық креативтік белгілерін жіктей келе, сол педагогикалық креативтілікке тән белгілер креативтік нәтижелері бола алады деп көрсетеді [121,с. 148].

Педагогикалық креативтік белгілер					
креативтік тұлғаның интеллектуалдық және тұлғалық ерекшеліктерінің кешені; мәселені өз бетімен шешетін, жаңа сонылы идеялардың туындауы; мәселенің қалыптан шығуы;	әлеуметтік және моральдық сананың жоғары деңгейі; ойлаудың ізденістік түрлендіруші стилі; дамыған интеллектуалдық қабілеттер	мәселені көре білу; шығармашылық фантазия, қиял, дамыған ерекше тұлғалық сапалар (батылдық, кәсіби әрекеттегі тәуекелге дайын болу, мақсатқа бағыттылық, білуге құмарлық, табандылық, энтузиазм)	ойлаудың ізденістік түрлендіруші стилі; дамыған интеллектуалдық қабілеттер (талдау, түсіндіру, негізгіні көре білу біліктілігі)	ерекше тұлғалық (өзінің «Мен-ін» жүзеге асыруға қажеттілік, басқалардың мойындағанын қалау, креативтік қабілеттер, педагогикалық еңбектің нақты жағдайында неғұрлым жоғары нәтижеге жетуге ұмтылыс)	коммуникативтік қабілеттер; өзін-өзі реттеуге қабілеттілік; жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі

Сурет 14 – Педагогикалық креативтік белгілері (А.В. Морозов бойынша)

Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, кез келген тұлғаның креативтілігі оның интеллектуалдық байланысты болғандықтан оны тұлға ретінде ерекше көрінуін жасаған іс-әрекеттерінен, ой-тұжырымынан, қабылдаған шешімдерінен байқауға болады. Әрине ол үшін кәсіби іс-әрекетіндегі сыни ойлау, ізденушілік, зерттеушілік, шығармашылық ой туындаудағы қиялы мен фантазиясын көрініс беруі, оны іске асыруда белсенділік, тәуекелшілділік, алға қойған мақсатқа жетудегі табандылық пен жауакершілік, өзіндік «Мен-ін» дәлелдеудегі ойдың жүйелілігі, мәдениеттің үлгісін көрсетуі, жаңа нәтиженің жетістігінің көрсете білуін оның зияткерлігінің дамығандығының көрсеткіші болмақ.

Л.С. Выготский ойлау іс-әрекетінің негізіне «эмоционалдық және когнитивті процестердің интеграцияланған қызметтік жүйесін» жатқыза отырып, оны динамикалық мағыналық жүйе деп атаған. Бұл жүйеде эмоциялар пәндік-мазмұнды тұтастық – индуктивтік қайта өңдеу жолында алынған нәтижелердің мағыналық жаңа құрылымдарына баға берілгендіктен «ақылды» болып саналады. Ойлау іс-әрекетінің интеллектуалдық эмоциялардың ықпалымен жүзеге асырылатын нақтылы механизмдер эмоционалдық бекіту, эмоционалдық реттестіру және эмоционалдық түзету болып табылады. Бұл механизмдердің қызметі өзара тығыз байланысты. Бекіту базалық механизмі басқа эмоционалдық механизмдер – реттестіру мен түзету жұмысының қажетті шарты болып табылады [122, с. 315].

Эмоционалдық бекіту механизмі - ойлау әрекетінің кейбір компоненттерінің бекітілуін қамтамасыз етеді. Бұл компоненттер шешімді іздеу барысында зерттелуші үшін мағыналық және сәйкес эмоционалдық бояуға ие болады. Әрі қарай олар осы тапсырманы орындауға ауыстырылады. Эмоционалдық бояулы компоненттер іздеудің нақты бағытын айқындайды

Эмоционалдық реттеу механизмі - механизмінің нәтижесінде бөлінген, бұрын эмоциялық болған компоненттерді іздеуді кері қайтаруды қамтамасыз етеді. Эмоциялық реттелу негізінде түрлі деңгейдегі (тұлғалық және мазмұндық мағына) мағыналық реттегіштер жатыр. Бұл пәнді мазмұнды қайта өндеудегі тұтастық индуктивтік процестердің араласуымен өтеді

Эмоционалдық түзету - Іздеу әрекеттерінің пайда болған интеллектілі эмоциялар әсерінен «мысалы: іздеу бағытын таңдау, іздеу аймақтарын тіркеу, іздеу аймағының көлемін азайту, мақсат құрудың жаңа тактикаларының пайда болуы) өзгеру сипатын қамтамасыз етеді

Сурет 15 – Ойлау іс-әрекетінің интеллектілі эмоциялардың ықпалымен жүзеге асырылатын нақтылы механизмдері (Л.С. Выготский бойынша)

Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастырсақ, автордың ұсынған динамикалық мағыналық жүйесін толығымен басшылыққа аламыз. Өйткені, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда ойлау іс-әрекеті алға шығарылып, интеллектілі эмоциялардың арқылы іске асырылатын механизмдер эмоционалдық бекіту, эмоционалдық реттестіру және эмоционалдық түзетулер жалпы және кәсіби пәндердің мазмұнын меңгеруде үнемі бірге жүріп отырады. Бұл әрине, білім сапасын қамтамасыз етуге зор ықпал етеді.

Н.С. Лейтес интеллектуалдық дарындылық – шығармашылық әрекет мүмкіндігін қамтамасыз ететін жеке психологиялық ресурстар жағдайы (алдымен ойлау ресурстары). Дарындылықтың әрбір түрі үшін креативтіктің диагностикасының сәйкес әдісі мен өзінің түсінігі тән. Сонымен қатар автор, креативтіктің – дарындылық маңызды сипаттамасының бірі екеніне тоқталған. Жалпы дарындылық – адамның әрекетінің өнімділігі байланысты болатын барлық сапаларының жиынтығы десек, онда оған интеллект қана емес, тұлғаның басқа да қасиеттері мен ерекшеліктері, соның ішінде эмоционалдық аймақ, темперамент (эмоционалды әсерленгіш, тонус, әрекет қарқыны және т.б.) енеді [123,с. 198]. Автордың интеллектуалдылықты дарындылықпен байланыстырғанын, ондай жағдайда шығармашылық әрекетте ойлауды алға шығарады. Соның негізінде орындалатын тапсыралардың жаңа нәтижеге қол жеткізуіне мүмкіндік туғызылады. Психологиялық тұрғыда дарындылықты айқындайтын диагностикалық әдістерді саралай білу қажеттігін ескертеді. Дарынды тұлғаның сапалық көрсеткіштерін зерделей келе, кез келген әрекетте

жаңа өнімге жетуде тек қана интелект емес, адамның басқа да тұлғалық сапаларымен байланыстылығын көрсеткен. Біз автордың пікірімен толықтай келісеміз, өйткені, психикалық процестердің барлығы өзара байланыста әрекетке түседі. Жоғары оқу орнында болашақ мамандарды даярлауда олардың тұлғалық сапаларының дамуын басымдық беріліп, кәсіби іс-әрекеттерінде сыни тұрғыдан ойлауға, өнімді әрекет етуге, жаңа нәтижеге өздігінен қол жеткізуге, кез келген проблеманы шешуде он шешім қабылдауға, шығармашыл, зияткерлігі дамыған мұғалім болуын басты мақсат етіп қою керек, - деген түсінікті бекітеміз.


С.М. Жақыпов зияткерлік бастаманың қайнар көзі не? Деген сұрақ қойып оған жауап береді. Негізінде, кейбір тақырыптар шығармашылық өрісте көрінетін зияткерлік бастама – бұл субъектінің қосымша белсенділігінің нәтижесі, оның шығу тегі басқа құбылыстарда көрінеді. Шамасы, ақыл-ой қабілеттері мен тұлғаның мотивациялық құрылымының интеграциясы субъект қызметінің белгілі бір кезеңінде ғана көрінеді, бұл оның қосымша белсенділігінің қалыптасуының нәтижесі. Субъектінің қосымша белсенділігін қалыптастырудың нақты психологиялық механизмі ретінде біз оны семантикалық формациялардың жалпы қорынан субъектімен «тарту» мүмкіндігін тағы да көреміз. Бұл жағдайда жеке тұлғаның семантикалық қалыптасуының жалпы қоры «ішкі диалог», субъектінің қиялдағы, болжамды серіктеспен қарым-қатынасы нәтижесінде қалыптасуынан зияткерлік бастау алады, - деген қорытынды жасаған [35,б. 16]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда оқытылатын пәндердің мазмұнының шығармашылыққа, ізденіске, зерттеушілікке жетелейтін, бағыттайтын тұстарын алға шығарып, студенттің білім алудағы белсенді іс-әрекетке өздігінен түсуге мотивация тудырып, зияткерлік пен шешім қабылдауын іске асыру қажет, - деп есептейміз.

Ж.Ы. Намазбаева шығармашылық ойлау мен танымдық стильдер мәселесіне қатысты әртүрлі көзқарастарды талдай отырып, келесідей тұжырым жасаған:

Ойлау – бұл шындықтың жанама және жалпыланған көрінісі. Ойлаудың басқа психологиялық процестерден айырмашылығы, ол әрдайым дерлік проблемалық жағдайдың болуымен, шешілетін тапсырмамен және осы тапсырма берілген жағдайлардың белсенді өзгеруімен байланысты. Шығармашылық ойлау – бұл белгілі бір мәселені түбегейлі жаңа немесе жетілдірілген шешудің нәтижесі болып табылатын ойлау. Когнитивтік стиль – бұл танымдық іс-әрекеттің жеке өзіндік салыстырмалы тұрақты әдістері, ақпаратты алу мен өндеудің өзіндік әдістерінен тұратын танымдық стратегиялар сондай-ақ оның көбейту әдістері мен бақылау әдістері де бар, - деген тұжырым жасаған [34,б. 256]. Автордың тұжырымы біз үшін құнды болып табылады. Шығармашылық ойлау негізінен зияткерлікті дамытудың көзі болып табылатындықтан, сыни тұрғыдан ойлау арқылы жаңа нәтижеге жетуге немесе бар нәтижені жетілдіруге болатындықтан, оқу-танымдық үдерісте когнитивтік стильді пайдалану өте тиімді болмақ, педагогикалық әдістермен бірге психологиялық әдістерді де саралап пайдалану, - қажет демекпіз. Себебі, қандай да бір зерттеу жұмысын жүргізуде

психологиялық әдістердің маңыздылығы жоғары, жұмысымыз тікелей сыни ойлау мен зияткерлікке байланысты болғандықтан, белгілі ғалымдардың психологиялық әдістемелерін пайдалануда басшылыққа аламыз.

А.Р. Ерментаева қоғамдағы әрқилы әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайларда студенттердің түрлі психологиялық проблемаларды шешуге мәжбүр болатын, психологиялық дайындау мәселесінің өзектілігін көтере келіп, болашақ мамандарды психологиялық дайындаудың ғылымда анықталуын, мән-мағынасын, алатын орны мен ролін, сипаттамасын және нәтижесін айқындау мақсатымен психологиялық-педагогикалық зерттеулерге жасалынған талдау негізінде оның процессуалдық жақтарын бөліп көрсеткен [124,б. 8].



Сурет 16 – Болашақ мамандарды психологиялық дайындаудың процессуалдық жақтары (А.Р. Ерментаева бойынша)

Автордың жасаған талдауынан бүгінгі студенттің ертеңгі маман ретінде кәсіби қызметіне жауапкершілігін өзіндік «Мен концепциясын» қалыптастырудан бастау алатыны, ұжымда, кез келген топта мәдени қарым-қатынас құра алатын, ізгілікті өзінің мінез-құлқына серік еткен тұлғаны дамытуды алға шығарғанын көруге болады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі реттеуі, өзіне сын көзбен қарай білуі, психологиялық тұрғыда өзінің кәсіби қызметке даярлайтын білімді меңгертумен сипатталады. Кәсіби қызмет барысында оның түрлеріне сәйкес орындайтын іс-әрекетке сыни тұрғыдан ойлау, субъектілік қарым-қатынас, рефлексиялық пікірді дәлелдеуде өзінің көзқарасын нақты білдіру, яғни өзі үшін оң шешім қабылдауы болып табылады. Әрине, болашақ мамандарды даярлауда бәсекеге қабілетті болуын ескерсек, оның шығармашыл тұлға болуы міндетті, демек өзінің мамандығына деген сүйіспеншілігі, мотивациясының үнемі жоғары болуы, кәсіби тұрғыдан шыңдалуына ықпал етеді. Шығармашыл болу олардың

сыни тұрғыда ойлауды, оның жоғары деңгейіне жетуге ұмтылысы, өз ісінің шебері болуын көрсететін қабілетті тұлғаны зияткерлігі дамыған деп айта аламыз.

М.Қ. Бапаева жоғары оқу орындарында психологияны оқытудың қазіргі кезде екі тенденциясы байқалады: оның бірі – оқыту процесін ғылыми зерттеулермен біріктіру, екіншісі практикалық жұмыстың әдістерін игеруге бағыттап отыру [125,б. 130]. Қазіргі заманғы студент үшін таным әрекетінің жеке тұлғалық мәні едәуір өзгерді және оның прагматикалық жағы өсті. Автор сонымен қатар, жоғары оқу орындарында психологиялық білім берудің негізгі бағыттарына сипаттама береді.



Сурет 17 – ЖОО психологиялық білім берудің негізгі бағыттарына сипаттама (М.Қ. Бапаева бойынша)


Бұдан қазіргі психология ғылымының зерттеулерінің нәтижесін педагогикалық практикаға, яғни оқыту үдерісіне енгізе отырып, жетілдіру. Психологиялық әдістерді оқыту үдерісінде тиімді пайдалану оң нәтижеге жеткізеді. Бүгінде еліміздегі білім беру саласында жетіспей жатқан психологиялық қолдаулар, арнайы семинарлар мен тренингтерді арнайы мамандарды қатыстырып, ұйымдастырылуы. Бұл әсіресе білім мазмұнын айқындауда өте қажет деп ойлаймыз. Білім алушылардың әсіресе мектеп жағдайында жас ерекшеліктерін ескеру мен оларға берілетін білім көлемін айқындауда өте қажет психологтардың пікірлері өте құнды болмақ.

Студенттердің зияткерлік тұрғысынан тұлғалық дамуында психологиялық-педагогикалық тренингтерді маңыздылығын ескере отырып, оны университет жағдайында жиі ұйымдастырып, мінез-құлқын реттеуі, білім алушылардың

мәдени қарым-қатынас жасауы, өзіне деген сенімін арттыруы, оң шешім қабылдауы деп түсінеміз. Болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетіне баулуда шығармашылық қабілеттілікті арттыратын сыни ойлауға жетелейтін тапсырмалар жүйесі мен жаттығуларды кәсіби пәндерді оқытуда жиі қолдану, яғни ондай мәселелерді шешудің жолдарын меңгертуде зияткерлігін дамытуға мүмкіндік туғызылады.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғалымдары даярлаған Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру тұжырымдамасында: Білім алушылардың интеллектуалды тұлғасының (БИТ) құрылымы интеллектің төрт түрінен тұрады: жалпы, әлеуметтік, эмоционалдық (әсершіл), тәжірибелік.

Әрбір деңгейдің (когнитивтік және мінез құлықтық) құрылымдық-мазмұндық сипаты негізінде тұлғаның интеллектуалды әлеуетінің көріну және даму факторларын сипаттайтын интеллект түрлерін жіктеп көрсеткен [38,б. 148]. Олар:




Сурет 18 – Білім алушылардың интеллектуалды тұлғасының (БИТ) құрылымы (жалпы және әлеуметтік интеллект)

Зерттеу жұмысымызда тұжырымдамада көрсетілген білім алушылардың интеллектуалды тұлғасының (БИТ) құрылымының төрт: жалпы, әлеуметтік,

эмоционалдык (әсершіл), тәжірибелік түрін де дамытуға талпыныс жасалады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда әр интеллектінің алатын маңызы зор. Атап айтсақ, жалпы интеллекттің танымдық деңгейіндегі болашақ бастауыш сынып мұғалімі үшін оқу-танымдық және креативтіліктің негізгі факторларын құрайтын қабілеттіліктер мен идеяны жетілдірушілік өте қажетті қасиеттер олардың бойында болуы тиіс. Ал, мінез-құлықтық деңгейдегі болашақ маман ретінде қалыптасуы үшін оқытылатын пәндердің жаңа білім мазмұнын қабылдауы мен оны меңгерудегі іс-әрекеттеріне дағдылануында сапалы нәтижеге жетуімен сипатталады.

Әлеуметтік интеллектің біздің зерттеуіміз үшін маңыздылығы жоғары, болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде қоршаған ортаға, әлеуметтік қарым-қатынасқа, кәсіби маман ретінде әлеуметтік мәселелерді тереңірек білуге, оны шешуге атсалысуына қажетті интеллект деп есептейміз. Әлеуметтік интеллектің танымдық деңгейінде болашақ маманның тұлғалық сапасына, өзіндік сыни көзқарасына, өзінің уәжін дәлелдеуге, кез келген ортадағы мәдени қарым-қатынас, өзінің пікірін логикалық жүйелі жеткізуі, көркем мінез, барлық өзіне қатысты ақпаратты меңгеруіне, өзіне қажетті істің жоспарын құруға, орын іске асыруда өзіне сын көзбен қарауға ықпал етеді.



Сурет 19 – Білім алушылардың интеллектуалды тұлғасының (БИТ) құрылымы (эмоционалдык (әсершіл), тәжірибелік)

Эмоционалдык интеллектің зерттеу жұмысымызда алатын орын ерекше. Эмоционалдык интеллектің танымдық деңгейінде эмоцияны сезіну, оны көре білу және оған өзінің түсінгенін жеткізе білуімен сипатталады. Эмоцияның

себептерін анықтай білуі, оның оң және теріс ықпалын түсінетінін дәлелдей білуі. Мінез-құлықтық деңгейде өзінің мінез-құлқындағы теріс эмоцияны реттей білуі, қажетті жағдайда эмоцияны пайдалана білуі тиіс.

Тәжірибелік интеллектің сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижесіндегі білімдерді меңгерудегі іс-әрекеттерді орындаумен маңызды. Себебі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері кәсіби қызметтерінде алған теориялық білімін тәжірибемен іске асыра білуі яғни кәсіби құзыреттілігін дамытуға тәжірибе жинақтауына ықпал етеді. Мінез-құлықтық деңгейде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілікті меңгерудегі оқу-танымдық әрекеттері, жалпы және кәсіби пәндердің мазмұнын өздігінен игеруде табысқа жетуі, алған теориялық білімін педагогикалық практика барысында тәжірибеде қолдана алу дағдысы, шығармашылық тұрғыда ойлаудың жоғары шыңына жетуге, алға қойған мақсатқа жетудегі біліктілігімен сипатталады. Студенттердің коммуникативті мәдени қарым-қатынастың тәсілдемелерін меңгеруі, сыни тұрдан ойлауды кәсіби қызметте іске асырумен, зияткерліктің жоғары үлгісін көрсетуге ықпал етеді, - деген пікірді ұстанамыз.

Бірінші ерекшелік – меңгертілетін білім мазмұнына байланысты ақпараттарды барлық көлемде қабылдаумен сипатталады. Бұл үшін болашақ маман барлық оқу материалдарын толық меңгеріп, оны өңдеп, зерделеу үшін болашақ мұғалімнің зияткерлік әрекетке қабілеттілігін қамтамасыз ету

Екінші ерекшелік – меңгертілетін білім мазмұнына байланысты ақпараттың болашақ бастауыш сынып мұғалімнің қажеттілігін қамтамасыз етуі. Бұл ақпарат болашақ бастауыш сынып мұғалімнің білімге «қызығуы», “көтеріңкі көңіл-күйге ортақтасуынан” көрінеді

Үшінші ерекшелік – оқу бағдарламалары мен құрылымдарының тиімділігін «Мен тұжырымымен» қамтамасыз ету. Бұл ретте болашақ бастауыш сынып мұғалімнің жеке ерекшелігіне, мүмкіндігіне байланысты қатынас жасауы есепке алынады

Төртінші ерекшелік – оқу нәтижелі кері байланыс арқылы көрінетін өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі жүзеге асыруды (жеке жетістік) қамтамасыз ететін өзіндік іс-әрекетті ұйымдастыру. Бұл жерде ерекше айта кететін жай: кері байланыс шығармашылық, зияткерлік сипатта болуы керек

Бесінші ерекшелік – оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына жетуді үздіксіздікпен іске асыруда субъектінің зиятты тұлға болып дамуын қамтамасыз етеді. Мұндағы оқу үдерісінің субъектілік қатынасқа құрылуы мен студенттердің зияткерлігін дамытуға басымдық беруінен көрінеді

Сурет 20 – Тұлғаның зияткерлік дамуының ерекшеліктері

Зияткерлікті дамытуға арналған модельде ішкі әрекет тетіктерінің қызмет етуі көрсетілген мәселелерді шешудің тиімділігін айқындауға негіз болады.

Зияткерлікті дамыту моделінің шешетін негізгі мәселелерінің бірі – күтілетін нәтижені анықтау болып табылады. Модель мазмұнын іске асыру оның компоненттеріне сәйкес қызмет ету сипатын анықтауға, тұлғаның **зияткерлік дамуының бірнеше ерекшеліктерін анықтауға ықпал етеді.**

Зияткерлік түрлі өмірлік міндеттерді шешуде әрекет етуге бағытталған кезде практикалық іс-әрекетте кәсіби білім мен тәжірибеге ие болуы мен оны пайдалана алу қабілетін атап өтуге болады. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің зияткерлігінің дамуын одан әрі кәсіби іс-әрекеті кезеңінде өмірлік міндеттерді шешуге әрекет етуге бағытталған практикалық іс-әрекетте меңгергені кәсіби білімін тәжірибе мен ұштастырудағы қабілеттілігінде, - деп білеміз.

Қорыта келе, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың келесі **ерекшеліктері** айқындалды. Олар:

- жаңа білімді меңгеруге байланысты кез келген ақпаратты алуда, оның қаншалықты маңызды екенін сыни ойлау арқылы болашақ мұғалімнің зияткерлік әрекетке қабілеттілігі тұрғысында зерделеніп, нақты сұрақтарға жауап алу мақсатында оқу материалын кең көлемде игерудің теориялық негіздері, ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін басшылыққа алынуымен сипатталады;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімінің зияткерлігін дамытатын жаңа білімнің қызығушылық тудыруға бағытталуы, осы мәселелердің шешімін табатын ең маңызды ақпараттың қажеттілігін бөліп ала білуін, дидактикалық талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді;

- оқу бағдарламаларының жаңа міндеттерін шешуде білімді меңгеруге бағытталған ақпараттың себеп-салдарын сыни тұрғыдан анықтап талдау, шығармашылық тапсырмаларды шешуде зияткерлікпен өзіндік пікірі мен тұжырымын ұсынуда өзін-өзі дамытуы іске асырылады;

- жаңа білімді меңгеруде оның мақсатына байланысты мазмұнын ашатын әртүрлі ақпарат көздерінен қажетті мәліметтерді жинастыруды сыни тұрғыда шығармашылықпен саралап, өзінің көзқарасын дәлелдейтін пікірімен өзгертіп, интеллектуалдық өнімдер алуда қорытынды мен шешімдер келтіруде «Мен тұжырымдамасы» қамтамасыз етіледі.

- жаңа білімді меңгеруде сыни ойлау негізінде білім алушылардың интеллектуалды тұлғасының (БИТ) құрылымының төрт: жалпы, әлеуметтік, эмоционалдық (әсершіл), тәжірибелік түрі тұрғысынан қарастырғанда іс-әрекет үдерісінде өзін-өзі өзектендіруі, өзіндік «Мен-ін» құрметтеуге, тұлғааралық қарым-қатынас тәсілдерін қолдануды ізгілікке құруымен, рефлексиялық көзқарасты жүзеге асыруда, жоғары технологиялық деңгейді көрсететін тұлғалық сапалары дамытылады.

- жаңа білімді меңгергенін оқу нәтижесінде анықталатындықтан, рефлексияның шығармашылық, зияткерлік сипатта болуы болашақ маманның өзін-өзі өзектендіруі, өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі жүзеге асыруын (жеке жетістік) қамтамасыз ететін өзіндік іс-әрекетті ұйымдастыруымен сипатталады;

- жаңа білімді меңгеруде оқу үдерісінің субъектілік қатынасқа құрылуы өз әрекеттерін бақылауға, өзіне өзі баға беруге, оның жаңа жолдарын іздестіруге, оқыту мен оқу мақсаттарына жетуді сыни тұрғыда ойлайтын, кәсіби тұрақтылығы мен кәсіби шеберлігінің негізі болып табылатын субъектіні зияткерлік тұлға ретінде көрсететін қасиеттер мен сапаларды дамытуға бағытталуымен сипатталады.

2.2 Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың әдіснамалық негіздері

ЖОО-да болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудағы білім берудің жаңа көзқарасы әрбір студенттің өзін-өзі іске асыруында субъект болуын міндеттейді. Бұл үйлесімділік зияткерлікті дамыту мәселесінде берілетін білімнің бірін-бірі толықтырып отыруын көздейді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің зияткерлігін дамыту барысында студенттің субъект болып қалыптасуын келесідей критерийлермен өлшейміз:

- жаңашыл сипатта терең ойымен жауап таба білуі;
- тек терең ойлы емес, сонымен бірге жүйріктігі, ассоциациялық идеяларының артуы;
- зияткерлігі арқылы кәсіби жолда тез, нақты шешім қабылдай алуы;
- кез – келген қорытындыға ойша сыни баға бере алуы;

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің зияткерлігін дамытуда берілетін білім негізінде өздігінен әрекеттенуі оның болашақтағы өзінің мамандық қызметі үшін қажетті мазмұнды меңгеруді міндеттейді. Сыни ойлау – бұл когнитивтік дағдыларды, сондай-ақ аффективті қасиеттерді үйлестіру.

Сарапшылардың пікірінше, сыни ойлау келесі когнитивтік дағдыларды қамтиды, олар: түсіндіру; талдау; бағалау; қорытындылау; өздігінен реттелу.

Осы бес дағдының әрқайсысы сыни ойлаудың негізін құрайды, оның нәтижелілігін арнайы критерийлер арқылы бағалауға болады. Сыни ойлау дағдыларының зияткер маман даярлауда алатын орны ерекше.

Сыни ойлаудың бастапқы дағдылары бұл түрлі әдістермен белгіленетін сан қилы үдеріс. Осы үдеріске тән бастапқы дағдылардың және оларды нақтылап және құрайтын дағдылардың тізімін келтіреміз (кесте 7).

Кесте 7 – Сыни ойлаудың бастапқы дағдылары

Бастапқы дағдылар	Бастапқы дағдыларды құраушылар
1	2
Проблеманы анықтау	- Жауабы алынбаған сауалдарды дайындау; - Бірегей сипаттамаларды табу - Фактілерді жинау - Міндеттерді қойып және проблеманы белгілеу

7 - кестенің жалғасы

1	2
Жіктелуі	<ul style="list-style-type: none"> - Ұқсастықтары мен өзгешеліктерін табу - Мәліметтерді топтастырып және сұрыптау - Салыстыру жүргізу - Өзгешеліктерін көрсету «не ... не ...»
Өзара байланыстарды іздеу	<ul style="list-style-type: none"> - Бөліктер мен тұтастың арасында байланыс орнату - Үлгілер құру - Талдау жүргізу, синтездеу - Тізбектілігі мен реттілігін танып ажырату - Индуктивті және дедуктивті пікірлерді қолдану
Қорытынды жасау	<ul style="list-style-type: none"> - Себебі мен салдарын анықтау - Айырмашылықтарды анықтау - Қорытынды жасау - Баға беру

Бүгінгі заман болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінен үздіксіз ізденімпаздық пен шығармашылықты, кәсіби шеберлікті, сыни ойлай білетін зияткер маманды қажет етеді. Осы орайда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда сыни ойлау дағдыларының алатын рөлі орасан. Сыни ойлау дағдылары тұлғааралық іс-қимыл дағдыларымен бірге қолданылып отыруы мүмкін. Сол себептен, ғалымдар сыни ойлау дағдыларын кеңінен қолданылатын және мақсатқа лайықты деп санайды (кесте 8).

Кесте 8 – Когнитивтік дағдылар мен шағын дағдылар

Когнитивтік дағдылар мен дағдылардың келісілген тізімі	
Когнитивті дағдылар	шағын дағдылар
1. Түсіндірмелеу	<ul style="list-style-type: none"> - Санаты бойынша бөлу - Маңыздылығын анықтау - Мәнін түсіну
2. Талдау	<ul style="list-style-type: none"> - Идеяларды тексеру - Дәйектерді танып ажырату - Дәйектерді талдау
3. Бағалау	<ul style="list-style-type: none"> - Пайымдауларды бағалау - Дәйектерді бағалау
4. Қорытынды жасау	<ul style="list-style-type: none"> - Фактілердің (деректердің) мәнін түсіну - Баламаларды талдау - Қорытынды жасау
5. Түсіндіру	<ul style="list-style-type: none"> - Нәтижелерді тиянақтау (баяндау, ұсыну) - Рәсімдерді негіздеу - Дәйектерді ұсыну (таныстырылып)
6. Өздігінен реттеу	<ul style="list-style-type: none"> - Өз-өзін тексеру - Өз-өзін түзету

Сыни ойлау дағдыларын оқыту үдерісінде қалыптастыру болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын

арттырады және білімдері шындалып, ғылыми көзқарас пайда болады. Еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті, сыни тұрғыдан ойлай алатын, зияткер мамандар даярлауда да қосатын үлесі орасан [126,б. 198].

Сыни ойлаудың негізгі дағдылары мен шағын дағдыларының консенсустық сипаттамасы 1980 жылдардың соңында Американдық философиялық қауымдастық жобасының шеңберінде сарапшылық консенсус түрінде әзірленіп және «Сыни ойлау: білім берумен бағалау мен оқытуға қатысты сарапшылық консенсус туралы есеп» атты тиісті баяндама түрінде жарияланған болатын [127,с. 21].

Сыни ойлаудың негізгі дағдылары: *түсіндірмелеу, талдау, бағалау*. *Түсіндірмелеу* кезеңінде тәжірибе, жағдай, дерек, оқиға, пайымдау, келісім, наным, ереже, рәсім мен критерийлердің мәнін түсіну іске асады. Осы негізгі түсіндірмелеу дағдысынан: жіктеу, мәннің кодын ашып анықтау, мағынасын айқындап алу сияқты ішкі дағдылар туындайды.

Кесте 9 - Ішкі дағдылардың консенсустық сипаттамасы (түсіндірмелеу дағдысы негізінде)

Ішкі дағды	Сипаттамасы	Мысалы
1	2	3
1.1 Жіктеу	ақпаратты түсініп, суреттеп немесе анықтау үшін санаттарды, айырмашылықтарды немесе құрылымдарды тиісті түрде түсініп немесе тиянақтау тәжірибені, жағдайды, нанымдарды, оқиғаларды және т.б. тиісті жіктеулерді, айырмашылықтарды немесе құрылымдарды қолдана отырып суреттеу	проблеманы танып ажыратып және оның сипатын зерттеуге қатысты жалған сенімсіз анықтау: ақпаратты жүйеге келтірудің керекті әдісін анықтау; осы жағдайда алған тәжірибе туралы есеп беруді анық, оңай оқылатындай ету; деректерді, нәтижелерді немесе пікірлерді жіктеудің осы сұлбасын қолдана отырып жіктеу
1.2 Мәннің кодын ашып анықтау	тіл, әлеуметтік іс-қимыл, суреттер, сандар, кестелер, диаграммалар, белгілер мен символдар сияқты коммуникативтік жүйелер арқылы айқындалған эмоциялардың мәнін, лауазымдық міндеттерді, ойлаған ойларды, ниеттерді, мақсаттарды, әлеуметтік мәнін, құндылықтарды, көзқарастарды, ережелерді, рәсімдерді, критерийлерді немесе логикалық байланысты тауып, оларға көңіл бөліп және ақпараттық мағынасын суреттеу	Мысалы: адамның сұрақ қоюдағы мақсатын анықтап және суреттеу; осы әлеуметтік жағдайда қолданылатын ерекше бет әлпетінің немесе ымның мағынасын бағалау, пікірталастарда кекесінің немесе риторикалық сұрақтардың қолданылуын айыра білу; ерекше нысандағы аспаптарды қолданумен көрсетілген немесе ұсынылған деректерді түсіндірмелеу
1.3 Мағынасын айқындап алу	суреттеу, ұқсастығын көрсету немесе фигуративтік сөз тіркестері арқылы өзгертіп айту немесе ұғынықты ету, сөздердің,	Мысалы: адамның не айтқанын оның айтқан затының мағынасын сақтай отырып, әртүрлі сөздерді немесе сөз тіркестерін қолданумен қайта

9 - кестенің жалғасы

1	2	3
	идеялардың, ұғымдардың, пайымдаулардың, іс-қимылдардың, суреттердің, сандардың, белгілердің, диаграммалардың, символдардың, ережелердің, оқиғалардың немесе салт-жоралардың мән-мәтіндік немесе көпшілік қабылдаған мағыналары	түсіндіру; әлдебір затты әлдекімге түсіндіріп беруге көмектесетін мысалды табу; тұжырымдамалық өзгешелікті анық түсінуге немесе қате қосмағыналылықты жоюға мүмкіндік беретін өзгешелікті түсіндіру
	шатыстыратын, кездейсоқ белгісіздікті немесе қос мағыналылықты жою үшін суреттеуді, ұқсастықты немесе фигуративтік сөз тіркесін қолдану немесе осындай іс-қимылдарға арнап қажетті рәсімді әзірлеу	

Сыни ойлаудың келесі негізгі дағдыларының бірі – *талдау*. Талдау–пайымдау, сауал, ұғым, суреттеу немесе наным, ой-пікір, күйзеліс, негіздеме, ақпарат немесе пікірлерді білдіруге арналған өзге нысандағы репрезентациялардың арасынан алдын-ала ойластырылған және нақты логикалық байланыстарды ажыратып танып отыру қабілеті. Талдаудың ішкі дағдылары - пікірлерді зерттеу, дәйектерді анықтау және дәйектерді талдау.

Кесте 10 – ішкі дағдылардың консенсустық сипаттамасы (талдау дағдысы негізінде)

Ішкі дағды	Сипаттамасы	Мысалы
1	2	3
2.1 Пікірлерді зерттеу	дәйектеу, негіздемелеу немесе көндіру (сендіру) контексінде атқаратын немесе атқаруға арналған әртүрлі сөйлемдердің (айтқан сөздің), терминдерді рөлін анықтау	Аудиторияны сол пікірмен келісуге итермелей алатын және ниеттестік және эмоциялық жауаптық үн қату тудыра алатын фразаны сәйкестендіру; сол проблемаға қатысты өзара байланысқан ұсынымдарды мұқият зерттеу және олардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау; шатысқан және күрделі міндетті анағұрлым түсінікті шағын міндеттерге қалай бөлуге болатынын анықтау; абстрактілік ұғымдарды белгілеу
	идеяларды, ұғымдарды (концептілерді) немесе пайымдауларды салыстыру	
	даулы нәтижелерді немесе проблемаларды сәйкестендіру және олардың құраушы бөліктерін белгілеу және сондай-ақ сол бөліктердің бір-біріне және тұтастай концептуалды қатынастарын сәйкестендіру	

10 - кестенің жалғасы

1	2	3
2.2 Дәйектер ді анықтау	бірқатар пікірлерді, суреттеулерді, сауалдарды немесе ұсынуларды ескере отырып, олар келісуді білдіре ме немесе кейбір көзқарастарды, пікірлерді даулап отыр ма, соны анықтау	хабарламаға сүйене отырып, контекстінде оқу критериін, бұл хабарламаның қалай және қашан шығарылғанын, оның қандай да бір мәлімдеуді, сол сияқты сол мәлімдеуді қолдайтын себепті немесе себептерді көздейтін-көздемейтінін анықтау; пікірмен келісу немесе келіспеу себептерін білдіру; жарнамалық хабарламаға сүйене отырып, сол хабарламаға қолдау болып табылатын қалған себептерден басым болып отырған кез келген сөйлемдерді сәйкестендіру
2.3 Дәйектер ді талдау	кейбір пікір, көзқарастарды қолдау немесе даулау үшін нақты себептерге сүйену, бір- бірінен ажырату: негізгі қорытындының мақсаты; басты қорытындыны қолдау үшін ұсынылған алғышарттар мен себептер; дәйектің толық құрылымы, пайымдаудың бірізді желісі;	даулы әлеуметтік проблема бойынша шағын дәйекті немесе меморандумды ескере отырып, автордың басты талабын, сол автордың сол талап тұрғысынан себептері мен алғышарттарын сәйкестендіру, қосымша ақпарат сол себептер мен алғышарттарды, сондай-ақ автордың пайымдауында айқын емес шешуі болжамдарды қолдау үшін қолданылады; ерекше талапты қолдайтын бірнеше себептерді ескере отырып, пайымдаудың логикалық түрде шығарылған барысын барынша толық түрде сипаттайтын графикалық көріністі дамыту

Бағалау – адамның қабылдауының, тәжірибенің, жағдайдың, пайымның, нанымның немесе пікірдің түсіндірмесі немесе суреттемесі болып табылатын айтылған сөздің немесе өзге қайта таныстырылымдардың шүбәсіздігін бағалау; және айтылған сөздің, суреттеулердің, сауалдардың немесе өзге түрдегі қайта таныстырылымдардың арасындағы іс-жүзінде орын алып отырған немесе болжамды логикалық шығарылған байланыстардың арасындағы байланыстардың логикалық күшін бағалау.

Кесте 11 – Ішкі дағдылардың консенсустық сипаттамасы (бағалау дағдысы негізінде)

Ішкі дағды	Сипаттамасы	Мысалы
1	2	3
3.1 Пайымдауларды бағалау	ақпарат көзіне немесе пікірге тән мүмкіндік дәрежесін бағалауға қатысты факторларды білу сауал, ақпарат, принцип, басқарудың немесе рәсімдік нұсқаулардың контекстілік орындылығын бағалау кез келген берілген нұсқаудың, тәжірибенің,	Мысалы: оқиғаға қатысты факторларды мойындауы; әркімнің білетініне немесе білуі мүмкін болатынына негізделе отырып, мұндай мәлімдеменің мүмкін,

11 - кестенің жалғасы

1	2	3
	жағдайдың, пайымдаудың, нанымның немесе пікірдің тиімділігін, сенім деңгейін бағалау	дұрыс немесе жалған болатын-болмайтынын анықтау
3.2 Дәйектер ді бағалау	осы дәлелді ақиқат ретінде (дедуктивті түрде анықталған) немесе ықтимал ақиқат ретінде (индуктивті түрде ақталған) қабылдаудың ойдан шығарылған тиімділігі сол дәлелдің айқын тұжырымын ақтайтын-ақтамайтынын шешу	Мысалы: танылатын ресми және бейресми қателерге қатысты тексеру; дәлелге қатысты қарсылықты ескере отырып, сол қарсылықтың логикалық күшін бағалау; ұқсас дәлелдердің сапасы мен қолдануға жарамдылығын бағалау; гипотетикалық жағдайларға немесе себептік пайымға негізделген дәлелдердің логикалық күшін шешу; бұл дәлелдің іске қатысы бар-жоғын шешу; жаңа деректердің осы дәлелдің алдағы уақытта логикалық тұрғыдан расталуына немесе жоққа шығарылуына қалайша әкелуі мүмкін болатынын анықтау
	сауалдарды немесе қарсылықтарды алдын-ала біліп немесе тудыру және олардың бағаланып отырған дәлелдің елеулі әлсіздігін көрсетіп отырғанын-отырмағанын шешу	
	дәлелдің жалған және күмәнді болжамдарға сүйеніп отырған-отырмағанын анықтау және мұның дәлелдің күшіне қаншалықты қатты ықпал ететінін түсіну	
	қисынды және қате қорытындыларды бір-бірінен ажырату	
	дәлелдің жарамдылығын анықтау мақсатында сол дәлел мен болжам дәлелдемелерінің елеулігін анықтау	
	дәлелдің жарамдылығын анықтау мақсатында дәлелдің көзделген немесе кездейсоқ нәтижелері дәлелдемелерінің елеулігін анықтау	
	дәлелді күшейтіп немесе әлсіретуі мүмкін ықтимал қосымша ақпараттың дәрежесін анықтау	

Логикалық қорытынды (ой қорытындысын) әзірлеу - қорытынды үшін қажет болатын элементтерді анықтап (сәйкестендіріп) және өзгермеген қалпында қалдыру; болжамдарды құрастыру; релеванттық ақпаратты қарастырып және дерек, пайымдау, принцип, пікір, наным, ой, ұғым, сауал немесе өзге түрдегі қайта таныстырылымдардан (бастапқы элементтерден) туындап отырған салдарды анықтау.

Кесте 12 – Ішкі дағдылардың консенсустық сипаттамасы (логикалық қорытынды дағдысы негізінде)

Ішкі дағды	Сипаттамасы	Мысалы
1	2	3
4.1 Дәлелдеме- лерді нақтылау	қолдауды қажет ететін пайымдауды анықтап және сол қолдауды құрай алатын ақпаратты іздеу мен жинақтауға арналған стратегияны қалыптастыру	пікірді қолдайтын сендірерлік дәйекті дамытуға тырысумен, қандай кіріспе ақпаратты білген пайдалы болатынын шешу, сондай-ақ мұндай ақпараттың

12 - кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>баламаның жарамдылығын, шындыққа сәйкестігін, артықшылықтарын, проблеманы, теорияны, гипотезаны шешуге қатысты болатын-болмайтынын шешіп, сол ақпаратқа ие болудың ықтимал стратегияларын анықтау</p>	<p>қолжетімділігі туралы анық жауап беретін жоспарды дамыту; жетіспейтін ақпарат туралы шешім қабылдағаннан кейін сол ақпараттың қолжетімділігін көрсететін іздестіруді бастау керек</p>
<p>4.2 Баламалардың болжамы</p>	<p>проблеманы шешу үшін, сауалға қатысты бірқатар гипотезаларды постулат ретінде алу үшін, оқиғаға қатысты баламалы гипотезаларды жобалау үшін, мақсатқа жету жоспарларын дамыту үшін көптеген баламаларды әзірлеп алу шешімдердің, қағидалардың, стратегиялар мен теориялардың диапазонын болжам және жобалау</p>	<p>техникалық, этикалық проблеманы ескере отырып, сол проблемаларды шешудің бірқатар нұсқаларын дамыту; өздерімен келісуге болатын немесе болмайтын басымдықтардың қатары, мұндай басымдықтар қабылданған жағдайда жүзеге асатын қиындықтар мен тиімділіктерді жобалау</p>
<p>4.3 Қорытындыларды құру</p>	<p>анықтамада тиісті қорытындылау әдістерін қолдану, бұл мәселеде қандай қағиданы, пікірді немесе көзқарасты қабылдау керек</p> <p>бірқатар пайымдауларды көрсетудің өзге формаларын қолдана отырып, олардың логикалық шығарылған қатынастарын және олар кепілдік беретін болжамдарды анықтау, пайымдаудың сәтті әдістерін қолдану</p> <p>бірнеше ықтимал қорытындының қайсысы барынша айқын болып келетінін, олай болмағанда қабылданбауы немесе ықтималдығы барынша аз деп бағалануы тиіс болатынын анықтау</p>	<p>эмпирикалық гипотезаны растап немесе жоққа шығару үшін эксперименттер жасап және қорытындылаудың тиісті статистикалық әдістерін қолдану; ақпараттандырылған пікірлерді зерттеудегі даулы мәселені ескере отырып, түрлі кереғар көзқарастарды және олардың басым себептерін қарастыру, тиісті ақпаратты жинақтап және сол проблема бойынша өзіндік ойластырылған пікірін қалыптастыру; қорытындылардың тиісті ережелерін қолдана отырып, аксиомалардан теорема шығару</p>

Түсіндіру – өз пайымдауыңыздың нәтижелерін құрастыру; сол пайымдауды сіздің нәтижелеріңіз өздеріне сүйенген дәлелдік, тұжырымдамалық, әдіснамалық, критерийлік және контекстілік тұрғылардың терминдерімен негіздемеу; өз негіздемеңізді нанымды (бұлтартпайтын) дәйектер түрінде ұсыну.

Кесте 13 – Ішкі дағдылардың консенсустық сипаттамасы (түсіндіру дағдысы негізінде)

Ішкі дағды	Сипаттамасы	Мысалы
5.1 Нәтижелерді қалыптастыру (ұсыну)	нәтижелерді талдап, оларға баға беріп, тұжырымдап және қорытындылау үшін нәтижелердің дәл пайымдауларын, суреттемелерін немесе ұсынылуын құрастыру	неліктен дәл осы көзқарасты ұстану керектігінің негіздемесін хабарлау; зерттеу нәтижелерін хабарлау; осы жұмысқа қатысты талдау мен пікірін беру; практикалық маңыздылығы мәселесі бойынша ойластырылған пікірін айту
5.2 Рәсімдерді (әдістемелерді) түсіндіру (негіздемелеу)	түсіндірмелерді зерттеулерді, баға берулерді немесе қорытындыларды қалыптастыруда қолданылатын дәлелдік, әдіснамалық, критерийлік және контекстілік пайымдауларды сол процестерді өзге біреу дәл түрде тіркеп (жазып), бағалап, өз-өзіне немесе өзгелерге суреттеп немесе түсіндіріп бере алатындай етіп ұсыну	проблеманы немесе ғылыми шараны шешуде қабылданған іс-қимылдар журналын жүргізу; деректерді талдау мақсатындағы статистикалық мәтіндердің таңдалуын түсіндіру; деректерді бағалауда қолданылатын стандарттарды анықтау; әркімнің басты концепцияларды қалай ұғынатынын түсіндіру, себебі концептуалдық анықтық алдағы уақытта бұл проблеманы шешу үшін аса маңызды болып табылады; осы техникалық әдістемені қолданудың алғышарттары орындалғанын көрсету; шешім қабылдауда қолданылатын стратегия жайлы хабарлау; көрнекілік ретінде қолданылатын сандық немесе кеңістіктік ақпаратты көрсететін графикалық таныстырылымды жасап шығару
Дәлелдерді ұсыну (таныстыру)	қандай да бір талаптарды қабылдаудың себептерін келтіру; осы әдістер, ұсынулар, куәландырулар, критерийлер бойынша немесе логикалық, аналитикалық немесе бағалау пайымдарының контекстілік орындылығы бойынша қарсылықтарға төтеп бере білу	осы стратегия үшін даулы болып табылатын жұмысты жазу; стратегиямен байланысты орынды сыни ескертулерді күтіп және оларға жауап беру; осы мәселеге деген елеулі жеке көзқарасымен байланысты өзіндік немесе бөгде біреудің ойлануына арналған айқындықты немесе айқын еместікті сәйкестендіру, түсіндіру

Өз-өзін реттеу дағдысы. Өзінің когнитивті іс-қимылдарын саналы түрде қадағалап отыру, когнитивті іс-қимылдарды, сол іс-қимылдарда қолданылатын элементтерді және анықталған нәтижелерді бақылау, бұл жағдайда сауалнама алу, ойларды немесе нәтижелерді растау, бекіту немесе түзету мақсатында өзінің және өзгенің логикалық пайымдарын талдау мен бағалау дағдыларын қолдану.

Кесте 14 – Ішкі дағдылардың консенсустық сипаттамасы (өз-өзін реттеу дағдысы негізінде)

Ішкі дағды	Сипаттамасы	Мысалы
6.1 Өз бетінше тексеру	осы көзқарасқа сүйенген болжамдарды; осы тұжырым бойынша келетін негіздемелер мен себептерді сәйкестендіріп қарау; әлдекімнің ойын ой елегінен өткізу, келтірілген нәтижелерді, дұрыс мәлімдемелерді растау және когнитивті дағдыларды орындау; пайымдар мен пікірлерді жүзеге асыру үшін оларға объективті және ойлы метакогнитивті өзіндік баға беру; пайымдауларға және пікірлерге оларды жүзеге асыру үшін объективті және зейін салып өз бетінше метакогнитивті баға беру; пайымдауларға білімнің жетіспеушілігінің әсер ету дәрежесін, эмоциялардың немесе объективтілікті немесе тиімділікті шектейтін өзге кез келген факторларды бағалау; әлдекімнің зерттеуде, түсіндірмелеуде, бағалауда, қорытындылауда немесе айтылған сөздерде әділ, түбегейлі, объективті, шынайы, орынды және оңтайлы болуға деген талпынысын анықтау мақсатында ниеттерін, құндылықтарды, қатынастар мен мүдделерді ой елегінен өткізу	жеке қызығушылықтың ықтимал әсеріне сезімтал даулы мәселеге қатысты көзқарастарды зерттеу; қате мәлімдеулерді немесе қателерді анықтау мақсатында әдіснаманы немесе есептеулерді тану; ешкімнің маңызды ақпаратты жіберіп алмағанына сенімді болу үшін дереккөздерді қайта оқып отыру; сол көзқарасқа сүйенетін фактілердің, пікірлердің немесе болжамдардың тиімділігін сәйкестендіру, тану; осы қорытынды бойынша келетін негіздемелер мен себептерді сәйкестендіру, тану
6.2 Өз бетінше түзету	өз бетінше тексеру қателерді ашып көрсеткен жерде мүмкін болса, сол қателерді немесе себептерді түзетуге немесе түзетпелеуге арналған қисынды рәсімдерді әзірлеп шығару қажет	әлдекімнің жұмысындағы әдістемелік қатені ескерумен, сол жұмысты қайта қарау, проблеманы түзету және артынша қайсыбір қағидада, алынған деректерде немесе нанымдарда осындай түзетудің нәтижесінде өзгерістер болатын-болмайтынын анықтау

Сыни ойшылдар сынға икемделу, білуге құмарлық, өткір ой, саналылық, дұрыс ойлау, сондай-ақ шүбәсіз ақпаратты табуға деген құштарлық және әзірлік сияқты қасиеттерге ие болады. Салыстыру үшін төменде келтірілген «білікті» және «қалыпты» ойлау белгілерін қарастырайық.

Білікті ойлау: - бағалаумен пайымдау; - ақылға салып пайымдау; - жіктеу; - болжам; - қорытындыларды логикалық түрде қалыптастыру; - принциптерді түсіну; - болжам құру; - дәйектер мен пікірлерді ұсыну; - пайымдарды

критерийлерге негізделе отырып қалыптастыру.

Қалыпты ойлау: - күмәнді болжам; - артық көру; - топтастыру; - наным; - қорытындыларды кездейсоқ түрде қалыптастыру; - ұғымдарды ассоциация бойынша біріктіру; - болжам; - дәйексіз пікірлерді ұсыну; - пайымдарды критерийлерге сүйенусіз қалыптастыру.

Зерттеу барысында сыни тұрғыдан ойлайтын зияткерлігі дамыған болашақ мамандар даярлауда басымдық берілетін зияткерлік дағдыларды келтіреміз.

Репродуктивті дағдылар – репродуктивті дағдылар жоғары деңгейде, өткен тәжірибені салыстырмалы түрде қайта еске сала отырып көрінеді.

Эвристикалық дағдылар – қабылдау, есте сақтау, ойлау және қиял мен даму процесі жоғары деңгейде қалыптасып, оқыту мен оқуда эвристикалық дағдыларға негізделген жаңа мәселелерді шешеді.

Шығармашылық шеберлік (дағдылары) – шығармашылықтың жоғары деңгейінде зияткерлік дағдылар жаңа нәрсе жасауға бағытталған іс-әрекет ретінде көрінеді.

Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері – өзін-өзі басқарудың жоғары деңгейінде байқалады, сананы дамыту барысында өзінің іс-әрекетін бақылау және талдауда көрінеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері сыни ойлау барысында ақпаратты шынайы терең талдауда, өзінің ойлау қабілетінді дамыту мүмкіндігіне ие болады. Сыни ойлау дегеніміз – артығырақ немесе анағұрлым күрделі заттар жайлы ойлау емес, бұл «жақсырақ, анағұрлым сапалы түрде» ойлау болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлайтын зияткерлігі дамыған болашақ мамандарға тән сапалардың сипаттамасы 15-кестеде берілді.

Кесте 15 – Сыни тұрғыдан ойлайтын зияткерлігі дамыған болашақ мамандарға тән сапалар

Сыни тұрғыдан ойлайтын зияткерлігі дамыған болашақ мамандар:
- проблемаларды шеше алады, проблемаларды шешуде табандылық танытады
- ақылға салумен және баға бере отырып пайымдай алады
- өзін, өзінің албырттығын бақылайды
- өзге адамдар үшін ашық, басқа адамдармен әріптестік жасай алады
- сұхбаттасын тыңдай біледі, белгісіздікке шыдамды
- проблеманы әртүрлі көзқараспен қарастыра алады
- құбылыстардың арасында байланыс орната алады
- өзінің көзқарасынан өзгеше пікірлерге шыдаммен қарайды
- проблеманы шешудің бірнеше мүмкіндіктерін қарастыра алады
- «егер ... қалай болады?» деген сұрақты жиі қойып отырады
- логикалық қорытындылар жасап отыра алады
- өз сезімдерін, ойларын пайымдайды және оларды бағалайды
- болжам құрады, оларға негіздеме бере отырып, алдына жан-жақты ойластырылған мақсаттарды қоя біледі
- ақпаратты белсенді түрде қабылдайды

Жанартылған білім беру мазмұны жағдайында білім берудің сапасын

жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Себебі, әр күн жаңа ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы болғандықтан жаңартылған білім мазмұнының талаптары бойынша мұғалімге сыни тұрғыда ойлай білу қажеттілігі туындап отыр. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сыни тұрғыда ойлана білуі, сонымен қатар, оның негізгі принциптерін, әдістерін және оқытудың технологияларын толық меңгеріп, өзінің тәжірибесінде қолдана алуы оның зияткерлігін дамытуға мүмкіндік тудырады.

Заман талабына сай білім беру парадигмасына жаңаша көзбен қарау, барлық әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің тетігі болып табылатын жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы ортада қаланады. Сондықтан Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін, сыни тұрғыда ойлай алатын, зияткерлігі дамыған маман даярлауда, білім беру саласының барлық құрылымын модернизациялау қазіргі қоғамның өркениетті дамуын қамтамасыз ететін басты тетігі болып отыр.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің алдында үлкен міндет туындап отыр. Ол өзінің сыни тұрғыда ойлай алатын зияткер маман екендігін тәжірибе барысында көрсете алуы қажет. Бастауыш сынып мұғалімдері алдымен оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданатын оқыту технологияларын орынды саралай алуы тиіс. Солардың бірі – сыни ойлау технологиясы.

Осы тұрғыда ойланудың қандай да болмасын қиындық, ыңғайсыздық, күмән туғанда пайда болатындығы Джон Дьюидің: «ойлау тығырыққа тіреліп, таңдау жасау керек кезде басталады», - пікірін сыни ойлаудың негізі етіп аламыз. Сыни ойлаудың пайда болу кезеңдерін екіге бөліп қарастырамыз.

Біріншіден, оның алдында дайын жауабы жоқ қандай да бір мәселе (проблема) немесе әлі де үйреншікті бола қоймаған жаңа ақпарат пайда болғанда. Екіншіден, адам бұл проблеманың жауабын табуға ұмтылыс жасағанда немесе жаңа нәрсені түсініп, оның байыбына жетуге тырысқан жағдайда. Осының нәтижесінде жаңа өнімге қол жеткізеді де, зияткерлік тұрғысынан дамиды [105,р. 26].

Сыни ойлайтын студент өзін-өзі шектей біледі, басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарасын олармен салғастырады, қоғамда кеңінен таралып, көпшіліктің қабылдаған көзқарастарды мойындамай, олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді. Алайда бұл күмәндану жоққа шығаруды білдірмейді: осындай әрекеттер арқылы сыни ойлау аталмыш көзқарасты қабылдауға әкелуі әбден ықтимал. «Сыни ойлау» ұғымында «сынау», яғни «кемшіліктерді айқындау» мағынасы жоқ. Сыни ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең бойлау», «зерделеу», «екшеп-текшеп, жан-жақты қарастыру», «өзіңе сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп те келтіруге болады.

Зерттеу тақырыбымыз сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту болғандықтан, студенттердің жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламасының басты идеяларын да ескеру қажет, - деп санаймыз. Аталған құжатта сыни ойлау мына мағынада қарастырылады:

оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлануын дамыту. Мұғалім мен оқушы арасындағы өзара байланысты бұл үдерістің екеуін де дамытуды қарастырады. Сондықтан да болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін сыни ойлауға үйрету арқылы зияткерлігін дамыту әрбір пән бойынша берілетін білім мазмұнын меңгертуде және арнайы курс негізінде іске асырылуы керек.

Сыни тұрғыдан ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда бақылау, тәжірибе, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік мазмұнды игерту болып табылады. Сонда ғана ол болашақта кәсіби іс-әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Сыни ойлаудың басты ерекшелігі білімнің дайын күйінде берілмеуі. Болашақ маманды еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдай білуге, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулиды [127]. Бұдан шығатын қорытынды сыни ойлау дегеніміз – сапалы білім, шығармашылық, әдістерді ұтымды қолдану, психологиялық ізгілік, жеке тұлғаның қалыптасуы. Сонымен, сыни ойлау 21 - суретке сәйкес мынадай жағдайларда болады:



Сурет 21 – Сыни ойлау жүзеге асатын жағдайлар

Күмәнді пайымдауларда ненің дұрыс емес екенін түсініп, өзіңіздің сыни пікіріңізге негіздеме ұсынуға сыни ойлау дағдылары көмектеседі.

Сыни ойлау көптеген ағылшын тілді елдердің жоғары білім беру жүйесіндегі негізгі оқу пәндерінің бірі болып табылады. Мәтіндерді мұқият оқып, әдістемелік күмән келтіруге, яғни сәйкес, «логикалық тұрғыдан күмәндануға болатын» затты анықтауға, өзге біреудің, сондай-ақ өзінің дәйектерінде әлсіз жақтарды табуға, ұғымдармен жұмыс істеп, өз ойын анық

және негізделген түрде білдіруге үйренеді.

Зияткерлік – мидың қызметінің бүтіндігі мен үндестігі, адамның ақыл-ой қабілеттерінің барлық жиынтығы деп түсінсек, ал ақыл-парасаттың жоғары деңгейінің мәнін сақтау қабілеті деп тұжырымдаймыз. Бұл ретте зияткерлік ажыратылған тұтастық ретінде әрекет етеді, онда негізгі компоненттер ретінде иерархиялық тәртіппен базалық қабілеттер, ұйымның әртүрлі деңгейлері болатынын ескере келе зияткерліктің қызметтерін анықтадық.


Зерттеу жұмысымызға орай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту болғандықтан, тұлғаның негізгі зияткерлік қызметтерін айқындадық. Олар:



Сурет 22 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің негізгі зияткерлік қызметтері

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сын тұрғысынан ойлана білуі, сонымен қатар, оның негізгі принциптері мен әдістерін толық меңгеріп, өзінің тәжірибесінде қолдана алуы оның зияткерлігін дамытуға мүмкіндік тудырады [128,б. 20]. Елімізде жоғары білім беруде жүргізіліп жатқан модернизациялау білім беру бағдарламасы аясында сыни ойлаудың негізгі принциптері мен әдістерін орнымен дұрыс пайдалану бірінші орында зияткерліктің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкелу көзделуде.

Зерттеу жұмысымыз бойынша сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту мүмкіндіктерін қарастырдық:



Сурет 23 – Сыни ойлаудың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудағы мүмкіндіктері

Оқыту үдерісінде сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өз мамандығына қызығушылығы мен білімді сапалы меңгеруге ықпал етіп, бәсекеге қабілетті, өзіндік «Мен-ін» дәлелдей алатын ғылыми көзқарасы зияткерлік тұрғысынан дамыған тұлға дайындауға болады, - деген тұжырым жасаймыз.

Болашақ мұғалімнің зияткерлігінің педагогикалық іс-әрекетте маңызды рөл атқаратын көрсеткіштеріне: тапқырлық, қиылыстыру қабілеттілігі, ойлау және ассоциациялар еркіндігі жатады.

Психологиялық-педагогикалық еңбектерді талдау негізінде, педагогикалық іс-әрекеттің табысты болуына болашақ мұғалімнің тапқырлығы ықпал ететінін анықтадық. Себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей, педагогикалық іс-әрекет

регламенттелген, яғни уақытты шектеулі, ал сабақ барысында көп ойланбастан жылдам шешім қабылдауды қажет ететін ойламаған жерден туындайды әртүрлі жағдаяттар жүйріктілікті, зеректілікті, пайымдылықты, тапқырлықты танытуды талап етеді. Аталмыш көрсеткіш педагогқа жұмыс барысында туындайтын педагогикалық жағдаяттарға жылдам әрі иілгіш жауап беріп, оларды өзгертіп, позитивті, конструктивті бағыттылық және жаңаша эмоционалды реңк беріп, оқыту мен тәрбиенің нақты жағдайында жаңа шешім табуға көмектеседі.

Педагогикалық іс-әрекет мақсатты, жүйелі сипатты және нақты теориялық, әдістемелік дайындықты талап ететіні белгілі. Педагогикалық ЖОО түлектерінің теориялық базасы болғанымен, оларға педагогикалық практикалық тәжірибе жетіспейді. Сабаққа, сабақтан тыс іс-шараларға дайындық кезінде мұғалім жаңашыл-педагогтар тәжірибесіне сүйеніп, әртүрлі әдістемелік материалдарды қолданады және бар ұсыныстар негізінде жұмысының жоспарын құрады, белгілі элементтердің жаңа үйлесімдігін қиылыстырады. Бұл қиылыстыру қабілеттілігінің көрінісін өзектендіреді. Ол мұғалімнің әрқилы үйлестіру жасау іскерлігінде, жалпы оймен біріктірілген әрекеттердің жиынтығын модельдеуде көрінеді. Модельдеу көмегімен педагог күрделіден жеңілге қарай, белгісізден белгілілігіне қарай оқуды ұйымдастыра алады, яғни жан-жақты және толық зерттеу үшін кез-келген күрделі объектіні қолжетімді етеді. Бұл көрсеткіш мәселені иілгіш шешумен, бір категориядан басқасына, бір тәсілден басқа тәсілге көшумен анықталады. Педагог дамыған қиылыстыру қабілеттілігіне орай, бір объектіні басқаларымен, олардың модельдерімен де толықтыра алады.

Оқушылармен өзара әрекет үрдісінде мұғалім әрқашан ақыл-ой, шығармашылық міндеттерді шешеді, яғни оқу-тәрбие үрдісінің мазмұны, формалары және әдістеріне принципалды түрде жаңалықтар енгізуден бастап, оқушылармен жұмыс барысында, қарым-қатынас кезінде дайын шаблон, стандарт күйін қаламайтын жеке мәселелер туындайды. Мұндай жағдайда дивергенттік ойлауға сүйенеді, ол «әртүрлі бағыттағы қозғалыс» үрдісімен, мәселеге қатысы бар әрқилы аспектілерді қамтуда идеялардың шашыраңқылығымен ерекшеленеді. Мұндай ойлау шығармашылықпен байланысты, өйткені жаңа идеялар мен шешімдер туындатады, педагогты өз жұмысында біркелкілік пен шаблоннан аулақ болуына ықпал етеді, себебі мұғалімнің жұмысы зияткерлі шығармашыл тұлғаны қажет етеді.

Келесі көрсеткіш ассоциациялар еркіндігі – ол құбылыстар арасында байланысты орнату кезінде олардың біреуі екінші ассоциацияның пайда болуын туындатады. Ассоциациялар еркіндігі негізінде мұғалім мәселені шешу үрдісінде алыс ассоциацияларды таба алады, сөйтіп бұрында байланыспаған идеялар арасында ассоциацияларды орнату негізінде мәселені шығармашылықпен шешеді. Бұл көрсеткіш шынайы педагогикалық жағдаяттардың жаңа, әдеттен тыс, кенеттік үйлесімдер мен байланыстарда көріну негізінде мұғалімнің шығармашылық фантазиясын дамытады және мәселелердің оригиналды шешімдерін табуға итермелейді.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған болашақ мұғалімнің зияткерлік көрсеткіштері педагогикалық іс-әрекет үрдісінде туындайтын әртүрлі

жағдаяттарды табысты, стандарттан тыс шешуге, оқу үрдісін балалардың жас ерекшелігіне сәйкес құруға, білім алушылардың оқу және тәрбие жетістігін жоғарлатуға ықпал етеді деген тұжырымға келдік [129,б. 47].

2.3 Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың басты аспектісі үдерісті модельдеу. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту моделі белгілі қасиеттерге ие және көздеген мақсатты іске асыруды қамтамасыз ететін қағидалар негізінде құрылады. Біздің теориялық зерттеуіміз, ең алдымен, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуды педагогикалық әдіснамалық тұрғыдан талдау мен құрылымдық-мазмұндық моделін жасауды талап етеді. Зерттеу барысында жүргізген философиялық теорияларға негізделген психологиялық білімдер мен аспектілер, педагогикаға байланысты жасалған тұжырымдар тұлғаның дүниетанымының қалыптасу жолдары мен құралдарын жасайды.

Модельді іске асырудың нәтижесі зияткерлік дамуының жоғары деңгейі, сондай-ақ жеке зияткерлік қабілеттерінің ерекшеліктері болып табылады. Біз бөлген кезеңдер студенттердің зияткерлігін үйлесімді дамуына бағдарлануға мүмкіндік береді [130,б. 201]. Бұл зияткерлік қабілеттер тұлғаның интегративті сипаттамаларын (мотивация, қабылдау, шығармашылық ойлау, қиял, есте сақтау, зейін) дамыту үшін негіз болып табылады.

Болашақ мұғалімнің іс-әрекеті шығармашылық тапсырмаларды шешу және шешімдерді табу үшін бұрын меңгерілген қызмет бағдарламаларын трансформациялау деңгейінде білім мен тәсілдерді ауыстыру тұрғысынан икемді іздеу сипатында ие болады, айтарлықтай жаңа ақпарат алуға, зерделенетін құбылыстардың, оқиғалардың жаңа жақтарын ашуға, жан-жақты талдау негізінде өзіндік пайымдауларды, бағалауды айтуға; жаңа мәселелерді қоюға, болжамды ұсынуға және оларды шешу жоспарын әзірлеуге әкеледі. Зияткерлік қабілеті жоғары студенттердің педагогикалық шығармашылыққа өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі кәсіби дамыту құралы ретінде ішкі қажеттілігі бар; ол шығармашылықта құндылық қарым-қатынас танытады, білім беру үдерісінде шығармашылығын дамытуда эмоциялық өрлеуді сезеді.

Педагогикада «модель» қоршаған дүние туралы білімнің қолайлы түрі, яғни арнайы мақсаттар үшін жасалған объектілердің ақпараттық балама түрі.

Модельдеу шындықты зерделеудің кең таралған ғылыми әдістерінің бірі және жалпыланған және дерексіз объект, зерттелетін құбылыстың сұлбасы ретінде оның құрылысын білдіреді [131,с. 64].

Педагогикада *модельдеу* ғылыми теорияларды талдау негізінде дамып отырған, ал керісінше оларды жалпылап қорытындылауға, жинақтауға мән берілмей келеді. Біз үлгіні қарастыруда нысан үдерістері мен модель арасындағы үйлесімділікті сақтауға назар аудардық. Сондықтан да модельдеуге зерттеу проблемасының мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, құралын, әдістерін,

технологиясын, ұйымдастыру формаларын өзара байланыста қарастыра отырып, эксперименттен өткізіп, талдау-жинақтау негізінде жүргізілу қажет деп түйіндейміз.

Философия ғылымында модельдеу – бір жағынан адамның жасанды түрде жасаған жүйесі арқылы, тікелей зерттеу объектісі болып табылатын, күрделі жүйе арқылы білім алуға мүмкіндік беретін әдіс болып табылса, екінші жағынан білім алу, ал бүкіл жүйені зерттейтін жүйе үлгі саналады. Философиялық сөздікте модель «объектінің сипаттамаларын зерттеуі үшін арнайы құрылады» деп түсіндіріледі [132,с. 297].

Психологияда модельдеу – шындықты зерттеудің кең таралған ғылыми әдістерінің бірі және жалпыланған әрі дерексіз объектінің құрылысы, зерттелетін құбылыстың схемасы. Бұл объект зерттеу үлгісі болып саналады [133,с. 305].

В.Г. Афанасьев кез-келген модель модельдеу үдерісінде жасалады - танымның белгілі бір әдісі, онда бір жүйе (зерттеу нысаны) басқасы (модельде) шығарылады [134,с. 273].

Зерттеулерде модельдеуге екі жағдайда жүгінеді:

Біріншісі - тікелей танысуға болмайтын осындай объектінің жұмыс істеуі мен дамуының заңдылықтарын анықтау қажет болған кезде. Бұл жағдайда модель кейінгі талдау процесінде объект болып табылады. Мұнда модельдеу әмбебап әдіс болып табылады, өйткені ол зерттеудің әртүрлі кезеңдерінде оның эмпирикалық және практикалық деңгейлерінде қолданылады. Теориялық және эмпирикалық деңгейлерде модельдеу арқылы орындалатын функциялар әртүрлі. Теорияда бұл интерпретациялық, түсіндірме және болжау функциясы, эмпирикалық - өлшеу және сипаттау функциясы. Екі деңгейде де критериялды функция бар.

Екіншісі - объектіні қайта құру қажет болған кезде, оны шын мәнінде жобалау керек. Бұл жағдайда объектіні құру алдында оны модельдеу процесі болуы керек. Бұл жағдай бүгінде әсіресе педагогикалық практиканың қажеттіліктеріне байланысты жиі кездеседі.

Н.А. Умовтың айтуынша, модельдер - бұл көрнекі бейнелер, суреттер, панорамалар. Бұл тұжырымдаманы талдай отырып, В.А.Штофф оның мағынасын сөздің кең және тар мағынасында қарастырады. Оның пікірінше, модель кең мағынада шындықтың бір немесе басқа бөлігін жеңілдетілген (схемаланған немесе идеализацияланған) және визуалды түрде шығаратын ақыл-ой немесе іс жүзінде құрылған құрылым деп түсініледі. Бұл жағдайда Модель кейбір идеализация, шындықты жеңілдету ретінде әрекет етеді. Екінші жағынан, модель әлемнің ғылыми бейнесінің ажырамас элементі ретінде шығармашылық қиялдың өнімі бола отырып, фактілік сәтті де қамтиды, ал бұл факт элементі белгілі бір дәрежеде фактілермен, бақылаулармен, өлшемдермен шектелуі керек [135,с. 45]. Тар мағынада, В.А.Штофтың пікірінше, модельдер құбылыстардың белгілі бір аймағын басқасының көмегімен, неғұрлым жақсы зерттелген, түсінуге жеңіл, таныс бірінің көмегімен бейнелегісі келгенде түсініледі. Ғалымдардың ой-пікірлерін тұжырымдай келе, модельдеу ол маманның кәсіби қызметтегі кеңінен қолданылатын әрекеті деп түйіндейміз.

Модельдеу адамның кәсіби қызметінің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады. Педагогикада модельдеу теориялық зерттеудің әдісі ретінде де, дәстүрлі проблемаларды дәстүрлі емес тәсілмен (педагогикалық новация) шешуге шоғырланған сана-сезім, қиял және логика жұмысының ерекше тәсілі ретінде және студенттермен, біліктілігін арттыру курсының тыңдаушыларымен, мектеп оқушыларымен және т.б. сабақ өткізу үшін оқу құралы ретінде пайдаланылады [136, с. 57].

Маманның моделі оқу үдерісінің негізін құрайды. Маман моделінің компоненттері (кәсіби міндеттер, іс-әрекет түрлері), әртүрлі оқу пәндерін іріктеу мен оқыту ретіне әсерін тигізеді. Өмір тәжірибесі көрсеткендей қажетті кәсіби іс-әрекет түрлері мен жеке тұлғалық кәсіби қасиеттерін жоғары оқу орнындағы оқу барысында, әрбір оқу жылы мен семестрлерге бөліп, бірте-бірте қалыптастырып отыру тиімді болмақ.

Педагогикалық модельдеу келесідегідей жағдайларды қолданылатын байқауға болады:

- педагогикалық міндеттерді, жағдаяттарды модельдеу;
- оқыту, тәрбие, студенттердің зияткерлігін дамыту үдерісіні модельдеу;
- білім беру мекемелерін басқару жүйесін модельдеу.

Бұдан шығатын қорытынды, модельдің алғашқы құрылымдық элементі көптеген ақпарат арасынан зерттеп отырған объектіміз туралы маңызды деген мәліметтерді бөліп алуға мүмкіндік жасайтын, педагогикалық үдерістің мақсатын, мазмұнын, формасы, технологиялары мен құралдары және нәтижесін анықтайтын ұғым,- деп тұжырымдаймыз.

Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту моделін жасауда біз Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» [2, б. 96]; ҚР МЖМБС 6.08.012-2009 «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының мемлекеттік стандарттары [137]; сонымен қатар білім бағдарламалары мен педагогикалық мамандықтардың модульдерін әзірлеу, педагогтарды сертификаттау үшін бағалау материалдарын дайындау және біліктілік деңгейлерінің критерийлерін әзірлеуде басшылыққа алынатын 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығымен шыққан Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасының «Атамекен» Басқарма төрағасының «Кәсіби стандартты бекіту туралы» [138] сияқты нормативті құжаттардың талаптарын, бастауышта оқытудың стандарттары, дербес пәндердің әдістемесін басшылыққа алдық.

Бүгінгі таңда ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде құрылған модельдер жетілдіріліп, толықтырылуда. Біз зерттеу тақырыбымыз бойынша сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту моделін құруда зерттеулерде ұсынылған компоненттерін негізге ала отырып, зерттеу тақырыбымызға байланысты компоненттерін айқындадық.

Кез келген педагогикалық зерттеуде модельдің практикалық құндылығы нысанның зерттеу жақтарына негізінен оның адекваттығымен анықталады,

сонымен қатар көп жағдайда модельдің типімен мүмкіндігін және педагогикалық зерттеуде оның адекваттылығын анықтайтын модельдеудің негізгі принциптері - көрнекілік, нақтылық, әділдік модельді құру кезеңдерінде қаншалықты дұрыс есепке алынғанымен анықталады.

Ғылыми-педагогикалық қызмет моделінің, яғни парадигманың, мынадай әдіснамалық сипаттамалары бар: проблема, тақырыптың өзектілігі, зерттеу нысаны және пәні, оның мақсаттары мен міндеттері, болжамдар және қорғауға шығарылатын ережелер, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы өзгеріссіз қалады. Алайда практикалық білім беру қызметінің моделі өзгереді және тіпті әлеуметтік-мәдени жағдайлардың соңынан өзгеруге мәжбүр болады. Сондықтан педагогикалық тәжірибедегі өзгерістер байланысы, бір жағынан педагогика ғылымында да, екінші жағынан тура болып табылмайды.


Сонымен, модельдеу теориялық зерттеудің әдісі, дәстүрлі проблемаларды дәстүрлі емес тәсілмен шешуге шоғырланған жұмыстың ерекше тәсілі. Кез келген салада кеңінен қолданылады. Педагогикада оқу материалының құрылымын оңтайландыру, оқу үдерісін жоспарлауды жақсарту, танымдық әрекетті басқару, оқыту үдерісін басқару, диагностика, болжам жасау, оқытуды жобалау сияқты міндеттерді шешуде қолданылады.

Модельдің зерттеу мақсат-міндеттеріне қарай жасалатын түрлерін талдай отырып, біз құрылымдық-мазмұндық модель зерттеу жұмысымыздың мақсатына жауап береді деген қорытындыға келдік. Біздің моделіміздің бір тұтастығы компоненттердің құрылымдық (мақсаты, мазмұны, нәтиже) және мазмұндық (тұғырлары, ұстанымдар, мазмұн, деңгейлер) бірлігін қамтамасыз етеді.

Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың моделін құрастыруда: нобайды теориялық негіздеу; қасиеттер мен байланыстарды түсіндіру; сипаттаманы түпнұсқа сипаттамасымен салыстыру; олардың арасындағы ауытқуларды табу; модельге түзетулер енгізу; алынған мәліметтерді тұжырымдау; нобайды практика жүзінде тексеру сияқты қадамдар жүзеге асты.

Модельді жүзеге асыру негізінде сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту туралы білімді ғана меңгеріп қоймай, олардың алған білімдерін тәжірибеде жоғары деңгейде қолдана алулары, кәсіби әрекеттерінде педагогикалық шығармашылықтың жоғары деңгейін көрсете білулері, жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, толыққанды дамуы және өзін өзі дамытуын қамтамасыз етілетіндігі күтіледі.

Модель зерттеу мәселесі бойынша жасалған соңғы нәтижеге жетуінің әдіснамалық негіздері, зияткерлікті дамыту үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштері айқындалған, мамандар даярлауда қолданылатын мазмұнды меңгертуге бағытталған технологиясын, құралдарын сипаттайтын, ізделініп отырған сапаның қалыптасу деңгейлері айқындалған өзара бір-бірімен тығыз байланыстағы тұтас құрылым ретінде төмендегіше бейнелейміз (сурет 24).



Сурет 24 – Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың моделі арнайы әдіснамалық тұғырлар мен дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа алуы талап етті.

Синергетикалық тұғыр. Синергетика («синергея» - бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу) немесе өзін-өзі дамыту теориясы педагогика үшін эвристикалық мәні бар тұлғаны дамытудың әмбебап үлгілерін іздеуге бағытталған күрделі жүйе болып табылады. Синергетикалық тұғыр немесе білімнің синергетикасы білім берудің байырғы М.С.Каган, Е.В.Бондаревская және т.б. үлгілерінен өзге, жаңа педагогикалық әлемді синергетикалық тұрғыдан қарастыратын білім алушыларға өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың жаңа әдістерін меңгеруге бағытталған жаңа әдіснамасын жасауды алға шығарады [139, с. 137]. Бұл білім алушылар үшін жаңа әрекеттерге деген олардың эмоциялық қарым-қатынастарын (ым, бет қимылдауы, дауыс ырғағы), олармен тікелей өзара байланыс құрғанда, қарым-қатынас жасағанда ғана көруге болады.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру барысындағы ұжымдық таным үдерісін синергетикалық бағытта ұйымдастыру оның қатысушыларының ынтымақтастықта жұмыс жасаудағы келісімділік және ұжымның әр мүшесінің жауапкершілікті өз мойындарына ала білуі, басқалардың құқықтарын аяқ асты етпеу, басқа индивидтердің құндылықтарын мойындау арқылы бірлесе білім алуға демократиялық үдерісті қалыптастыру болып табылады. Бұл қазіргі уақытта көп айтылып жүрген шыдамдылық немесе толеранттылықты нәтижелі етеді. Сонымен білімнің синергетикасы білім берудің байырғы үлгілерінен өзге, жаңа педагогикалық әлемді синергетикалық тұрғыдан қарастыратын, білім алушыларға өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың жаңа дәрістерін меңгеруге бағытталған жаңа әдіснамасы болып табылады. Синергетиканы басшылыққа алу сыни ойлау негізінде болашақ маманның зияткерлігін дамытуға мүмкіндік беретін стратегия ретінде қарастырып, жаңа білімін теориялық тұрғыда толықтыруға мүмкіндік беретін әдіс болып шығады. Білім беру мазмұны аспектісінде синергетика өзекті мәселені шешу бірнеше пәндер бойынша білімдерді кіріктіру ұстанымын жүзеге асыру бойынша әдіснамалық негіздерді қамтамасыз етеді. Педагогикалық үдерістердің тұтастығын аша келе, синергетика әр түрлі пәндік ғылыми білімдерді ортақ жүйеге біріктіру, кіріктіру үшін жалпы негіздемелерді айқындауға, бағыт белгілеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың теориялық және әдіснамалық деңгейлерінде бірігуінің жаңа тұжырымдамалық тұғырнамасы болуы мүмкін. Осылайша, сыни ойлау негізінде болашақ маманның зияткерлігін дамытуға педагогикалық құбылыстарды қарастыруға синергетиканың әдіснамалық түсініктерін қолдану олардың мәнін терең ашып қана қоймай, тәжірибелік педагогикалық іс-әрекетті барынша тиімді атқаруға мүмкіндік береді.

Тұлғалық іс-әрекеттік тұғырды сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда басшылыққа алуымыздың негіздемесі мынадай. И.С.Якиманская жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру үдерісінің негізгі қағидасы болып табылады, оның мақсаты – әрбір баланың мүмкіндіктерін танып, дамыту [140, с. 140]. Бұдан

шығатын қорытынды біз жеке тұлғалық іс-әрекет жасау арқылы болашақ маманның өзіне тән ерекшеліктерінің болуы мақсатқа жетуінің, яғни оның қайталанбас жеке тұлға ретінде әр студенттің дамуын қамтамасыз етудің қажеттілігі екенін түсінеміз.

Е.В. Бондаревская тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4 компонент болу міндетті деп атап көрсетеді. Олар зияткерлік, когнитивтілік, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір жеке тұлғаның жекелей дамыуына жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді деп тұжырым жасайды [141,с. 28].

Д. Дьюи: «іс-әрекет арқылы оқыту» тұжырымдамасын алғаш рет ұсынған американдық ғалым. Ол оқытудағы іс-әрекеттік тұғырының негізгі ұстанымдарын: білімалушылар мүддесін ескеруді; ойлау мен әрекет етуге үйрету арқылы оқытуды; қиындықтарды жеңу салдары ретіндегі таным мен білімді; еркін шығармашылық жұмыс пен ынтымақтастықты анықтады.

Осы тұғырды басшылыққа алу арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сыни ойлау негізінде зияткерлігін дамытып, олардың жеке тұлға ретіндегі өзіндік сыни ойлауы, қызығушылығы, өмірлік ұстанымы, мамандығына деген көзқарасы, құндылық бағыттары, зияткерлік қабілеті және т.б. сияқты тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге мүмкіндік аламыз. Демек, тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда сыни ойлау мен әрекет етудің бірлігін қамтамасыз ететін, субъекті ретінде шығармашылықпен жаңа нәтижеге жетудің тиімділігін арттырудың құрылымы мен мазмұнын меңгеру тетіктерін айқындауға мүмкіндік жасайды.

Көпсубъектілі тұғыр болашақ маманға өзін-өзі дамыту субъектісіне айналу үшін қажет. Сонымен қатар, жеке субъектілердің дамыту үдерістерінің бірігуі дамыту ортасын түзеді және білім беру ортасында оқытушыдан ерекше субъект – субъектілі қарым-қатынасты құру үшін қажетті қабілеттерді қажет етуші жағдай туындайды. Зерттеу жұмысымызда көпсубъектілі тұғырды басшылыққа алу қажеттілігінің артқанын көрсетеді. Көпсубъектілі тұғырды басшылыққа алу бізге оқыту мен оқуды ұйымдастырудың формасының өзгеруі, білімді өздігінен меңгеруде ортақ мақсатқа жетуде субъектілік қарым-қатынасқа түсуде өзіндік «Мен-ін» дәлелдейтін, яғни тұлғалық қасиетін көрсететін зияткерлік қабілетінің сыни тұрғыдан ойлауының нәтижесі ретінде өзінің көзқарасын көпшіліктің пікірімен үйлестіре білуіне негіз болатын субъектілердің бірігу ортасын құруы зерттеу тақырыбымыз бойынша оң нәтиже алуға мүмкіндік туғызады.

Жүйелілік тұғыр барысында өзіміз зерттеп отырған педагогикалық құбылыс пен оның арасындағы байланыстың элементтерін анықтау. Жүйелілік тұғырдың көрнекті өкілдері В.В. Краевский [136,с. 170], Э.Г. Юдин [142,с. 201] және т.б. педагогикалық жүйені өзара байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырады. Ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, білім берудің мақсаты, зияткерлікті дамытудағы педагогикалық үдеріс субъектілері

(оқытушы мен дәріс алушы), білім беру мазмұны (білім,білік, дағды, зияткерлік, іс-әрекет тәжірибесі мен көңіл-күй- әрекет қатынас тәжірибесінің жүйесі), жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әдістері мен түрлері, құралдар деп пайымдадық.

Жүйелілік тұғырдың сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда алатын орны ерекше. Аталған тұғыр берілетін білімнің жүйелілігін, реттілігін, кезеңділігін сақтауды талап етеді. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда жүйелілік тұғыр берілетін жаңа білімнің бір-бірімен байланысын ретке келтіріп, ортақ мақсатқа бағыттап, зерттеу мәселесін нәтижелі шешуге ықпал етеді.

Акмеологиялық тұғыр А.Г.Асмолов, Б.С.Братусь тағы басқа ғалымдардың пайымдауынша ол адамның индивид ретіндегі прогрессивті дамуындағы шығар «шыңы»; тұлға ретіндегі дамуындағы жетістіктері; адамның даралық дамуындағы жетістіктерінің шыңы дейді [143]. Акмеологиялық тұғырдың аясында да болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби өзіндік білім алуға қызығушылығы артып, жаңа білім мен тәжірибені сыни ойлау тұрғысынан талдау арқылы зияткерлік қабілеттері дамиды. Біздің пайымдауымызша болашақ маманның жаңашылдыққа ұмтылуы, жеке тұлға ретінде әрекет жасауы, психологиялық жағынан өзін реттеп тежей алуы, шығармашылығының артуы оның зияткерлігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Жұмысымызда көрсетілген әдіснамалық тұғырлардың сипаттамасы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту болашақ маманның бойында келесі адами сапалардың орнығуына тәуелділігін көрсетеді:

1) интенционалдық – маманның өзіндік дамуына бағыттылығы; 1) креативтік – тұлғаның өзіне тән шығармашылық қабілеті мен фасилитаторлығы; 3) жариялылық – позитивті қарым-қатынас түзе білу ептілігі және т.б. Біздің құрылымдық-мазмұндық модель үшін жоғарыда аталған тұғырлар өте құнды деп есептейміз.

Зерттеу жұмысымызда басшылыққа алынатын ұстанымдар, біріншіден, нақты мәселелер мен оларды шешудің негізгі стратегияларын анықтауды, екіншіден, білім беру жүйесіндегі түйткілердің бағасы мен оның иерархиясын анықтауды талдауды, үшіншіден, аталған болжаудың толық нұсқасын іске асыруға қол жеткізеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда және зерттеу жұмысымыздың кешенділігін қамтамасыз етуде дидактикалық ұстанымдармен бірге ҚР үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру тұжырымдамасының ұстанымдарын да басшылыққа алдық. Олар төмендегі 16 - кестеде көрсетілген.

Кесте 16 – Ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру тұжырымдамасының ұстанымдары

Ұстанымдар	Сипаттамасы
сана мен іс-әрекеттің бірлігі ұстанымы	адам санасы белгілі бір істі жүзеге асыру барысында ішкі жоспарына сай қалыптасады. сана тұлғаның зияткерлік әрекетінің табыстылығын реттейді, оның санасының өмірлік тәжірибесі қоршаған ортада бағаланатын және тұлғалық адами мінез-құлықты игерудегі мүмкіндікті көрсетеді
жеке тұлғаның зияткерлігін дамыту ұстанымы	ақыл-ойдың жоғары деңгейінде орындалатын тапсырманы жүзеге асыру арқылы аса байқала бермейтін қабілетті айқындау ұстанымы. Тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерінің болашақтағы дамуының объективті заңдылықтарын көрсетеді. Бұдан «өзекті» және «зияткерлік» қабілет түсінігі пайда болады. Бұл ұстаным әрбір адамның өзіндік зияткерлік дамуы мен келешекте кәсіби шығармашылыққа қол жеткізуге ықпал етеді
үздіксіздік ұстанымы	білім алушылардың зияткерлік тұлғасын дамытуда іс-әрекеті бірізді, кезеңді үздіксіз динамикалық үдеріс (мотивацияны қалыптастырудан бастап, белсенді зияткерлік шығармашылық әрекетке дейін) және білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқытудың барлық кезеңдерін қамтиды және білім алушылардың зияткерлік тұлғасын дамытудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді
өз әрекетін ұйымдастыру ұстанымы	білім беру үдерісін ұйымдастыруға барлық субъектілердің өзінің қажеттілігі мен даралық қасиеттерін меңгере отырып, әлемдік деңгейдегі тәжірибелермен кіріктіре отырып, бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру мүмкіндіктері толықтай болуы

Біздің ұсынып отырған моделіміз өзара тығыз байланыстағы үш компонент жиынтығын құрайды. Енді солардың сипаттамасына тоқталып өтсек:

Мотивация – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерімен кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің ең құрамдас бөлігі болып табылады. Ол қажеттіліктер мен қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталған нақты әрекеттерде тікелей көрініс табады.

Мотивациялық компонент бойынша, атап көрсететін негізгі ғылыми түсінік: біздің субъект ол – болашақ бастауыш сынып мұғалімі десек, соның қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандырумен байланысты әрекетін ояту, белсенділігін тудыратын, сонымен қатар, бағыттылығын анықтайтын ішкі және сыртқы мотивтердің топтасқан жиынтығы;

Мотивациялық компонент – оқыту тәжірибесінде білім алудың әр түрлі түрткілері болады. Мотивация (ағылш. *motivation*) – қолданылу ыңғайына қарай қазақша «ниет», «түрткі», «кірісу», «жігерлену», «ынталану» сөздерінің мағынасына жақын келетін, қазіргі заман мәдениеті мен гуманитарлық ғылымдарында кең қолданылатын ұғым. Бұл ұғымды алғаш рет немістің иррационалды волонтаризм философы А.Шопенгауэр өзінің философиялық шығармасында жеткілікті төрт негіздің бірі ретінде қарастырған. Moveo латынша сөз болып, «қозғалу, әрекет ету» мағынасын береді, демек motivation сөзбе сөз мағынада «қозғалту, әрекетке келтіру» мағынасын береді.

Осы мотивациялық компоненттегі мотивтер білім алу барысындағы ақыл ойдың, интеллектінің, қабілеттердің дамуына қозғаушы күш болады. Біздің моделіміздегі сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту үдерісі ең алдымен болашақ маманның педагогикалық әрекетке оң қатынасы; сыни ойлай білуі; сәттілікке жетуге деген ынталылық сияқты білім алушының ішкі тұрткілерін білдіретін көрсеткіштермен сипатталады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде осындай ынта ықыластың болуы, біз қарастырып отырған сыни ойлау негізінде зияткерліктің дамуының тиімділігін арттырады. Ал ЖОО оқытушысы аталған мотивтерді оята алуға сәйкес педагогикалық әрекеттер жасай алуы тиіс.

Мазмұндық компоненттің модельдегі алар орны ерекше. Мазмұндық компонент теориялық және практикалық бөлімдерден, білімдер жүйесінен, біліктілігі мен функционалды сауаттылығы арқылы зияткерлікті дамытуға қатысты мүмкіндіктерді жүзеге асыра алу деңгейімен сипатталады. Біздің зерттеуімізде ұсынылып отырған модельдегі мазмұндық компоненттің өлшемі – болашақ мамандардың сыни ойлау арқылы зияткерлігін дамытатын білім, дағды, біліктің болуы. Ол мынадай көрсеткіштердің болуымен анықталады: өзіміз ұсынып отырған арнайы курс бағдарламасын игеру, соның негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «зияткерлік» жайлы теориялық білімдерінің, зияткерліктің түрлері, формалары, атқаратын қызметтері жайлы түсініктерінің болуы және білім беру үдерісінде қолданылатын сын тұрғысынан ойлау жайлы білімін қалыптастыру көзделеді. Нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту мазмұнын меңгеруі қамтамасыз етіледі. Демек мазмұндық компонентте білім алушылардың жаңа білімді меңгеруі мен оны практикалық сабақтарда тапсырмаларды орындау арқылы нәтижеге жеткізу жобаланады. Біздің жұмысымызда бұл мәселе арнайы курс мазмұны мен әдістемені жүзеге асыру арқылы шешілуі ойластырылған.

Модельдің осы компонентін негіздеу алдында іс-әрекет-әлемді және өз өзін саналы түрде өзгертетін үдерісте адамның немесе топтың әлеммен жасайтын өзара байланысы екендігіне тоқталғымыз келеді. Іс-әрекет – адамның дүниемен қарым-қатынас тәсілі. Іс-әрекет барысында адам табиғатты, қоршаған айналаны игеріп, шығармашылық тұрғыда өзгертеді. Сөйтіп, өзін іскер, жасампаз субъект ретінде қалыптастырады, ал өзі игерген табиғи ортаны іс-әрекет объектісі етеді. Іс-әрекет А.Н.Леонтьевтің теориясы тұрғысынан сыртқы дүниені өзгерту адамның өзін дамытуы үшін қажетті жағдай және алғышарт болып табылады [144,с. 278]. Адамның психикалық өмірінің жан-жақты дамуы белгілі әрекетпен айналысуына байланысты болады. Адам өмір сүру барысында өз психикасын түрлі жолмен жарыққа шығарады. Әрекет дегеніміз – түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған үдеріс. Адам іс-әрекеті – күрделі үдеріс. Оның құрамына жеке амалдар мен қозғалыстардың жүйесі кіретіндіктер, оның белгілі түрімен айналысу арқылы сыртқы ортамен белсенді түрде байланыс жасап, шамасынша өзгертіп отыруы кіреді. Іс-әрекет барысында болашақ маманның зияткерлігін дамытатын әртүрлі әрекетке түсу біліктілігі дегенді білдіреді. Бұл компоненттің көрсеткіштеріне тоқталып өтсек: ЖББМС,

оқу бағдарламалары, оқу жоспары, оқу құралдары, демонстрациялық материалдар, ғаламтор, ақпараттық ресурстары түрлерін білумен оларды сабақ барысында тиімді қолдана алуы. Сабақ барысында, әр кезеңде қолдануға болатын зияткерлік әрекеттердің мақсат, міндеттерін біліп қана қоймай, оларды шеберлікпен қолдана алу қазіргі таңда мамандардың басты құзыреттілігіне жатады.

Іс-әрекеттік компонент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға өзіндік баға беруімен сипатталады:

- студенттердің сыни ойлауы негізінде зияткерлігін дамуын өзіндік бақылау жасауы;

- студенттердің сыни ойлауы негізінде зияткерлігін дамуының нәтижелерін өзіндік талдауы;

- студенттердің сыни ойлауы негізінде зияткерлігін дамуына баға беруі;

- студенттердің сыни ойлауы негізінде зияткерлігін дамуының кемшіліктерін айқындап, оны жетілдіру жолдарын айқындау.

Зерттеу барысында сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту біздің моделімізде кәсіби білім алу барысындағы базалық, арнайы пәндерді оқыту, өзіміз ұсынып отырған «арнайы курс» мазмұнын жүргізу барысында жүзеге асады, - деп ойластырылған.

Біз ұсынып отырған әдістеме барысында келесі тарауда сипатталады. Біздіңше, ұсынып отырған моделіміз сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың мүмкіндіктерін ашуды тиімді етеді.

Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту барысында өлшемдері мен көрсеткіштерін және оның деңгейлерін анықтау қажет. Өлшем – бағалау, бір нәрсені анықтау және жіктелеуге негіз болатын белгі.

Ғылыми әдебиеттерде «өлшем» ұғымы баламаны өлшеу мен таңдауға мүмкін болатын құрал ретінде көрсетіледі. Өлшемдер жүйесі қойылған мақсатты тексеруге, оны жүзеге асырудың дәрежесін бағалауға, зерттелетін нысанның идеалдан мүмкін болатын алшақтығын тағайындауға, ілгерідегі әрекетті болжамдауға мүмкіндік береді.

Берілген компоненттердің әрқайсысы білім алушылардың сәйкес компонентінің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін ерекшеліктер мен біліктердің жиынтығына ие болады. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың бұл моделі аксиологиялық бағыттылықтағы тапсырмаларды орындау арқылы үдерісті жүзеге асырудың негізі болуы мүмкін.

Білім алушылардың білім мен біліктердің тәжірибеде жүзеге асу шараларын көрсеткіштер мәндік жағынан, өлшемдердің сандық және сапалық сипаттамаларын ашып көрсетеді.

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды (кесте 17).

Кесте 17 – Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың өлшемдері мен көрсеткіштері

Компонент	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық	Зияткерлікті дамыту тұрғысындағы білімге деген қызығушылықтары, белсенділіктері мен ізденіс қабілеттілігі	- зияткерлік тұрғысындағы білімді меңгеруге тұрақты қызығушылығы; - зияткерлік тұрғысындағы іс-әрекетті орындау белсенділігі; - зияткерлік тұрғысындағы іс-әрекеттегі мотивациясы
Мазмұндық	Зияткерлік тұрғысындағы теориялық білімдері, білім мазмұнының теориялық негіздерін меңгеру қабілеттілігі (зияткерлікті дамытуға бағытталған білім, білік, дағдысы)	- зияткерлік тұрғысындағы жаңа идеяларды болжауы; - зияткерлік тұрғысындағы білімі; - зияткерлікке бағытталған әрекет технологияларын таңдау;
Іс - әрекеттік	Зияткерлік тұрғысындағы болжау біліктілігі, жаңа нәтижеге жетуде шешімді зияткерлікпен қабылдауы қабілеттілігі	- зияткерлік тұрғысындағы ізденіс біліктілігі; - зияткерлік тұрғысындағы іс-әрекет жаңа бастамаларды ойлау және орындау біліктілігі. - зияткерлік тұрғысындағы іс-әрекеттің нәтижесі.

Көрсетілген өлшемдер мен көрсеткіштер сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың келесі деңгейлері (жоғары, орта, төмен) айқындалды.

Жоғары деңгей. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға қажетті білімді жоғары деңгейде меңгеруі, тақырыпқа сәйкес сыни ойлау іс-әрекетінің түрлерін шығармашылықпен ойланып саралайтын, туындаған мәселелерді шешуге қызығып, белсенді зияткерлік қабілеттілік көрсететін, оқу-танымдық, шығармашылық тапсырмаларды тәжірибесіне енгізуді толық болжай алатын, оны меңгеруде ақпараттық ресурстарды саралай алатын, зияткерліктің ерекшеліктеріне сәйкес өзін-өзі ұйымдастыратын, өзін-өзі жүзеге асыратын, жаңа білімді меңгеруде жоғары нәтижеге қол жеткізіп, зияткерлік креативтілік, шығармашылық көзқарас танытып, өзінің тұжырымын дәлелдей алатын білім алушы.

Орта деңгей. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға қажетті білімді жеткілікті деңгейде меңгеруі, тақырыпқа сәйкес сыни ойлау іс-әрекетінің түрлерін орташа шығармашылықпен ойлап табады, туындаған мәселелерді шешуге қызығып, қабілеттілік көрсететін, оқу-танымдық, шығармашылық тапсырмаларды тәжірибесіне енгізуді орташа болжай алатын, ақпараттық ресурстарды саралай алатын, зияткерліктің ерекшеліктеріне сәйкес өзін-өзі ұйымдастыратын, өзін-өзі жүзеге асыратын, жаңа білімді меңгеруде нәтижесін ұсынуы орташа, зияткерлік көзқарас танытып, өзінің тұжырымын толық дәлелдей алмайтын білім алушы.

Төмен деңгей. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға қажетті пәндік білімді негізгі деңгейде меңгеруі төмен, тақырыпқа сәйкес сыни ойлау іс-әрекетінің түрлерін орташа шығармашылықпен ойлап таба алмайтын, туындаған мәселелерді шешуге қызығып, қабілеттілік көрсете алмайтын, оқу-танымдық, шығармашылық тапсырмаларды тәжірибесіне енгізуді болжай алмайтын, ақпараттық ресурстарды саралауы төмен, зияткерліктің ерекшеліктеріне сәйкес өзін-өзі ұйымдастыратын, өзін-өзі жүзеге асыра алмайтын, зияткерлік көзқарас таныта алмайтын, жаңа білімді меңгеруде жаңа, нәтижесін ұсынуы төмен өзінің тұжырымын дәлелдей алмайтын білім алушы.

Қорыта келе, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда оқу белсенділіктері олардың дербестігі пен шығармашылығын дамытуға жеткізеді. Белгілі бір мәселе туралы барлық идеяларды жинақтай келе, оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі үдеріс ол – сыни ойлау болып табылатынын ескеру қажет,- деген тұжырым жасаймыз. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі студенттердің кәсіби әрекеттің негізгі бағыттарының бірі бойынша құзыреттіліктерін қалыптастырудың жалпы теориялық, мотивациялық, әрекеттік және тәжірибелік тетіктерін белгілейді.

3 СЫНИ ОЙЛАУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС

3.1 Зерттеу мәселесі бойынша анықтаушы эксперимент диагностикасы

Зерттеудің ұсынылған болжамын практикалық түрде тексеру мақсатымен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасы мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасында 2018-2019 жылдары тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға біз дайындаған әдістемесін тәжірибелік-эксперименттен өткізуге бағытталды.

Тәжірибелік-экспериментке Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті университетінің студенттері 5B010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттері қатысты. Эксперименттік және бақылау топтарының қатысушылары бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3 курс студенттерінен таңдалды. Қатысушылар еркін іріктелді. Бақылау тобы 59 студенттен тұрады, тағы 57 студент эксперименттік топты құрайды. Бастапқыда екі топ студенттерінің сыни ойлаудың бірдей статистикалық деңгейіне ие болуын қамтамасыз ету үшін статистикалық талдау бағдарламасы қолданылды.

Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген эксперименттің мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың бастапқы деңгейін анықтау және оны деңгейін көтеруге арналған әдістемесін сынақтан өткізу. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне қарай тәжірибелік-эксперимент бағдарламасы жасалып, кезеңдермен жүзеге асырылды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмыс үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бекіту) өткізілді және төмендегі ретпен жүзеге асырылды:

Бірінші анықтау кезеңінде жоғарыда аталған оқу орындарындағы оқыту үдерісінің нақты жағдайы мен сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың бастапқы деңгейін анықтау үшін мына міндеттердің шешімі іздестірілді:

- эксперименттік зерттеудің мақсатын және мәселесін анықтау;
- тәжірибелік-эксперименттің объектісін, тақырыбын таңдау және оны жүргізуді теориялық тұрғыда негіздеу;
- зерттеу болжамын тұжырымдау;
- тәжірибелік-эксперименттің (эксперименттік және бақылау тобы) қатысатын студенттер санын анықтау;
- тәжірибелік-эксперименттің барысында жүргізілетін жұмыс формаларын анықтау;
- сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың бастапқы деңгейін анықтауға қажетті әдістемелерді

таңдау.

Анықтау экспериментінің нәтижелері сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың мазмұны мен әдістемесін жасап, оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілді.

Осыған орай жүргізілуге тиісті тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың төмендегідей сәйкес құрылымы жасалды (кесте 18).

Кесте 18 – Компоненттер бойынша таңдалынған әдістемелер

Компонент	Әдістемелер
Мотивациялық	А.А. Реан, В.А. Якунин модификациясы бойынша «Студенттердің оқу мотивациясының диагностикасы» әдістемесі [145] «Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту» авторлық сауалнама
Мазмұндық	С.В.Пазухина. «Педагогикалық сананы зерттеуге арналған аяқталмаған ұсыныстар» (бейімделген нұсқасы) [146] Джонсон креативтілік сауалнамасы (бейімделген нұсқасы) [147]
Іс-әрекеттік	О.В. Калашникова «Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау» диагностикалық картасы [148]

Таңдалған әдістемелер зерттеу тақырыбының мотивациялық компонентіне сәйкес оқу мотивациясы мен оқудың ішкі мотивациясын айқындау мақсатында қолданылды. Зерттеу жұмысымыз үшін алдымен болашақ маманның оқуға мотивация мен ішкі оқу мотивациясының біз үшін маңыздылығы зерттеу жұмысын орындауға ынтасы мен қызығушылығының деңгейін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Мазмұндық компонентке сәйкес сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту бағытында алдымен шығармашылық қажет деп ойлаймыз. Шығармашылық ойлай білетін студент оқу іс-әрекетінде сыни ойлайтын, өзін-өзі ұйымдастырып, білім алуға деген қабілетін бағалай білген жағдайда шығармашылық іс-әрекеттерді іске асыра алады.

Іс-әрекеттік компонентке кәсіби қызметіне қажетті проблемаларды шешу қабілетін жоғары бағалау, оқу әрекетінде жаңа білімді іске асыруда табысты нәтижеге қол жеткізу, оны дәлелдеу үшін шешім қабылдау қажеттігі ескеріліп таңдалды.

Тәжірибелік-эксперименттің мақсаты: сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың әдістемесін тәжірибеде тексеру.

Тәжірибелік-эксперименттің міндеттері:

- базалық тірек жоғары оқу орындарындағы сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың бастапқы деңгейін айқындау;

- «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» атты арнайы курс бағдарламасын даярлау және сынақтан өткізу;

- сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің

зияткерлігін дамытуға арналған әдістемені тәжірибеде сынақтан өткізу;

- тәжірибелік-эксперименттің нәтижелерін статистикалық, математикалық өңдеу.

Анықтау эксперименті барысында бақылау және эксперимент топтарында сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың бастапқы деңгейін анықтау болды. Анықтау экспериментінде жоспарланған жұмыс түрлеріне екі топ бірдей қатысты.

Әдістеме А.А.Реан және В.А.Якуниннің сауалнамалары (А қосымшасы) негізінде өңделген [145]. Тестің нәтижелері төмендегідей интерпритацияланады:


- Шкала 1. Қарым-қатынас мотиві: 7, 10, 14, 32.
- Шкала 2. Сәтсіздіктен қашу мотиві: 6, 12, 13, 15, 19.
- Шкала 3. Мамандыққа жоғары сұраныс мотиві: 8, 9, 29, 30, 34.
- Шкала 4. Кәсіби мотиві: 1, 2, 3, 4, 5, 26.
- Шкала 5. Шығармашылық өзін өзі жетілдіру мотиві: 27, 28.
- Шкала 6. Оқу-танымдық мотиві: 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24.
- Шкала 7. Әлеуметтік мотивтер: 11, 16, 25, 31, 33.

Әр топ бойынша жетекші оқу іс-әрекетінің мотивтеріне талдау жасалынды.

Барлық таңдама бойынша мотивтерді таңдау жиілігі анықталды. Таңдама үшін ең маңызды деген мотивтердің жиілігі шығады және алынған нәтижелердің негізінде мотивтер рангіленеді. Нәтижелер формаға салынады. Студенттердің мотивін анықтау алдымен әңгімелесу формасында оқытушылардың қатысуынсыз өткізілді. Студенттер жауапкершілікпен, ниетпен сұрақтарға жауап беріп отырды. 19-кестеге сәйкес студенттердің оқу іс-әрекетіне мотивтерін зерттеу әдістемесінің төмендегідей нәтижелері алынды.

Кесте 19 – «Студенттердің оқу мотивациясының диагностикасы» әдістемесінің (А.А.Реан, В.А.Якунин модификациясы бойынша) нәтижелері

Шкалалар	ЭТ (n=57)	БТ (n=59)
Шкала 1. Қарым-қатынас мотиві	62.1%	68.5%
Шкала 2. Сәтсіздіктен қашу мотиві	57.4%	68.3%
Шкала 3. Мамандыққа жоғары сұраныс мотиві	73.1%	70.0%
Шкала 4. Кәсіби мотиві	62.5%	65.8%
Шкала 5. Шығармашылық өзін өзі жетілдіру мотиві	47.2%	56.3%
Шкала 6. Оқу-танымдық мотиві	60.7%	65.1%
Шкала 7. Әлеуметтік мотивтер	61.8%	67.6%



Сурет 25 – Студенттердің оқу мотивациясының диаграммасы

Анықтау экспериментінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім алуында сыни ойлауға берілген тапсырмалар бойынша негізінен оқытушының нұсқауын күтетіні, өздерінің мұғалімдік мамандыққа деген қызығушылықтары әлі де толық ашылмағаны байқалды. Оған дәлел 2016 жылдан бастап, енгізілген жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламаларының басты идеялары болып табылатын сыни ойлау, зияткерлік, зерттеушілікке бағытталуымен білімді меңгерудің шиыршықты оқытуға құрылуын әлі де жетік білмеуі. Сондай-ақ студенттердің сыни ойлау мен сыни ойлау технологиясын ажырата алмауы, дегенмен жалпылама мағлұматтары бар екені анықталды. Осы жасалған талдаулардан сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда тиімді технологияларды пайдалану төмендігі байқалды. Бұл көрсеткіштің төмен болуы сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту мәселесінің арнайы мақсат етіп қойылмағандықтан, білім алушылардың басым көпшілігі сабақты бірқалыпты өткізуге болады деген көзқарасынан туындайтыны байқалды.

Бұдан анықтау экспериментінің нәтижелері: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жалпы және кәсіби пәндерден алған білімдерін біліктілікпен басқа пәндерді оқыған кезде, сол сияқты күнделікті өмірде қолдануға жәнекәсіби проблемаларды шешуде қиналады, олардың шешудің жолдарын өздігінен сыни ойлауы, алған білімді ұқсас немесе жаңа жағдайға көшіру біліктілігі мен дағдыларының жетіспейтініне көз жеткізілді.

Қорыта айтқанда, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда сабақ барысында оқуды сыни ойлауға құрылған тапсырмаларды орындауда заманауи технологияларды, сын тұрғысынан ойлау әдістері мен стратегияларын саралап пайдалануы, олардың зияткерлігін дамытуға ықпал етуі тиіс.

Сондықтан да зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың тиімді жолдарын қарастыру көзделді. Ол үшін алдымен сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың туралы білетін білімдерін анықтау үшін білім алушылардан авторлық сауалнама алынды. «Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту» атты сауалнама (авторлық) төмендегі кестедегідей нәтижелер алынды.

Кесте 20 – Авторлық сауалнама сұрақтары (Б қосымшасы)

Сауалнама сұрақтары	Бақылау тобы			Эксперименттік топ		
	ж/д	о/д	т/д	ж/д	о/д	т/д
Сіздің ойыңызша зияткерлік дегеніміз не?	27,1%	20,3%	52,6%	21,1%	22,8%	56,1%
Зияткерліктің қандай ерекшеліктерін білесіз?	35,6%	23,7%	40,7%	31,6%	26,3%	42,1%
Зияткерліктің қандай түрлерін білесіз?	20,3%	76,3%	3,4%	26,3%	71,9%	1,8%
Зияткерлік ұғымының қандай синонимдері ойлау қабілеті мен рационалды танымды білдіреді?	15,3%	16,9%	67,8%	17,5%	21,1%	61,4%
Зияткерлікті зерттеген қандай ғалымдар еңбектерін білесіз?	15,3%	15,3%	69,5%	24,6%	31,6%	43,9%
Педагогикалық үдерістегі сыни ойлау дегенді қалай түсінесіз?	8,5%	20,3%	71,2%	21,1%	22,8%	56,1%
Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың мәні неде?	32,2%	25,4%	42,4%	24,6%	31,6%	43,9%
Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы дегенді қалай түсінесіз?	22,0%	76,3%	1,7%	28,1%	71,9%	0,0%
Зияткерлікті дамытуға арналған тапсырмаларды орындау сізге қандай қиындық туғызды? Неліктен деп ойлайсыз?	15,3%	16,9%	67,8%	14,0%	26,3%	59,6%
Қандай пәнді оқу Сіз үшін қызықты? Зияткерлікті дамытуға арналған нақты пәнді немесе тақырыпты мысал келтіре дәлелдеңіз.	15,3%	15,3%	69,5%	22,8%	31,6%	45,6%
Өзіңізді зияткерлік дағдысы қалыптасқан болашақмаманмын деп ойлайсыз ба?	13,6%	16,9%	69,5%	22,8%	31,6%	45,6%

Эксперименттік және де бақылау тәуелсіз топтардың экспериментке дейін статистикалық тұрғысынан айырмашылығын тексеру үшін Пирсонның χ^2 критеріі пайдаланылды.

$$\chi_{\text{ст}}^2 = \frac{1}{n_1 * n_2} \sum \frac{(n_1 Q_{2i} - n_2 Q_{1i})^2}{Q_{1i} + Q_{2i}}$$

мұндағы n_1 мен n_2 эксперимент және бақылау топтарындағы студентер саны. Q_{1i} , Q_{2i} – бақылау және эксперимент топтарының i – белгісінің жиілігі, i – белгілер саны.

$$\chi_{ст}^2 = 2.88$$

$q = 0,05$ мәнділік деңгейі мен еркіндік дәреже саны $v = (k-1)(c-1) = 2*1 = 2$ үшін $\chi_{кр}^2 = 5,99$ және де $p = 0.237 > 0.05$

$\chi_{ст}^2 < \chi_{кр}^2$, екі тәуелсіз топтын экспериментке дейін статистикалық айырмашылығы жоқ деп қабылдаймыз.

Сауалнамаға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті студенттері қатысты. Сауалнама жауаптары көрсеткендей студенттердің зияткерлігін дамыту үшін олардың сыни ойлауға дағдыландыратын тапсырмалар жүйесін ұсынып, оны орындауға деген қызығушылығын арттырып, соның негізінде зияткерлігін дамыту қажет, - деп санаймыз.

Дифференциалды статистикалық талдау жүргізер алдында параметрлерге немесе параметрлік емес сынақтардың бірін таңдау үшін мәліметтерге қалыпты жағдайды тексеру жүргізілді. Деректердің таралуы қалыпты немесе жоқ екендігіне қаралды. Mann Whitney U тесті бойынша бақылау мен эксперименттік топ студенттері арасында статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылық болды ма, жоқ па деген алғашқы зерттеу сұрағына жауап беру үшін олардың тестілеуге дейінгі жалпы баллдары Mann Whitney U тестінің статистикалық анализі көмегімен салыстырылды. Экспериментке қатысушылар статистикалық тең деңгейлерді орындады.

Бастапқы кезеңде критерийлер мен индикаторлар жасалды, сонымен қатар зияткерлік дағдыларға негізделген зияткерліктің даму деңгейлері мен критерийлері арасындағы байланыс талданды (кесте 21).

Кесте 21 – Студенттердің зияткерлігін дамыту дағдылары мен көрсеткіштері

Зияткерлік дағдылары	Критерийлер мен көрсеткіштер		
	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
1	2	3	4
Репродуктивті і дағдылар	Репродуктивті дағдылар жоғары деңгейде, өткен тәжірибені салыстырмалы түрде қайта еске сала отырып көрінеді	Бұрын алған білімдерін жаңа жағдайларда қолдана алады. Іскерлік және зияткерлік дағдыларға негізделген тәжірибелер	Репродуктивті дағдылар жоғары деңгейде дамымаған. Теориялық білімді практикада қолдана алмайды
Эвристикалық дағды	Қабылдау, есте сақтау, ойлау және қиял мен даму процесі жоғары	Сынақ және қате әдістеріне негізделген жаңа мәселелерді	Эвристикалық дағдылар жоғары деңгейде

21- кестенің жалғасы

1	2	3	4
	деңгейде қалыптасып, оқыту мен оқуда эвристикалық дағдыларға негізделген жаңа мәселелерді шешеді	шешуде зияткерлік дағдыларды тиімді қолдана алады	дамымаған. Жаңа мәселелерді шешу мүмкін емес
Шығармашылық шеберлік	Шығармашылықтың жоғары деңгейінде зияткерлік дағдылар жаңа нәрсе жасауға бағытталған іс-әрекет ретінде көрінеді	Бұрынғы шығармашылық тәжірибеге сүйене отырып, жаңа кескіндер, объектілер немесе әрекеттер жасай алады	Шығармашылық әлеуеттің төмен деңгейіне байланысты олар өздерінің зияткерлік дағдыларын жаңа жағдайларда қолдана алмайды
Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері	Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері өзін-өзі басқарудың жоғары деңгейінде байқалады, сананы дамыту барысында өзінің іс-әрекетін бақылау және талдау	Кез-келген мәселені шешуде сыни және шешуші бола алады. Көптеген ақпаратты талдай алады, жинай алады және таңдай алады	Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері толық дамымаған. Жаңа білім туралы ақпаратты бұрын алған біліммен үйлестіре алмайды

Эксперимент басталғанға дейін эксперименттік және бақылау топтарында алдын-ала тестілеу жүргізіліп, топтардың статистикалық салыстырмалы нәтижелері бар-жоғы анықталды. Статистикалық өңдеу Манн-Уитни U критерийі арқылы жүзеге асырылды. Тест нәтижелері 22-кестеде көрсетілген.

Кесте 22 – Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері

		N	Орташа дәреже	Ранктер сомасы	Z	P
Pre-test	Эксперименттік топ	30	28,18	745,50	-.451	,685
	Бақылау тобы	30	25,82	684,50		

Біз зерттеу жұмысымызда тақырыбымызға мазмұны жағынан жақын келетін пәннің мақсаты мен міндеттерін келтіріп отырмыз. «Оқыту мен оқудағы инновациялық технологиялар» пәнін игерудің мақсаты қазіргі білім беру реформалары аясында студенттерді практикалық педагогикалық және басқарушылық даярлауға дайындау және білім берудегі инновациялық үдерістерге байланысты іс-әрекет әдістерін игеруде студенттер арасында жалпы мәдени және кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктер жүйесін қалыптастыру.

Жалпы білім беретін мектептегі іс-шаралар, қазіргі басқару құжаттары мен теориялық-педагогикалық жетістіктер негізінде мектептің білім беру жүйесін қалыптастыру үшін теориялық білім базасын қалыптастыруды көздеген.

Аталған пәннің мазмұны студенттер арасында инновациялық мәдениет пен

инновациялық ойлауды қалыптастыруға, білім беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін инновациялық проблемалар алаңын бағдарлай білуге ықпал ету іске асырылады. Кез келген пәнді ұйымдастыруда инновациялық үдерістерді қолдану арқылы студенттер арасында білім беруді модернизациялау саласында негізгі кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал ету мақсатында студенттерді пәннің ерекшелігін ескере отырып, инновациялық білім беру үдерісін ұйымдастыруға дайындайды. Білім берудегі инновациялық үдерістердің негізгі мәселелерін зерттей отырып, алған білімдерін инновацияның әртүрлі әрекеттерде қолдану дағдыларын қалыптастырылады. Білім берудегі инновациялық үдерістерді басқару дағдыларын игертуді қарастырады. Жоғарыда келтірілген талдаудан пәннің мақсаты пен міндеттерінде сыни ойлау дағдылары мен зияткерлікті дамыту арнайы қойылмағанын көреміз.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту жайлы білімдері төмен, үстірт түсінік қалыптасқан, сондықтан оларды сыни ойлауға дағдыландыратын тапсырмаларды ұйымдастыратын «Оқу мен оқытудағы инновациялық тәсілдеме» пәнінің аясында ұйымдастыру мүмкіндіктері жетілдіруді қажет етеді. Өйткені, алынған сауалнама нәтижесі бойынша көпшілік білім алушылардың сыни ойлау мен сыни ойлау технологиясын айыра алмайтыны, оларды меңгеруге деген қызығушылықтарының бар екені, бірақ оны қалай іске асыруды білмейтіні айқындалды. Бұл әрине, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту мотивациясын тудырып, қажеттілікке айналдыруы тиіс. Осыны ЖОО іске асыру «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» атты арнайы курсты БОПӘ мамандығында оқыту барысында қалыптастыру көзделді. Экспериментке дейін мазмұндық компонентті анықтау үшін С.В.Пазухина мен Джонсонның сауалнамасын алдық.

Кесте 23 – С.В.Пазухинаның авторлық әдістемесі (бейімделген нұсқасы) (В қосымшасы)

Компоненттер	Деңгей	Эксперименттік топ (57 студент)		Бақылау тобы (59 студент)	
		Студент саны	%	Студент саны	%
1	2	3	4	5	6
Кәсіби мақсат қоюда мұғалімге қажетті зияткерлік	Төмен	10	17.5	13	22.0
	Орта	20	35.1	22	37.3
	Жоғары	27	47.4	24	40.7
	ЖК	57	100	59	100
Мұғалім мамандығының креативтілік зияткерлігі	Төмен	15	26.3	16	27.1
	Орта	22	38.6	20	33.9
	Жоғары	20	35.1	23	39.0
	ЖК	57	100	59	100

23 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Идеал мұғалім туралы түсінік	Төмен	23	40.4	24	40.7
	Орта	20	35.1	19	32.2
	Жоғары	14	24.6	16	27.1
	ЖК	57	100	59	100
Педагог санасындағы зияткер оқушы бейнесі	Төмен	12	21.1	14	23.7
	Орта	21	36.8	23	39.0
	Жоғары	24	42.1	22	37.3
	ЖК	57	100	59	100
Педагогикалық қызметтің әртүрлі аспектілеріне зияткерлік қатынасы	Төмен	15	26.3	13	22.0
	Орта	20	35.1	22	37.3
	Жоғары	22	38.6	24	40.7
	ЖК	57	100	59	100

Кесте 24 - «Педагогикалық сананы зерттеуге арналған аяқталмаған ұсыныстар». С.В.Пазухинаның авторлық әдістемесі (бейімделген нұсқасы)


Компонентер	Тәуелсіз топтардың экспериментке дейін статистикалық көрсеткіштері			
	$P_{кр}$	$\chi_{кр}^2$	$P_{ст}$	$\chi_{ст}^2$
Кәсіби мақсат қоюда мұғалімге қажетті зияткерлік мотивтер	0,05	5.99	0.580	1.089
Мұғалім мамандығының креативтілік зияткерлігі	0,05	5.99	0.770	0.522
Идеал мұғалім туралы түсінік	0,05	5.99	0.884	0.247
Педагог санасындағы зияткер оқушы бейнесі	0,05	5.99	0.777	0.505
Педагогикалық қызметтің әртүрлі аспектілеріне зияткерлік қатынасы	0,05	5.99	0.777	0.505

Кестеде көрсетілген мағлұматтарға қарап екі тәуелсіз топтардың экспериментке дейін әрбір компонент бойынша статистикалық айырмашылығы жоқ деп қабылдаймыз.

Кесте 25 – Джонсон креативтілік сауалнамасы (бейімделген нұсқасы) (Г қосымшасы)

Студенттердің креативтілік деңгейі	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
	Эксп дейін	Эксп дейін
Өте төмен	18.8%	11.9%
Төмен	24.3%	15.3%
Орташа	28.6%	35.6%
Жоғары	12.8%	25.4%
Өте жоғары	15.5%	11.9%

Студенттердің креативтілік деңгейінің көрсеткіштері төмендегі 26 - суретте бейнеленген.



Сурет 26 – Студенттердің креативтілік деңгейінің диаграммасы

Эксперименттік және де бақылау тәуелсіз топтардың экспериментке дейін статистикалық тұрғысынан айырмашылығын тексеру үшін Пирсонның χ^2 критеріі пайдаланылды.

$$\chi_{\text{ст}}^2 = \frac{1}{n_1 * n_2} \sum \frac{(n_1 Q_{2i} - n_2 Q_{1i})^2}{Q_{1i} + Q_{2i}}$$

мұндағы n_1 мен n_2 эксперимент және бақылау топтарындағы студенттер саны. Q_{1i} , Q_{2i} – бақылау және эксперимент топтарының 1 – белгісінің жиілігі, i – белгілер саны.

$$\chi_{\text{ст}}^2 = 1.26$$

$q = 0,05$ мәнділік деңгейі мен еркіндік дәреже саны $v = (k-1)(c-1) = 4 * 1 = 4$ үшін $\chi_{\text{кр}}^2 = 9.49$ және де $p = 0.865 > 0.05$

$\chi_{\text{ст}}^2 < \chi_{\text{кр}}^2$, екі тәуелсіз топтың экспериментке дейін статистикалық айырмашылығы жоқ деп қабылдаймыз.

Кесте 26 – Калашникованың рефлексияның қалыптасу сауалнамасы (Д қосымшасы)

Студенттердің рефлексия деңгейі	Эксперименттік топ	
	Экспериментке дейін	Бақылау тобы
Төмен	48.9%	39.0%
Орташа	32.4%	49.2%
Жоғары	18.7%	11.9%

Калашникованың рефлексияның қалыптасу сауалнамасы бойынша анықталған студенттердің рефлексия деңгейін төмендегі 27 - суретте көрсетеміз.



Сурет 27 – О.В.Калашникованың «Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау» диагностикалық картасы

Эксперименттік және де бақылау тәуелсіз топтардың экспериментке дейін статистикалық тұрғысынан айырмашылығын тексеру үшін Пирсонның χ^2 критеріі пайдаланылды.

$$\chi_{\text{ст}}^2 = \frac{1}{n_1 * n_2} \sum \frac{(n_1 Q_{2i} - n_2 Q_{1i})^2}{Q_{1i} + Q_{2i}}$$

мұндағы n_1 мен n_2 эксперимент және бақылау топтарындағы оқушылар саны. Q_{1i} , Q_{2i} – бақылау және эксперимент топтарының 1 – белгісінің жиілігі, i – белгілер саны.

$$\chi_{\text{ст}}^2 = 0.79$$

$q = 0,05$ мәнділік деңгейі мен еркіндік дәреже саны $v = (k-1)(c-1) = 2 * 1 = 2$ үшін $\chi_{\text{кр}}^2 = 5.99$ және де $p = 0.675 > 0.05$

$\chi_{\text{ст}}^2 < \chi_{\text{кр}}^2$, екі тәуелсіз топтын экспериментке дейін статистикалық айырмашылығы жоқ деп қабылдаймыз.

Анықтаушы эксперимент нәтижесінде жүргізілген 3 компонент (мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік) бойынша білім деңгейлері шамалас және осы компоненттер бойынша мотивация тудыру, білім деңгейі, іс-әрекеттік дағдыларын дамыту қажеттілігі анықталды, сол себептен қалыптастыру экспериментін жүргізу қажеттігі туындады. Осыған орай, жоғарыда аталған дағдыларды дамытуға байланысты әдістемелерді 3.2. бөлімінде қарастырамыз.

3.2 Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің дамытудың әдістемесі

Алдыңғы тармақшада «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының стандарты, білім беру бағдарламалары, «Оқу мен оқытудағы инновациялық тәсілдеме» пәнінің оқу-әдістемелік кешеніне талдаулар жасалды. Жоғары оқу орнында оқытылатын пәннің мазмұнын талдауда айқындалған кемшіліктердің орнын толтыру бізге зерттеу жұмысымызда оларды жоюдың жолдарын ұсынуға мүмкіндік туғызды:

1. «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» атты арнайы курс бағдарламасын даярлау;

2. Студенттерге арналған «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» пәнінен әдістемелік құралын даярлау.

Ең алдымен сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту үшін «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» арнайы курс мазмұны дайындалды. Арнайы курс мазмұнын түзуде сыни ойлауға, зияткерлікке қатысты еңбектерге жасалған талдаулар басшылыққа алынып, зияткерліктің мәнін терең ұғыну негіз болды.

Зерттеудің негізгі бағыты – студенттердің эвристикалық, шығармашылық, репродуктивті және сыни ойлау қабілеттерінің деңгейлері бойынша зияткерлігін дамыту. Студенттер тобына арнайы курстарға енгізілген нұсқаулық бойынша эвристикалық, шығармашылық, репродуктивті және сыни ойлау қабілеттері сияқты белгілі бір дағдылар дамиды, демек, бұл олардың зияткерлік деңгейін дамытады деген болжам бар. Арнайы курстың мазмұны зияткерлік пен сын тұрғысынан ойлауға арналған жұмыстарды талдауға негізделді және сыни ойлауда зияткерліктің мәнін терең түсінуге негіз болды. Зерттеу жұмысы барысында эксперименттік топ үшін арнайы курс бағдарламасы жасалды.

Арнайы курстың негізгі мақсаты: болашақ маманның «зияткерлік», «сыни ойлау» ұғымдарының мәнін түсініп, зияткерлікті дамытудың теориялық негіздерін және құрылымы мен қызметі, бастауыш мектепте қолданылатын жаңа технологиялар негізінде сыни ойлау арқылы зияткерлікті дамытудың мүмкіндіктері жайлы білімдер, білік, дағдылар қалыптастыру тәжірибеде қолдана алуға қол жеткізу.

Арнайы курс мазмұнын құрастыруда ҚР МЖМБС 31-10-2018 «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС [2,б. 118], Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарда білім беруді дамыту бағдарламасы [1,б. 118] және т.б. жоғары оқу орнында білім беру үдерісін ұйымдастыруда басшылыққа алынатын нормативті құжаттар мен оқу құралдары басшылыққа алынды. «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» атты арнайы курстың оқу-тақырыптық күнтізбелік жоспары төменде келтірілді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде университет арнайы курс таңдау пәні ретінде енгізіліп, тәжірибеден өтті (Қосымша В).

Курс мазмұны: «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» пәнінің теориялық негіздері, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін

дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері», «Сыни ойлаудың студенттердің зияткерлігін дамытудағы әдістемесі» атты 3 модульден тұрады.

Курстың міндеттері:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «зияткерлік», «сыни ойлау» ұғымдарының мәнін түсінуге бағдарлау;

- жеке тұлғаның дамуы үшін бұл сапаның аса қажеттілігінің маңызын білуге ықпал ету;

- студенттердің бастауыш мектептегі оқыту үдерісінде қолданылатын зияткерлік тапсырмаларды қолданудың әдістемесін меңгерту;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік мақсаттағы сабақтарды жобалай алу, сабақтардың әртүрлі кезеңдерінде әрекеттерді ұйымдастыра білу құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу.

Студенттерге арналған арнайы курс бағдарламасы 2 кредитке сәйкес келеді. «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» пәні бойынша сабақты өткізу барысында «Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі», «Математикадағы оқыту әдістемесі», «Әдебиеттік оқуды оқыту әдістемесі» пәндерін оқыту барысында меңгерген білімдеріне негізделеді. Пәннің пререквизиттері: педагогика, психология, дидактика, педагогиканы оқыту әдістемесі, дербес пәндерді оқыту әдістемесі.

Өзін-өзі бағалау. Оқытушы студенттерге сабақта өз іс-әрекетін түсінуді бағалауға мүмкіндік беретін Өзін-өзі бағалау кестесін құруды ұсына алады. Мысалы, студенттерге «мен мәтіннің мағынасын оның атауы мен суреттері бойынша болжаймын» (әрдайым, кейде ешқашан), «мен болжам жасауға көмектесетін бөлшектерге назар аударамын» және т.б. сияқты мәлімдемелер ұсынылады.

Тағы бір әдіс – *таңдамалы бағалау.* Студенттердің жетістіктері туралы объективті ақпарат алу үшін (мысалы, тақырыпты оқуды аяқтағаннан кейін) оқытушы олардан таңдау жұмыстарын, студенттен ең сәтті деп санайтын жұмыстарды бағалауды сұрауы мүмкін.

Сыни ойлауды дамыту технологиясындағы бағалаудың мысалы–*жиынтық бағалау.* Алдымен мұғалім студенттерге белгілі бір уақыт аралығында қандай міндеттерді шешу керектігін түсіндіреді, содан кейін студенттерге тақырып бойынша материалдарды жинау және жалпылау үшін «портфолио» формасы ұсынылады. Оқытушылар мен студенттер «портфолио» бағалаудың жиынтық критерийін қандай материалдар құрайтыны туралы келіседі. Тақырып бойынша сабақтар аяқталған кезде студенттерге өз қолымен ұсынылады.

Портфолиода жиналған жұмыстардың ең жақсысын таңдап, содан кейін жасалған жұмыс туралы жазбаша «есеп» жасаңыз. Сонымен қатар, олар өздерінің жетістіктерінің дәлелі ретінде бұрын әзірленген «портфолио» бағалау критерийлеріне сілтеме жасай алады. Студенттерге өзін-өзі бағалау ұсынылуы мүмкін, содан кейін олардың жұмысы оқытушыға жіберіледі, ол оған сыни пікір береді. Тек қазір, студент өзі қойған осы бағаны ескеріп, оған жан-жақты негіздеме бере отырып, оқытушы студенттердің жұмысын бағалайды.


Жүргізген сабақтарымызды қорытындылай келе, жоғары оқу орындарында оқыту үдерісінде заманауи технологиялар, сыни ойлаудың әдістері мен

стратегияларын іріктеп, саралап қолдану негізінде студенттердің болашақ мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыруға да ықпал етті.






Кесте 35 - Оқу үдерісінде қолданылған қосымшалар

Қосымшалар	Қолданыстары
Padlet	Padlet — бұл әр тыңдаушыға өз жұмысын тақтаға шығаруға, түсініктеме беруге және бағалауға мүмкіндік беретін қызмет. Белгілі бір тақырып бойынша материалдарды ортақ жинау үшін тақтаны пайдалануға болады. https://padlet.com/leila7777/ruq4rzaa7tpyr9dh
Learningapps.org қызметі	Білімді тексеру үшін интерактивті жаттығулар жасауға мүмкіндік береді. https://learningapps.org/create?new=108#preview https://learningapps.org/display?v=pmys7qpq221 https://learningapps.org/display?v=pp8ftq5pt21 https://learningapps.org/display?v=pbqxkmyic21
Kahoot қосымшасы арқылы жұмыс	Kahoot-білім беру жобаларына арналған қосымша. Оның көмегімен тест, сауалнама, оқу ойынын жасай алады немесе білім марафонын ұйымдастыра алады. Бағдарлама жұмыс үстелінде де, смартфондарда да орындалады. Бұл қосымша арқылы өткен тақырыпты пысықтауға немесе әлі де нені толықтыру керектігін білуге болады.
Quizizz	Quizizz-бұл Kahoot-қа ұқсас студентті бағалаудың сенімді құралы! Оқытушы тесттерді өзі жасай алады, оларды өңдей алады. https://quizizz.com/quiz/61179d525ba6760020ea6043/edit?source=admin&trigger=quizPage
Wordwall платформасы	АКТ дағдыларынсыз жаттығулар, презентациялар, тапсырмалар, ойындар түрінде жеке оқу ресурстарын құру, содан кейін оларды сабақта, сонымен қатар үй тапсырмасына пайдалануға болады. https://wordwall.net/ru/resource/14061567 https://wordwall.net/ru/resource/13707825
Advego.ru	мәтіннің бірегейлігіне семантикалық талдау
Dandelion.eu	Ең жақсы пайдаланушы тақталары
Coreapp	онлайн-білім беру саласындағы технологиялық стартап-білім беру материалдарын құрастырудың және пайдаланушылар үшін жеке ұсынымдар әзірлеудің талдамалық жүйесі бар білімді тексерудің орталықсыздандырылған онлайн-платформасы. https://coreapp.ai/app/player/lesson/5f21bba90a224a0e0887a810
Discord	IP-телефония мен бейнеконференцияны қолдайтын жеке меншік мессенджер, әр түрлі қызығушылық қауымдастықтары пайдалануға арналған, студенттер арасында ең танымал. https://discord.gg/7PkwZK

Кесте 36 - Оқу үдерісінде қолданған платформалар сипаттамасы

Платформалар	Сипаттамасы
1	2
	Padlet - әр түрлі мазмұнды (құжаттарды, материалдарды) сақтауға және онымен жұмыс жасауға ыңғайлы, қолдануға ыңғайлы қызмет. Қолданушыға жасалған беттердің санын шектемейді және кириллицаны қолдайды

36 - кестенің жалғасы

1	2
	<p>Discord көп платформалы. Негізгі деңгейде Discord - дауыстық, мәтіндік және бейне арқылы байланыс орнатудың қарапайым әдістерінің бірі</p>
	<p><i>Learningapps.org</i>- интерактивті құру жылдамдығы;тапсырманың дұрыстығын лезде тексеру;көптеген шаблондар суреттермен, дыбыспен және бейнемен жұмыс істеуді қолдайды;басқалардың жасаған жаттығуларының үлкен жинағын қамтиды</p>
	<p><i>Kahoot</i> - Жедел тест нәтижесі. Қосымшада сауалнамалар мен мұғалімдердің жұмысын жасау оңай.<i>Kahoot</i> мыналарды ұсынады:тесттер, сауалнамалар мен викториналар өткізу.Мұғалім жауап беру уақытын таңдайды.Тест, сауалнама немесе викторинаның нәтижесінің бірден шығуы. Шексіз қатысушылар</p>
	<p><i>Quizizz</i> - мұғалімнің сыныпты жақсы басқаруға, әр оқушының жеке жұмысын қадағалауға мүмкіндігі бар.Барлық оқушыларға бірдей тапсырмалар беріледі, бірақ әр оқушы өз құрылғыларында кездейсоқ сұрақтар тізбегін алады және тестпен өз қарқынымен жұмыс жасайды.Мұғалім әр оқушының жұмысын қадағалап отырады</p>
	<p><i>Wordwall</i> платформасы - бұл платформа қашықтықтан оқыту тәжірибесінде қолдануда келесідей артықшылықтармен ерекшеленді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ынталандыратын тапсырмаларды ойын түрінде құру. 2. Қатысушыларды ынталандыру. 3. студенттердің білімін үздіксіз бақылау үшін қарапайым және жылдам қолдану. 4. Барлық пәндер үшін қолайлы. 5. Интерфейс тілін өзгерту мүмкіндігі. 6. Сіз шаблондарды тез өзгерте аласыз және осылайша жаңа тапсырмалар жасай аласыз. 7. Сіз басқа платформаларда таба алмайтын бірегей шаблондарды пайдалана аласыз. 8. Дайын тапсырмаларды тауып, сабағыңызға редакциялап өзгертуге болады. 9. Материалдарды ұсыну, білімді жаңарту және қолдану үшін қолдануға болады. 10. Тапсырмаларды тексеру үшін қосымша уақыт қажет емес, себебі жүйе баллды автоматты түрде есептейді.

Қорыта келе, жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін сыни ойлау негізінде дамытудың өзектілігі айқындалды. Зерттеу жұмысымызға байланысты әзірленген және университеттің оқу үдерісінде тәжірибеге енгізілген «*Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту*» арнайы курсының мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға ықпал етті. Сонымен қатар, «*Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту*» әдістемелік құралы семинар және СОӨЖ сабақтарында пайдаланылып, шығармашылық және креативті ойлау дағдыларының деңгейін көтеруге басымдық берілді. «Сыни тұрғыдан ойлау негізінде студенттердің зияткерлігін дамыту» арнайы курсы ұйымдастыру

барысында ұсынылған педагогикалық жағдаяттарды шешкізу олардың зияткерлігін дамытуға негіз болды. Соның нәтижесінде студенттердің зияткерлік қасиетінің негізі болып табылатын, оқыту және оқу үдерісінің негізгі көрсеткіштерін еске түсіру, мәні мен нәтижесін дәлелдеуде өз көзқарасын білдіру қабілетін дамытуға мүмкіндік туғызылды.


3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперимент нәтижелері

Студенттердің оқу мотивациясын А.А. Реан, В.А. Якунин модификациясы сауалнамасы бойынша эксперименттік топтың сыни ойлау негізінде зияткерлігін дамытуға қызығушылықтарының артып отырғанын көреміз. Бұл аталған мамандық студенттерінің сыни ойлау негізінде зияткерлігін дамытуға арналған жұмыспен айналысуға мүмкіндік туғызылып отырғанын көрсетеді. Зерттеудің қорытынды нәтижесі төмендегі кестеде келтірілді.

Кесте 37 – Эксперименттік және бақылау тобындағы студенттердің Оқу мотивациясы (А.А. Реан және В.А. Якунин) нәтижелері

Шкалалары	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	ЭТ (n=57)	БТ (n=59)	ЭТ (n=57)	БТ (n=59)
Шкала 1. Қарым-қатынас мотиві	62.1%	68.5%	83.2%	69.9%
Шкала 2. Сәтсіздіктен қашу мотиві	57.4%	68.3%	71.6%	68.4%
Шкала 3. Мамандыққа жоғары сұраныс мотиві	73.1%	70.0%	81.8%	71.0%
Шкала 4. Кәсіби мотиві	62.5%	65.8%	72.8%	68.5%
Шкала 5. Шығармашылық өзін өзі жетілдіру мотиві	47.2%	56.3%	68.6%	56.6%
Шкала 6. Оқу-танымдық мотиві	60.7%	65.1%	73.7%	67.5%
Шкала 7. Әлеуметтік мотивтер	61.8%	67.6%	81.3%	70.2%

Бекіту экспериментінде зерттеудің қалыптастыру эксперименті кезеңіндегі нәтижелері салыстырмалы көрсеткіштері диаграммамен келтірілді.



Сурет 45 – А.А. Реан, В.А. Якунин «Оқу мотивациясы»

Әдістеме А.А.Реан және В.А.Якуниннің сауалнамалары (Қосымша А) негізінде өңделген. Берілген әдістемеді мотивтің 34 түрі көрсетілген және нәтижелері 7 шкала бойынша өңделді: қарым-қатынас, кәсіби, оқу-танымдық, әлеуметтік, шығармашылық өзін өзі жетілдіру, сәтсіздіктен қашу және мамандыққа жоғары сұраныс. Студенттерге берілген тесттегі 34 сұрақты мұқият оқып, маңыздылығына қарай 5 балдық жүйе бойынша бағалау ұсынылады.

Кейін тесттің нәтижелері төмендегідей интерпретацияланады:

- Шкала 1. Қарым-қатынас мотиві: 7, 10, 14, 32.
- Шкала 2. Сәтсіздіктен қашу мотиві: 6, 12, 13, 15, 19.
- Шкала 3. Мамандыққа жоғары сұраныс мотиві: 8, 9, 29, 30, 34.
- Шкала 4. Кәсіби мотиві: 1, 2, 3, 4, 5, 26.
- Шкала 5. Шығармашылық өзін өзі жетілдіру мотиві: 27, 28.
- Шкала 6. Оқу-танымдық мотиві: 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24.
- Шкала 7. Әлеуметтік мотивтер: 11, 16, 25, 31, 33.

Тәжірибелік-эксперименттің қалыптастыру кезеңінде сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін анықтау үшін әдістемелер іріктелді. Жоғарыда таңдалған әдістемелер бойынша тәжірибелік эксперименттің нәтижесі шығарылды.

Тәжірибелік-экспериментке қатысушылардың нәтижелерін сандық талдауда арфметикалық ортаның мәндері бойынша өзгерістің сенімділігін бағалау үшін таңдамалардың қалыпты таралу заңына келетінін тексеруіміз қажет. Таңдамалардың қалыпты таралу заңына келетінін анықтау үшін Шапиро — Уилка Критерийі арқылы тексереміз.

Сандық талдау Excel бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

1 таңдама (экспериментке дейін ЭТ) бойынша $Statistics=0.832$, $p=0.083 > 0.05$ H_0 болжамы - қалыпты таралу заңы қабылданады.

2 таңдама (экспериментке дейін БТ) бойынша $Statistics=0.893$, $p=0.289>0.05$ H_0 болжамы - қалыпты таралу заңы қабылданады.

3 таңдама (эксперименттен кейін ЭТ) бойынша $Statistics=0.869$, $p=0.181>0.05$ H_0 болжамы - қалыпты таралу заңы қабылданады.

Таңдамалар сандық талдауға және де қалыпты таралу заңына сәйкес келетіндіктен тәуелді және тәуелсіз таңдамалар үшін Стьюденттің t-критериясы қолданылды.

Тәуелсіз таңдамалар үшін топтардағы сыналушылардың саны әр түрлі болғандағы Стьюденттің t-критериясы келесі формуламен есептелінді:

$$t = \frac{M_1 - M_2}{\sigma_d}, \quad \sigma_d = \sqrt{\frac{\sigma_1^2 \cdot (N_1 - 1) + \sigma_2^2 \cdot (N_2 - 1)}{N_1 + N_2 - 2}} \cdot \sqrt{\frac{1}{N_1} + \frac{1}{N_2}}$$

Мұнда N_1 және N_2 сыналушылардың жалпы саны, σ^2 дисперсиялары

Осы айырмашылықтардың сенімділігін бағалауда тәуелді таңдамалар үшін Стьюденттің t-критерийі бойынша келесі болжамдарды белгіледік.

1. H_0 : экспериментке дейін бақылау тобы мен эксперименттік топтың көрсеткіштері арасындағы статистикалық өзгерістер жоқ.

2. H_1 : экспериментке дейін бақылау тобы мен эксперименттік топтың көрсеткіштері арасындағы статистикалық өзгерістер бар;

$Statistics=0.035 < t_{кр}=2.447$, $p=0.973 > 0.05$, H_0 болжамы экспериментке дейінгі екі топтың статистикалық айырмашылығы жоқ екенін қабылдаймыз.

Тәуелді таңдамалар үшін Стьюденттің t-критериясының формуласы қолданылды:

$$t_s = \frac{|M_d|}{\sigma_d / \sqrt{N}}, \quad df = N - 1 \quad (5)$$

Мұнда M_d - мәндердің орташа көрсеткіштері; σ_d - айырмашылықтың стандартты ауытқуы.

Осы айырмашылықтардың сенімділігін бағалауда тәуелді таңдамалар үшін Стьюденттің t-критерийі бойынша келесі болжамдарды белгіледік.

1. H_0 : эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасындағы даму өзгерісі жоқ.

2. H_1 : эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасындағы даму өзгерісі бар;

$Statistics=|-3.620| > t_{кр}=2.447$, $p=0.011 < 0.05$, H_1 болжамы эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасындағы даму өзгерісі бар деген қағиданы қабылдаймыз.

Анықтау экспериментінің нәтижелерін жүргізілген сауалнама бойынша нәтижені төменде көрсетеміз. Сауалнама 11 сұрақтан тұрады. Анықтау экспериментінің сауалнамасына 116 студент қатысты. Төменде бақылау және эксперименттік топтардың салыстырмалы талдауы келтірілді.

Кесте 38 – Авторлық сауалнама

Сауалнама сұрақтары	Бақылау тобы			Эксперименттік топ		
	ж/д	о/д	т/д	ж/д	о/д	т/д
Сіздің ойыңызша зияткерлік дегеніміз не?	27,1%	20,3%	52,6%	100%	0%	0%
Зияткерліктің қандай ерекшеліктерін білесіз?	35,6%	23,7%	40,7%	98%	2%	0%
Зияткерліктің қандай түрлерін білесіз?	20,3%	76,3%	3,4%	91	9%	0%
Зияткерлік ұғымының қандай синонимдері ойлау қабілеті мен рационалды танымды білдіреді?	15,3%	16,9%	67,8%	95%	5%	0%
Зияткерлікті зерттеген қандай ғалымдар еңбектерін білесіз?	15,3%	15,3%	69,5%	100%	0%	0%
Педагогикалық үдерістегі сыни ойлау дегенді қалай түсінесіз?	8,5%	20,3%	71,2%	92%	8%	0%
Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың мәні неде?	32,2%	25,4%	42,4%	87%	13%	0%
Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы дегенді қалай түсінесіз?	22,0%	76,3%	1,7%	93%	7%	0,0%
Зияткерлікті дамытуға арналған тапсырмаларды орындау сізге қандай қиындық туғызды? Неліктен деп ойлайсыз?	15,3%	16,9%	67,8%	96%	4%	0%
Қандай пәнді оқу Сіз үшін қызықты? Зияткерлікті дамытуға арналған нақты пәнді немесе тақырыпты мысал келтіре дәлелдеңіз.	15,3%	15,3%	69,5%	93%	7%	0%
Өзіңізді зияткерлік дағдысы қалыптасқан болашақ маманмын деп ойлайсыз ба?	13,6%	16,9%	69,5%	97%	3%	0%

Сыни ойлау негізінде студенттердің зияткерлігін дамытуда нақты тапсырмаларды орындау дағдысына байланысты проблемалық жағдаяттар мен тренингтер ұсынылды. Студенттерге ұсынылған Смарт мақсат қою, цифрлы технологияларға негізделген жобаларды орындату негізінде алынған нәтижелер іс жүзінде, диссертация мазмұнына енгізіліп, қорытынды зияткерлікті дамыту жұмыстарының эксперименттік бөлімінің көрсеткіші болатынын терең түсінеді.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижесі зерттеу тақыбымыздың құрылымдық-мазмұндық моделінде берілген мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттерге негізделген көрсеткіштерді айқындайтын сауалнама қайта алынып шығарылды. Сауалнамаға эксперименттік топтың 57 студенті қатысты.

«Сіздің ойыңызша зияткерлік дегеніміз не?» атты сауалнамаға жалпы барлығының түсініктері 100% - ды құрады. Бұл көрсеткіш «Сыни ойлау технологиясы негізінде болашақ бастауыш сынып мамандарының зияткерлігін дамыту әдістемесі» атты арнайы курсты толығымен меңгергенін көрсетеді.

«Зияткерліктің қандай ерекшеліктерін білесіз?» атты сауалнамаға 98% -ы оң жауап берді. Бұдан шығатын қорытынды сабақ барысында алған білімдерін көрсететін семинарда ерекшеліктерді атап оларға мысалдар келтіре білуі дәлел болды.

«Зияткерліктің қандай түрлерін білесіз?» атты сауалнамаға 91%-ы дұрыс жауап берді. Зияткерлік ұғымына ғалымдар берген анықтамаларға салыстырмалы талдау жасай отырып, өзіндік көзқарасын білдіруі оң нәтиже ретінде саналды.

«Зияткерлік ұғымының қандай синонимдері ойлау қабілеті мен рационалды танымды білдіреді?» атты сауалнамаға 95% - ы дұрыс жауап берді. Ойлау қабілетіне зерттеген психолог ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, рационалды танымды жетік талдай білді.

«Зияткерлікті зерттеген қандай ғалымдар еңбектерін білесіз?» атты сауалнамаға да 100% - ы оң жауап берді. Бұған дәлел студенттердің ғалымдар еңбектеріне жасаған контенттік талдауларын айтуға болады.

«Педагогикалық үдерістегі сыни ойлау дегенді қалай түсінесіз?» атты сауалнамаға 92% - ы дұрыс жауап берді. Сыни ойлауды педагогикалық-психологиялық тұрғыдан талдай отырып, сыни ойлау технологиясының өзіндік ерекшеліктерін көрсете білді.

«Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың мәні неде?» атты сауалнамаға да 87% - ы оң жауап берді. Студенттер семинар сабағында және өзіндік жұмыстарында ұйымдастырған зияткерлік тапсырмаларымен байланыстыра жауап берді.

«Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы дегенді қалай түсінесіз? Мысал келтіріп дәлелдеңіз» атты сауалнамаға 93% - дұрыс жауап берді.

«Зияткерлікті дамытуға арналған тапсырмаларды орындау» сізге қандай қиындық туғызды? Неліктен деп ойлайсыз? атты сауалнамаға 96 % ие болды.

«Қандай пәнді оқу Сіз үшін қызықты? Зияткерлікті дамытуға арналған нақты пәнді немесе тақырыпты мысал келтіре дәлелдеңіз» атты сауалнамаға 93 % жауап берді.

«Өзіңізді зияткерлік дағдысы қалыптасқан маманмын» деп ойлайсыз ба? атты сауалнамаға 97% болды.

Бұдан шығатын қорытынды арнайы курс бағдарламасын іске асыруда ұсынылған тапсырмалар мен «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» әдістемелік құралы, проблемалық жағдаяттарды қолдану барысында ұйымдастырған студенттердің өзіндік жұмысы және оқытушы мен студенттің бірлескен жұмысында жақсы нәтижеге жетуінен көрініс берді.

«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқитын студенттерінің сыни ойлау негізінде зияткерлігін дамытуға даярлықтары бар екенін және оны сабақта қолдана алуын тәжірибе жүзінде дәлелдеулерінен айқын байқадық.

Эксперименттік және де бақылау тәуелсіз топтардың эксперименттен кейін статистикалық тұрғысынан айырмашылығын тексеру үшін Пирсонның χ^2 критеріі пайдаланылды.

$$\chi_{\text{ст}}^2 = 6.19$$

$q = 0,05$ мәнділік деңгейі мен еркіндік дәреже саны $v = (k-1)(c-1) = 2*1 = 2$ үшін $\chi_{\text{кр}}^2 = 5,99$ және де $p = 0.045 < 0.05$

$\chi_{\text{ст}}^2 > \chi_{\text{кр}}^2$, екі тәуелсіз топтын эксперименттен кейін статистикалық айырмашылығы бар деп қабылдаймыз.

Мазмұндық компонентке Пазухинаның әдістемесі қайтадан алынды.

Кесте 39 – Екі тәуелсіз топтардың эксперименттен кейін әрбір компонент бойынша статистикалық айырмашылығы

Компоненттер	Деңгей	Эксперименттік топ (57)		Бақылау тобы (59)	
		Студент саны	%	Студент саны	%
Кәсіби мақсат қоюда мұғалімге қажетті зияткерлік мотивтер	төмен	5	8.8	12	20.3
	орташа	18	31.6	23	39.0
	жоғары	34	59.6	24	40.7
	Жалпы көрсеткіш	57	100	59	100
Мұғалім мамандығының креативтілік зияткерлігі	төмен	7	12.3	17	28.8
	орташа	24	42.1	20	33.9
	жоғары	26	45.6	22	37.3
	Жалпы көрсеткіш	57	100	59	100
Идеал мұғалім туралы түсінік	төмен	12	21.1	21	35.6
	орташа	18	31.6	22	37.3
	жоғары	27	47.4	16	27.1
	Жалпы көрсеткіш	57	100	59	100
Педагог санасындағы зияткер оқушы бейнесі	төмен	6	10.5	15	25.4
	орташа	25	43.9	21	35.6
	жоғары	26	45.6	23	39.0
	Жалпы көрсеткіш	57	100	59	100
Педагогикалық қызметтің әртүрлі аспектілеріне зияткерлік қатынасы	50	7	12.3	14	23.7
	80	21	36.8	25	42.4
	90	29	50.9	20	33.9
	Жалпы көрсеткіш	57	100	59	100

Екі үлгінің орташа мәндерін салыстыру үшін Стьюденттің t критерийі келесі формула бойынша есептеледі:

$$t = \frac{\bar{x} - \bar{y}}{\sqrt{m_1^2 + m_2^2}}$$

$$\underline{x} = \frac{\sum f_i \cdot x_i}{n} - \text{ЭТ үшін орташа мән;}$$

$$\underline{y} = \frac{\sum f_i \cdot y_i}{n} - \text{БТ үшін орташа мән;}$$

$$m_1 = \frac{S_1}{\sqrt{N_1}} - \text{бірінші арифметикалық орта арасындағы орташа қате (ЭТ үшін);}$$

$$m_2 = \frac{S_2}{\sqrt{N_2}} - \text{екінші арифметикалық орташа қате (БТ үшін);}$$

$$S_1 = \sqrt{\frac{\sum ((x_i - \underline{x})^2 \cdot f_i)}{N_1 - 1}} - \text{ЭТ үшін стандартты (орташа квадраттық) ауытқу;}$$

$$S_2 = \sqrt{\frac{\sum ((y_i - \underline{y})^2 \cdot f_i)}{N_2 - 1}} - \text{БТ үшін стандартты (орташа квадраттық) ауытқу.}$$

1 - компонент

$$\underline{x} = \frac{\sum f_i \cdot x_i}{n} = \frac{90 \cdot 34 + 80 \cdot 18 + 50 \cdot 5}{57} = \frac{3060 + 1440 + 250}{57} = 83,33$$

$$\underline{y} = \frac{\sum f_i \cdot y_i}{n} = \frac{90 \cdot 24 + 80 \cdot 23 + 50 \cdot 12}{59} = \frac{2160 + 1840 + 600}{59} = 77,97$$

$$S_1 = \sqrt{\frac{\sum ((x_i - \underline{x})^2 \cdot f_i)}{N_1 - 1}} = \sqrt{\frac{(90 - 83,33)^2 \cdot 34 + (80 - 83,33)^2 \cdot 18 + (50 - 83,33)^2 \cdot 5}{56}} = \sqrt{\frac{1511,11 + 200 + 5555,56}{56}} = 129,76$$

$$= 11,39$$

$$S_2 = \sqrt{\frac{\sum ((y_i - \underline{y})^2 \cdot f_i)}{N_2 - 1}} = \sqrt{\frac{(90 - 77,97)^2 \cdot 24 + (80 - 77,97)^2 \cdot 23 + (50 - 77,97)^2 \cdot 12}{58}} = 14,95$$

$$m_1 = \frac{S_1}{\sqrt{N_1}} = \frac{14,52}{\sqrt{57}} = 1,51$$

$$m_2 = \frac{S_2}{\sqrt{N_2}} = \frac{14,41}{\sqrt{59}} = 1,95$$

Стьюденттің t критерийі келесі формула бойынша есептеледі:

$$t = \frac{\underline{x} - \underline{y}}{\sqrt{m_1^2 + m_2^2}} = \frac{83,33 - 77,97}{\sqrt{1,51^2 + 1,95^2}} = 2,18$$

2-компонент

$$\underline{x} = \frac{\sum f_i \cdot x_i}{n} = \frac{90 \cdot 26 + 80 \cdot 24 + 50 \cdot 7}{57} = \frac{2340 + 1920 + 350}{57} = 80,88$$

$$\underline{y} = \frac{\sum f_i \cdot y_i}{n} = \frac{90 \cdot 22 + 80 \cdot 20 + 50 \cdot 17}{59} = \frac{1980 + 1600 + 850}{59} = 75,08$$

$$S_1 = \sqrt{\frac{\sum ((x_i - \underline{x})^2 \cdot f_i)}{N_1 - 1}} = \sqrt{\frac{(90 - 80,88)^2 \cdot 26 + (80 - 80,88)^2 \cdot 24 + (50 - 80,88)^2 \cdot 7}{56}} = 12,58$$

$$S_2 = \sqrt{\frac{\sum ((y_i - \underline{y})^2 \cdot f_i)}{N_2 - 1}} = \sqrt{\frac{(90 - 75,08)^2 \cdot 22 + (80 - 75,08)^2 \cdot 20 + (50 - 75,08)^2 \cdot 17}{58}} = 16,65$$

$$m_1 = \frac{S_1}{\sqrt{N_1}} = \frac{12,58}{\sqrt{57}} = 1,67$$

$$m_2 = \frac{S_2}{\sqrt{N_2}} = \frac{16,65}{\sqrt{59}} = 2,17$$

Стьюденттің t критерийі келесі формула бойынша есептеледі:

$$t = \frac{\underline{x} - \underline{y}}{\sqrt{m_1^2 + m_2^2}} = \frac{80,88 - 75,08}{\sqrt{1,67^2 + 2,17^2}} = 2,12$$

3 - компонент

$$\underline{x} = \frac{\sum f_i \cdot x_i}{n} = \frac{90 \cdot 27 + 80 \cdot 18 + 50 \cdot 12}{57} = \frac{2430 + 1440 + 600}{57} = 78,42$$

$$\underline{y} = \frac{\sum f_i \cdot y_i}{n} = \frac{90 \cdot 16 + 80 \cdot 22 + 50 \cdot 21}{59} = \frac{1440 + 1760 + 1050}{59} = 72,03$$

$$S_1 = \sqrt{\frac{\sum ((x_i - \underline{x})^2 \cdot f_i)}{N_1 - 1}} = \sqrt{\frac{(90 - 78,42)^2 \cdot 27 + (80 - 78,42)^2 \cdot 18 + (50 - 78,42)^2 \cdot 12}{56}} = 15,44$$

$$S_2 = \sqrt{\frac{\sum ((y_i - \underline{y})^2 \cdot f_i)}{N_2 - 1}} = \sqrt{\frac{(90 - 72,03)^2 \cdot 16 + (80 - 72,03)^2 \cdot 22 + (50 - 72,03)^2 \cdot 21}{58}} = 17,00$$

$$m_1 = \frac{S_1}{\sqrt{N_1}} = \frac{15,44}{\sqrt{57}} = 2,05$$

$$m_2 = \frac{S_2}{\sqrt{N_2}} = \frac{17}{\sqrt{59}} = 2,21$$

Стьюденттің t критерийі келесі формула бойынша есептеледі:

$$t = \frac{\underline{x} - \underline{y}}{\sqrt{m_1^2 + m_2^2}} = \frac{78,42 - 72,03}{\sqrt{2,05^2 + 2,21^2}} = 2,12$$

4 - компонент

$$\underline{x} = \frac{\sum f_i \cdot x_i}{n} = \frac{90 \cdot 26 + 80 \cdot 25 + 50 \cdot 6}{57} = \frac{2340 + 2000 + 300}{57} = 81,40$$

$$\underline{y} = \frac{\sum f_i \cdot y_i}{n} = \frac{90 \cdot 23 + 80 \cdot 21 + 50 \cdot 15}{59} = \frac{2070 + 1680 + 750}{59} = 76,27$$

$$S_1 = \sqrt{\frac{\sum ((x_i - \underline{x})^2 \cdot f_i)}{N_1 - 1}} = \sqrt{\frac{(90 - 81,40)^2 \cdot 26 + (80 - 81,40)^2 \cdot 25 + (50 - 81,40)^2 \cdot 6}{56}} = 11,87$$

$$S_2 = \sqrt{\frac{\sum ((y_i - \underline{y})^2 \cdot f_i)}{N_2 - 1}} = \sqrt{\frac{(90 - 76,27)^2 \cdot 23 + (80 - 76,27)^2 \cdot 21 + (50 - 76,27)^2 \cdot 15}{58}} = 16,07$$

$$m_1 = \frac{S_1}{\sqrt{N_1}} = \frac{11,87}{\sqrt{57}} = 1,57$$

$$m_2 = \frac{S_2}{\sqrt{N_2}} = \frac{16,07}{\sqrt{59}} = 2,09$$

Стьюденттің t критерийі келесі формула бойынша есептеледі:

$$t = \frac{\underline{x} - \underline{y}}{\sqrt{m_1^2 + m_2^2}} = \frac{81,40 - 76,27}{\sqrt{1,57^2 + 2,09^2}} = 1,96$$

5 - компонент

$$\underline{x} = \frac{\sum f_i \cdot x_i}{n} = \frac{90 \cdot 29 + 80 \cdot 21 + 50 \cdot 7}{57} = \frac{2610 + 1680 + 350}{57} = 81,40$$

$$\underline{y} = \frac{\sum f_i \cdot y_i}{n} = \frac{90 \cdot 20 + 80 \cdot 25 + 50 \cdot 14}{59} = \frac{1800 + 2000 + 700}{59} = 76,27$$

$$S_1 = \sqrt{\frac{\sum ((x_i - \underline{x})^2 \cdot f_i)}{N_1 - 1}} = \sqrt{\frac{(90 - 81,40)^2 \cdot 29 + (80 - 81,40)^2 \cdot 21 + (50 - 81,40)^2 \cdot 7}{56}} = 12,74$$

$$S_2 = \sqrt{\frac{\sum ((y_i - \underline{y})^2 \cdot f_i)}{N_2 - 1}} = \sqrt{\frac{(90 - 76,27)^2 \cdot 20 + (80 - 76,27)^2 \cdot 25 + (50 - 76,27)^2 \cdot 14}{58}} = 15,41$$

$$m_1 = \frac{S_1}{\sqrt{N_1}} = \frac{12,74}{\sqrt{57}} = 1,69$$

$$m_2 = \frac{S_2}{\sqrt{N_2}} = \frac{15,41}{\sqrt{59}} = 2,01$$

Стьюденттің t критерийі келесі формула бойынша есептеледі:

$$t = \frac{\underline{x} - \underline{y}}{\sqrt{m_1^2 + m_2^2}} = \frac{81,40 - 76,27}{\sqrt{1,69^2 + 2,01^2}} = 1,96$$

$$t_{cp} = (2,18 + 2,12 + 2,12 + 1,96 + 1,96) / 5 = 2,07$$

Кесте 40 – Тәуелсіз топтардың эксперименттен кейін статистикалық көрсеткіштері

Компонентер	Тәуелсіз топтардың эксперименттен кейін статистикалық көрсеткіштері			
	$P_{кр}$	$\chi^2_{кр}$	$P_{ст}$	$\chi^2_{ст}$
Кәсіби мақсат қоюда мұғалімге қажетті зияткерлік мотивтер	0,05	5.99	0.012	8.882
Мұғалім мамандығының креативтілік зияткерлігі	0,05	5.99	0.015	8.340
Идеал мұғалім туралы түсінік	0,05	5.99	0.008	9.711
Педагог санасындағы зияткер оқушы бейнесі	0,05	5.99	0.023	7.566
Педагогикалық қызметтің әртүрлі аспектілеріне зияткерлік қатынасы	0,05	5.99	0.025	7.414

Кестеде көрсетілген мағлұматтарға қарап екі тәуелсіз топтардың эксперименттен кейін әрбір компонент бойынша статистикалық айырмашылығы бар деп қабылдаймыз.

Джонсон креативтілік сауалнамасы шығармашылық деңгейіңізді немесе қаншалықты креативті зияткер тұлға екеніңізді бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл сауалнама өзін-өзі бағалауды анықтауға көмектеседі.

Студенттердің зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыс жүйесін енгізудің тиімділігін талдау, сонымен қатар оның жұмыс істеу шарттары студенттердің шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейіндегі сандық және сапалық өзгерістерді байқауға мүмкіндік береді, бұл оның табысты жүзеге асуының көрсеткіші.

Кесте 41 – Джонсон креативтілік сауалнамасы (бейімделген нұсқасы)

Студенттердің креативтілік деңгейі	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
	Эксп кейін	Эксп кейін
Өте төмен	0.5%	18.8%
Төмен	0.6%	24.3%
Орташа	5.1%	28.6%
Жоғары	43.5%	12.8%
Өте жоғары	50.3%	15.5%

H_0 студенттерде дағдылар қалыптаспайды

H_1 студенттерде дағдылар қалыптасады

$$\begin{aligned} \chi^2 &= \frac{(0.5 - 18.8)^2}{0.5 + 18.8} + \frac{(0.6 - 24.3)^2}{0.6 + 24.3} + \frac{(5.1 - 28.6)^2}{5.1 + 28.6} + \frac{(43.5 - 12.8)^2}{43.5 + 12.8} + \frac{(50.3 - 15.5)^2}{50.3 + 15.5} \\ &= \frac{334.89}{19.3} + \frac{561.69}{24.9} + \frac{552.25}{33.7} + \frac{942.49}{56.3} + \frac{1211.04}{65.8} \\ &= 17.35 + 22.56 + 16.39 + 16.74 + 18.40 = 91.44 \end{aligned}$$


$$x^1 = 91.44$$

$$x_{0,05}^2 = 9.49$$

$$x^1 > x_{0,05}^2$$

$$91,44 > 9,49$$

Осылайша, жұмыс жүргізу кезінде студенттердің дағдылары қалыптасатынын көреміз.



Сурет 46 – Джонсон креативтілік көрсеткіші (эксперименттен кейін)

Эксперименттік және де бақылау тәуелсіз топтардың эксперименттен кейін статистикалық тұрғысынан айырмашылығын тексеру үшін Пирсонның χ^2 критеріі пайдаланылды.

$$\chi_{ст}^2 = 10.73$$

$q = 0,05$ мәнділік деңгейі мен еркіндік дәреже саны $v = (k-1)(c-1) = 4 * 1 = 4$ үшін $\chi_{кр}^2 = 9,49$ және де $p = 0.03 < 0.05$

$\chi_{ст}^2 > \chi_{кр}^2$, екі тәуелсіз топтын эксперименттен кейін статистикалық айырмашылығы бар деп қабылдаймыз.

Кесте 42 – Калашникованың рефлексияның қалыптасу сауалнамасы

Студенттердің рефлексия деңгейі	Эксперименттік топ	
	Эксп дейін	Эксп кейін
Төмен	48.9%	0,6 %
Орташа	32.4%	19.5 %
Жоғары	18.7%	79,9 %

H_0 студенттерде дағдылар қалыптаспайды

H_1 студенттерде дағдылар қалыптасады

$$\chi^2 = \frac{(0,6 - 48,9)^2}{0,6 + 48,9} + \frac{(19,5 - 32,4)^2}{19,5 + 32,4} + \frac{(79,9 - 18,7)^2}{79,9 + 18,7} = \frac{2332,89}{49,5} + \frac{166,41}{51,9} + \frac{3745,44}{98,6} = 47,1 + 3,2 + 38 = 88,3$$


$$\chi^1 = 88,3$$

$$\chi_{0,05}^2 = 5,99$$

$$\chi^1 > \chi_{0,05}^2$$

Осылайша, жұмыс жүргізу кезінде студенттердің дағдылары қалыптасатынын көреміз.

$$88,3 > 5,99$$



Сурет 47 – О.В.Калашникованың «Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау» диагностикалық картасы

Эксперименттік және де бақылау тәуелсіз топтардың эксперименттен кейін статистикалық тұрғысынан айырмашылығын тексеру үшін Пирсонның χ^2 критеріі пайдаланылды.

$$\chi_{ст}^2 = 7,46$$

$q = 0,05$ мәнділік деңгейі мен еркіндік дәреже саны $v = (k-1)(c-1) = 2 * 1 = 2$ үшін $\chi_{кр}^2 = 5,99$ және де $p = 0,024 < 0,05$

$\chi_{ст}^2 > \chi_{кр}^2$, екі тәуелсіз топтын эксперименттен кейін статистикалық айырмашылығы бар деп қабылдаймыз.

Кесте 43 – Эксперименттік және бақылау топтарының салыстырмалы көрсеткіштері (% есебімен)

Компоненттер	экспериментке дейін	эксперименттен кейін
Мотивациялық	23,2 %	94,72 %
Мазмұндық	28,3 %	93,8 %
Іс-әрекеттік	56,1 %	99,4 %

Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі нәтижесінің қорытынды диаграммасын 48 – суретте бейнелейміз.



Сурет 48 – Эксперименттік топтың экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижесінің диаграммасы

H_0 студенттерде дағдылар қалыптаспайды

H_1 студенттерде дағдылар қалыптасады

$$\chi^2 = \frac{(90 - 47,8)^2}{90 + 47,8} + \frac{(46,9 - 14,15)^2}{46,9 + 14,15} + \frac{(49,7 - 25,55)^2}{49,7 + 25,55} = \frac{1780,84}{137,8} + \frac{1072,6}{61,05} + \frac{583,2}{75,25} = 13 + 17,6 + 7,8 = 38,4$$

$$\chi^1 = 38,4$$

$$\chi_{0,05}^2 = 5,99$$

$$\chi^1 > \chi_{0,05}^2$$

Осылайша, жұмыс жүргізу кезінде студенттердің дағдылары қалыптасатынын көреміз.

$$38,4 > 5,99$$

Қорыта келе, Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту даярлығы жүйелі ұйымдастырылған жұмыстың барысында теориялық талдауларға сүйене отырып, дайындалған арнайы курс бағдарламасы мен әдістемесі негізінде алдымызға қойған болжамның дұрыстығы дәлелденді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бастауыш сынып мұғалімдерінің қызметі бүгінгі таңда көп салалы, интегралды және көп жоспарлы болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда әлемдік білім стандарттарына сәйкес жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің бәсекеге қабілеттілігі мен білім сапасын арттыру басты мақсат болып табылады. Себебі, еліміздегі білім саласындағы өзгерістердің тетігі болып табылатын жеке тұлғаның сыни ойлауы мен зияткерлігі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке сапалы даярлығы мен құзыреттілігінің басты механизмі ретінде алға шығады. Сондықтан ЖОО-да оқыту үдерісінің басым бағыты ретінде сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту мәселесін зерттеу нысаны адамның ақыл-ойы мен шығармашылығымен байланыстырыла қарастырылады. Жүргізілген зерттеу бірқатар қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

1. Жоғары оқу орнында сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту мәселесінің психологиялық-педагогикалық негіздері қарастырылып, ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар негізінде теориялық тұрғыда негізделеді. Психологтардың ғылыми еңбектерінде сыни ойлауға негізделген психологиялық даярлықтың басым бағыттары талданады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін психологиялық, педагогикалық тұрғыда даярлаудың жағдайлары, ойлау процесінің құрылымы мен динамикасына негізделген ойлау іс-әрекеті процесінің кезеңдері, ақыл-ойдың дамуы рефлексиямен байланысты қарастырылып, екі бағытта бірінші – ақыл-оймен парасатты іс-әрекет, екінші – зейінділік ретінде интеллектуалды іс-әрекеттің белгілерімен сипатталады. Креативті тұлғаның интеллектуалдық және тұлғалық ерекшеліктерінің кешені, білім алушылардың интеллектуалды тұлғасының (БИТ) құрылымы интеллектуалды: жалпы, әлеуметтік, эмоционалды (әсершіл), тәжірибелік түрлерінің жіктелген нұсқасы тұлға әлеуетінің көріну және даму факторларын сипаттайтын көрсеткіші ретінде алынады.

2. Философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектердегі «зияткерлік», «сыни ойлау» ұғымдары кешенді және жүйелі зерттеу нәтижесінде нақтылануымен мәні мен мазмұны ашылып сипаттама беріледі. Сыни ойлаудың кезеңі, қадамы және дағдылары, стратегиялары, құрылымы айқындалады. Зияткерлік туралы ғылыми көзқарастар ұзақ тарихи кезең бойы қалыптасқаны «пайымдау», «зерде», «ақыл», «ұғыну» сияқты синонимдік ұғымдардың жиі қолданылуымен қатар зияткерлік ұғымы да философияның ортақ категориясы қатарына жатқызылып, зияткерлік ұғымының жіктелуі беріледі. Ақыл-ой, парасат сияқты дәстүрлі философиялық ұғымдарды ұсынуға бағыттанып, зияткерлік субъектінің аталған ақыл-ой мүмкіндіктерінің интегралдық тұтастығы ретінде қарастырылып, «зияткерлік», «сыни тұрғыдан ойлау» ұғымдарына анықтамамыз берілді.

3. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің

зияткерлігін дамытудың ерекшеліктері шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектеріне сүйеніп айқындалады. Психолог, педагог, ғалымдардың зерттеулерінің қорытынды ой-пікірлеріне негізделіп, студенттерді сыни ойлауға жетелейтін, шығармашылық тапсырмаларды зерттеу жұмысына ұластыратындай, пәннің міндеттеріне сәйкес кәсіптік іс-әрекетке даярлауда рефлексияның жеке тұлғалық-мазмұндық, коммуникативтік, интеллектуалдық анықталған типтеріне сәйкес құрастыру көзделеді. Сыни ойлау негізіндегі зияткерлік теориялық білім негізінде қалыптасатындықтан мақсатты қою, жоспарлау, болжам жасау, шығармашылық тапсырманы орындауда, өзіндік жаңа білім алуға деген қабілеттілік іске асады, өйткені басты нәтиже «интеллектуалдық өнім» шығармашылық, креативтілік ойлау барысында туындайтыны зерделенеді.

4. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың жүйелілік, тұлғалық іс-әрекеттік, пәндік, синергетикалық, акмеологиялық тұғырларын негізге ала отырып, студенттердің сыни ойлауда өзін-өзі басқаруы, ұйымдастыруы мен жүзеге асыруға қойылатын талаптар түрінде студенттердің зияткерлігін дамытудың ғылымилық, саналы және шығармашылық белсенділік; оқудағы жүйелілік, бірізділік; студенттердің өздігінен білім алуы; оқытудағы қол жеткен, тәжірибесі; оқыту нәтижелерінің беріктігі, саналы және пәрменділігі; оқытудың оң эмоционалдық аясы басшылыққа алынған құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Ұсынылған модель сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың өлшемдері мен көрсеткіштері сүйенілген оқыту үдерісінің өзара байланыстағы және өзара тәуелділіктегі мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттердің мазмұнымен анықталады.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың тиімділігін эксперименттік тексеруден өткізу 5B010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3-курс студенттеріне арналған «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» атты арнайы курсы мен дайындалған әдістемесі факультативтік сабақ ретінде ұйымдастырылды. Арнайы курсты ұйымдастыру барысында дайындалған тренингтер топтамасымен педагогикалық жағдаяттардан құрастырылған әдістемелік құралын пайдаланып, студенттердің зияткерлігін дамытуға мүмкіндік туғызылды. Қалыптастырушы эксперимент барысында алынған эксперименттік топтағы көрсеткіштер бойынша сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамытуға тиісті компоненттерінің деңгейі анықтаушы кезеңдегіден әлдеқайда жоғары болды. Жүргізілген математикалық-статистикалық өңдеу алынған нәтижелердің дұрыстығын көрсетті, бұл біздің әдістемелік қамтамасыз етуіміздің тиімділігін көрсетеді. Жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысының тиімділігі ретінде сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың әдістемесінің айтарлықтай нәтижелі болғандығына көз жеткізеді.

Сонымен, Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың әдістемесі біз ұсынған құрылымдық-мазмұндық моделі негізінде жүзеге асырылса, онда бұл студенттердің білім сапасын арттырады,

өйткені қажетті әдістеме арқылы жүзеге асырылып, алға қойған болжамымыз расталды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалады:

- жоғары педагогикалық оқу орындарында сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың, оқыту үдерісінде кәсіби іс-әрекетті меңгертуде әдістемелік тұрғыда қарастырып оқытушылармен арнайы дайындықтар ұйымдастыру;

- сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда сыни ойлау технологиясы мен оқытудың заманауи технологияларын ақпараттық ресурстарды іздестіру мен жинақтауда, интернет платформаларын, тиімді пайдаланудың жолдарын жоғары оқу орны оқытушыларының осы бағыттағы жұмыстарды мақсатты жүргізулерін қамтамасыз ету;

- жүргізілген ғылыми-зерттеуіміздің негізінде дайындалған «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» атты арнайы курсы мен оны іске асыратын әдістеменің теориялық және практикалық маңыздылығын ескере отырып пайдалану, 5B010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттеріне, магистранттарына дәріс оқуда, семинар сабақтарын өтуде пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру.

Аталған зерттеу нәтижелері болашақта жоғары педагогикалық оқу орындарында мамандар даярлау мәселесіне арналған жұмыстарды жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады, - деп есептейміз.

Зерттеу мәселесі күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын жеткілікті дәрежеде қамту мүмкін емес, сондықтан қарастырылып отырған мәселе толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Болашақта бастауыш сынып мұғалімдерін бұл бағытта дайындау мәселесін кәсіби практикалық тәжірибемен тығыз байланыста қарастырып, оқу-танымдық іс-әрекетті жетілдіру, - қажет деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы, №988 Жарлығы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> 20.01.2020.
- 2 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы, №604 бұйрығы.
- 3 Ел бірлігі Доктринасы https://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-el-birligi-doktrinasu_a2263392 23.01.2020.
- 4 Мотрошилова Н.В. Диалектика в философии Гераклита. История философии. Запад-Россия-Восток. Философия древности и средневековья. - М.:Греко-латинский кабинет, 1995. - Книга 1. - С. 61-66.
- 5 Анология Сократа, Критон, Ион, Протагор: пер. с древнегреч. Платон / под ред. А.Ф. Лосева. - Брянск: Мысль, 1999. - 864 с.
- 6 Платон // Собр.соч.: в 4 т. / пер. Вл.С.Соловьева. - М.: Мысль, 1990. - Т. 1. - 200 с.
- 7 Аристотель // Соч.: в 4 т. - М., 1975. - Т. 1. - 356 с.
- 8 Brenet Jean-Baptiste. Je fantasme: Averroès et l'espace potentiel. - Lagrasse: Editions Verdier, 2017. - Vol. 1. - 138 p.
- 9 Гольбах П.А. Избранные произведения: в 2 т. / пер. с фр. П.А.Гольбах. - М.: Мысль, 1963. - Т. 2. - 563 с.
- 10 Кант И. Критика чистого разума. Гиганты мысли / пер.с нем.; предисл. И.Евлампијева. - М.: Эксмо; СПб.: Мидгард, 2007. - 1120 с.
- 11 Анаксагор. История западной философии и ее связи с политическими и социальными условиями от античности до наших дней. - 5-е издание. - Новосибирск: Сиб.университетское издательство, 2007. - С. 100-102.
- 12 Гегель Г.В.Ф. Энциклопедия философских наук: в 2 т. - М.: Мысль, 1974. - Т. 1. - 452 с.
- 13 Sumner W. Challenge of facts and other essays. - New Haven, 1914. - 450 p.
- 14 Поппер К. Логика научного исследования. Мыслители XX века / пер. с англ.; под общ. ред. В.Н. Садовского. - М.: Республика, 2004. - 447 с.
- 15 Бине А. Измерение умственных способностей / пер. с фр. - СПб.: Союз, 1998. - 432 с.
- 16 Айзенк Г.Ю. Интеллект: новый взгляд // Вопросы психологии. - М., 1995. - №1. - С. 111-131.
- 17 Пиаже П. Психология интеллекта // Избр. психол. труды. - М., 1969. - 486 с.
- 18 Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта <http://www.psvchology-online.nctk> 19.04.2007.
- 19 Стернберг Р. Интеллект, приносящий успех / пер с англ. - Минск: Попурри, 2000. - 368 с.
- 20 Gardner H. Frames of mind: the theory of multiple intelligence. -

Heinemann, 1983. – 294 p.

- 21 Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. – Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.
- 22 Баласағұн Ж. Құтты білік / ауд. А. Егеубаев // Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. - Астана: Аударма, 2005. - Т. 5. - Б. 230-264.
- 23 Уәлиханов Ш. Собрание сочинений. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1962. – 129 с.
- 24 Құнанбаев А. Шығарма-р: екі томдық. - Алматы: «Жазушы» баспасы, 1995. – Т. 2. - 335 б.
- 25 Нысанбаев Ә. Философия. - Алматы, 2005. -136 б.
- 26 Gottfredson L.S. Mainstream Science on Intelligence // Wall Street journal. – 1994. - №1. – P. 10.
- 27 Mohammad R., Hooshang Kh., Esmail Z. The Impacts of Emotional Intelligence Enhancement on Iranian Intermediate EFL learners Writing Skill // International Journal of Instruction. - 2018. – Vol. 11, №1. – P. 437-452.
- 28 Karim H., Nerina C., Neil Anderson Seyed A. Multiple Intelligences, Motivations and Learning Experience Regarding Video-Assisted Subjects in a Rural University // International Journal of Instruction. - 2018. - Vol. 11, №1. – P. 167-182.
- 29 Гальперин П.Я. Умственное действие как основа формирования мысли и образа // Вопросы психологии. - М., 1957. - №6. - С. 58-69.
- 30 Рубинштейн С.Л. Психология индивидуальных различий. - М.: ЧсРо, 2000. - 776 с.
- 31 Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. - Изд. 2-е. - СПб.: 1 Хитер, 2001. - 272 с.
- 32 Богоявленская Д.Б. Психология творческих способностей: учеб. пос. для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Академия, 2002. - 320 с.
- 33 Холодная М.А. Психология интеллекта. Парадоксы исследования. - СПб.: Питер, 2002. - 272 с.
- 34 Намазбаева Ж.Ы. Жалпы психология: оқулық ҚР білім және ғылым министрлігі. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ Психология институты, 2006. – 296 б.
- 35 Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері: оқулық – Алматы: Алла прима, 2012. – 207 б.
- 36 Шеръязданова Х.Т. Психологические основы профессиональной подготовки педагогов и психологов дошкольного образования: автореф. ... док. психол. наук. – Алматы, 1999. – 47 с.
- 37 Сангилбаев О.С. Зейін қасиеттерін дамытудың теориялық әдіснамалық негіздері: псих. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2008. - Б. 47-51.
- 38 Пірәлиев С.Ж., Иманбаева С.Т., Хан Н.Н., Намазбаева Ж.Ы., Ермағанбетов М.Е., Оразбаева Ш., Калиева С.И., Нарикбаева Л.М., Берікханова А.Е. Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы // Сб.науч.тр. – Алматы: Издательство «Ұлағат» КазНПУ им. Абая, 2012. – 297 б.
- 39 Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы: Абай ат.

ҚазҰПУ, 2006. – 144 б.

40 Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 360 б.

41 Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. док. ... дис.: 13.00.01. - Алматы, 2009. – 157 б.

42 Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері. – Алматы, 2010. – 344 б.

43 Нұржанова С.А. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ мамандардың креативті ойлауын қалыптастырудың педагогикалық - психологиялық негіздері. – Астана, 2010. – 157 б.

44 Жанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері. – Алматы, 2010. – 287 б.

45 Кенжебаева Т.Б. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 170 б.

46 Аширбаева Н.Н. Арнайы әскери мектептерде оқушылардың зияткерлігін дамытудың педагогикалық шарттары: филос. док. (PhD) ... дис. – Қызылорда, 2016. – 194 б.

47 Кенжебаева К.С. Болашақ педагогтардың әлеуметтік интеллектісінің дамуындағы психологиялық ерекшеліктер: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2015. – 192 б.

48 Туралбаева А.Т. Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 146 б.

49 Умирбекова А.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2018. – 180 б.

50 Мошқалов А.Қ. Студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде өзін-өзі шығармашылықпен дамытуы: филос. док. ғыл. ... дис. – Астана, 2013. – 138 б.

51 Жанқұл Т.Қ. Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2017. – 189 б.

52 Нургалиева М.Е. Студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттары: филос. док. ғыл. ... дис. – Павлодар, 2019. – 149 б.

53 Ахатаева Ұ.Б. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау: филос. док. ғыл. ... дис. – Алматы, 2021. – 173 б.

54 Заир-Бек С. Муштавинская: Развитие критического мышления на уроке: пособие для учителей.– ФГОС; Издательство: Просвещение, 2011.–223 с.

55 Темпл Ч., Стилл Дж, Мередит К. Сабақтарды жоспарлау және бағалау. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген VI – кұрал. - Алматы, 1998. – 55 б.

- 56 Клустер Д. Что такое критическое мышление? // Критическое мышление и новые виды грамотности. – М.: ЦГЛ, 2005. – С. 5- 13.
- 57 Халперн Д. Психология критического мышления / пер. Н.Мальгина, С.Рысев, Л.Царук. - Изд. 4-е международное. – СПб.: Питер, 2000. – 512 с.
